

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

**ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНДАҒЫ ҰЛЫ ТҰЛҒАЛАР**

*Студенттік топтар кураторларына көмек ретінде*

**3-кітап**

2-ші басылым, өңдел. және толық.

ӘОЖ 94(574)=512.122  
КБЖ 63.3 (5 Каз)=632.4  
Қ 18

**ҚР ҰҒА академигі А.М. Ғазалиевтің редакциясымен.**

**Құрастырушы авторлар:** Байжабагинова Г.А., Матвеевкова Л.Г., Волкова А.В., Сламбекова А.К., Марченко К.С., Жұмақанова Ұ.С., Нұғман Б.Ғ., Ошанов Н.З., Мақалақов Т.Ж., Даниярова А.Е., Әбдірахманова А.А., Түсіпбеков Ж.А., Сүлейменова М.Ж., Огольцова Е.Г., Тілеуғабылова Қ.С., Сәрсенбеков Н.Ж., Тұяқова А.Е., Шаймұханова С.Д., Байпелова Г.С., Нұрлигенова З.Н.

Қ 18 **Қазақстан тарихындағы ұлы тұлғалар.** Студенттік топтар кураторларына көмек ретінде. 3-кітап / ҚР ҰҒА академигі А.М.Ғазалиевтің редакциясымен. – 2-ші басылым, өңдел. және толық. - Қарағанды: Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті баспасы, 2011. – 120 б.

Жинақ Қазақстан тарихындағы ұлы тұлғалар және олардың ролі туралы баяндайтын мақалалардан тұрады. Жинақ материалдары кураторларға Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың өнегесінде патриоттық тәрбиелеу Тұжырымдамасын жүзеге асыру шеңберінде кураторлық сағаттар мен басқа да іс-шараларды дайындау үшін ұсынылады.

ӘОЖ 94(574)=512.122  
КБЖ 63.3 (5 Каз)=632.4

© Қарағанды мемлекеттік  
техникалық университеті, 2011

## Кіріспе

Қоғам қалай және қайтіп дамиды? Тарихты кім немесе не жасайды? Осы сұрақтарға философтар мен тарихшылар, социологтар мен политологтар бірге жауап іздеуге талпынады, бірақ ортақ пікірге келе алмайды.

«Тарих – бұл табиғи тарихи процесс», - деп тұжырымдайды біреулер. «Тарих – саясатшылар әрекетінің нәтижесі», - деп санайды басқалары. «Тарих – кездейсоқ оқиғалар ісі», - деп үшіншілері олармен келіспей жатады. Дегенмен, әдетте, бәрінің бір мәселеге көзқарасы ортақ – тұтас адамзат қоғамының тарихында да, жеке алғанда ұлттар қоғамының тарихында да басты рөлді ұлы тұлғалар атқарады.

Ұлы тұлғалар – өздерінің саяси немесе рухани еңбегі арқылы қоғам қажеттіліктерін анағұрлым толық қанағаттандыра алып, оның дамуына айтарлықтай әсер еткен, атқарған қызметі өз мемлекетінің аясынан шығып, бүкіл әлемге пайдасын тигізіп, баршаға әйгілі болған адамдар. Сондықтан кез келген мемлекет тарихы ұлы тұлғалар ісінің призмасы арқылы анағұрлым айқын, әрі әсерлі көрінетіні тегін емес. Оның үстіне, тарихтың өзі де кейде осы тұлғалармен сәйкестендіріледі.

Өз заманындағы ұлы тұлғалардың өмірі мен қызметін зерделеу мәселесі ерекше мәнге ие болмақ, егер осы адамдар тек тарихты жасап қана қоймай, сонымен бірге сол қоғамның мәдени құндылықтарын, адамгершілік принциптері мен дәстүрлерін бойында сақтап, оның жетекшісі бола білген жағдайда.

Өздерінің ұлы бабаларының даңқты тарихына ортақ еткізу адам баласының өз еліне, оның ұлы тарихына, оны жасаған ұлы тұлғаларға деген мақтаныш сезімін қалыптастырады. «Біздің бабаларымыз қазіргі Қазақстанның ұлан байтақ даласын қорғап, төл мәдениетін сақтап, өмірді түйсіну мен танудың ерекше түрін бізге мұра етіп қалдырды. Бұл дала халқының бостандық сүйе білуі мен айбындылығы тарихтың қатал кезеңдерінде де жоғалтылмай, ата-бабаларымыз біз үшін сақтай алды», - деп Н.Ә.Назарбаев Л.И.Гумилев атындағы Еуразиялық Ұлттық университеттің студенттері алдындағы өзінің дәрісінде атап көрсетті (Казахстанская правда, 2007, 27 мамыр).

Сонымен, Қазақстан тарихындағы ұлы тұлғалардың өмірлік қызметінің тарихы қазақстандық отаншылдықты қалыптастыру факторларының бірі болып табылады.

Ұсынылып отырған жинақта Қарағанды мемлекеттік техникалық университетінің оқытушылары дайындаған, ұлы тарихи тұлғалар және олардың Қазақстанның тарихы мен мәдениетіндегі рөлі туралы баяндайтын материалдар берілген. Бұл материалдар кураторларға «Қазақстан тарихындағы ұлы тұлғалар» тақырыбында кураторлық сағаттар дайындау және өткізу кезінде ақпараттық көмек береді.



## Болашаққа сеніммен

*Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің депутаты  
Рогалев В.*

Мемлекет Басшысы ата-мекені Шамалған ауылына барған бір сапарында, өзінің туған, оқып, өмірге жолдама алған жеріне барған әрбір адам ерекше сезімде болатыны туралы айтты. Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың адамдармен қарым-қатынасындағы адалдығы таң қалдырады, себебі жоғары саптағы саяси қайраткерлердің өз сезімін білдіруі деген сирек кездеседі. Ал біздің Президентіміз бұл ортада қалыптасқан қағидаларға мүлдем сай келмейді: ол күлсе, шын ықыласымен күледі, сынаса, ісің үшін сынайды, дос болса, бар жанын береді.

Егер біз мемлекет басшысына ұқсағымыз келсе, ол - біздің жүргізіліп отырған реформаны қолдағанымыз, ел басының әр түрлі мәселелерге деген көзқарасы мен оларды шешу амалдарына ортақтасқанымыз, егеменді республиканың динамикалық дамуына бағыт алғанымыз. Сондықтан да қазақстандықтар әлемдік деңгейде олардың мүддесін кім қорғайтынына, барлық ұлттар арасында келісім мен достық, бейбітшілік орнаған елдегі әрбір шешімнің қабылдануына, сондай-ақ барлық болып жатқан процестерді кім қадағалайтынына немқұрайлы қарамайды.

Иә, біз бәріміз бүгін алаңсыз жұмыс істеп, өзіміздің балаларымызды өсіріп, достарымызбен кездесіп, қысқасын айтқанда, қалыпты өмір сүре аламыз. Мен өзімнің туған қалам - Қарағандыға келген кезде, менің жүрегімде бір ерекше жылы сезім ұялайды. Бірақ кей кезде өзімнің ата-анам айтқан, өткен жылдардың тарихы еріксіз еске түседі. Менің отбасымның тағдыры репрессияның қатты ызғары тоңдырған және Қазақстан олар үшін нағыз отаны болған бірнеше мыңдаған отбасылар тағдырына ұқсас қой.

“...Қазақ даласының қар басқан жазықтарымен темір жол бойындағы бір шағын бекеттен екінші шағын бекетке қайғылы қара бау сияқты поезд баяу жылжып келеді. Жиырма шақты, ара-арасын жел үрлеп тұрған «бұзау таситын вагондарда» айдалғандардың кезекті тобын әкеле жатыр. Адамдар өздерін «халық жауларының» әйелдері мен балалары деп жариялап, туған жерлерінен беймәлім жаққа жөнелткен сәттен бастап күн санаудан да адасты. Осындай азапқа шыдамай өлгендерді жерлеуге жедел уәкілдің ерекше өкіміне дейін рұқсат етілмеді. Осылайша мәйіттер осы «ерекше өкім» - келесі желілік станцияға дейін келетін. Сөйтіп, бір тағдыр және бір таңбамен біріктірілген тірілер мен өлілер бірге келе жатты.

Міне, тағы да тежегіштерін зарлата сықырлатып поезд тоқтады. Иттердің үргені мен айдауылдардың айқайы естілді. Адамдар бұған мүлдем көңіл аударар емес, себебі әрбір станцияда оларды осындай «күрметті» эскорт қарсы

алатын. Сәлден кейін: «Заттарыңды алыңдар! Барлығың вагондардан шығыңдар!» деген бұйрық естілді. Қызыл әскерлердің найзалары жарқ-жүрк етіп, жүлқынған төбеттер қаттырақ үре бастады, сосын қоршалған перронға әрең-әрең адамдар шыға бастады. Міне мынау – белгіленген станция – Қазақстан. Қарағанды. Қарлаг.

Таяу жерде, солдаттар шегінің артында қазақ әйелдері тұр. Олар мұндай поездді бірінші рет қарсы алып тұрған жоқ, айдаумен келгендерге қол ұшын беріп, барынша көмектерін аямайды. Адамдардың қандай қиындықпен жүріп келе жатқанын көріп, балалардың жылағаны мен аурулардың ыңқылын естіген олар айдауылдарға айқай салды:

- Әй, бала, винтовканды түсір! Бізді өткіз, адамдарға көмектесуге мұрша бер!

Жас лейтенант қарсы болды:

- Бізге түгендеп, қоныстануға орналастырғанша ешкімді «халық жауларына» жіберуге болмайды.

- Жаулар дегенің кімдер? – деп барлығы бірге жамырап, қайта сөйледі әйелдер.

– Мына кішкентай балалар ма?

- Бәрібір болмайды. Былай кетіңдер. Күтіндер, - деп қатты жауап берді командир.

Барлық жөн-жосықтан өткен соң ғана адамдарға өздерінің қарапайым үй бұйымдарын алып, күн сайын комендатурада белгілене жүріп, тақыр далада орналаса бастауға мүмкіндік берді. Осы жан түршігерлік поездді қарсы алған әйелдердің әрқайсысы мүмкіндіктерінше бақытсыз, аш-жалаңаш, дәрменсіз жер ауғандарға қолынан келген көмегін жасады. Олар бірге жер төле қазып, соңғы тілім нандарын бөлісіп жеді. Бұл мейірімділікті адамдар миллиондаған қазақтарды ғайыпқа әкеткен және туған жерлерін тастап кетуге мәжбүр еткен өткен жылдардың үрейлі аштығынан әлі айыға қоймағанына қарамастан жасады.

Осылайша қолдарындағы кішкентай балаларымен, құжатсыз, тамақсыз және қаражатсыз менің әжем, әкем, оның аға-інілері мен апа-қарындастары қаһарлы 1938 жылы Сібірден жер аударылып, Қазақстанда екінші отанға ие болды.

Алғаш жер кепе салынған, менің аға-інілерім мен апа-қарындастарым туып-өскен Қарағандыда біздің балаларымыз бен немерелеріміздің жас ұрпақтары өсіп келеді. Қазақ халқының достығы мен көмегінің арқасында менің барлық туыстарым білім алып, әр түрлі өндірістік, мемлекеттік лауазымдарда жұмыс істеді, әрі жұмыс істеп келеді. Қазақтардың жылы шырайлығы, қонақжайлылығы мен кеңпейілдігі бізге Қазақстан Республикасының тең құқықты азаматтары болуға мүмкіндік берді. Мұндайды ұмыту мүмкін емес, өйткені біздің тамырымыз бір, тарихты да бәріміз бірлесіп әр күн және сағат сайын жазамыз.

Біз өзіміздің ортақ үйіміздегі бейбітшілік пен тыныштықты сақтау үшін бәрін жасаймыз. Біздің Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың басшылығымен Қазақстан өзінің гүлдену жолын сенімді жалғастыратынына күмән жоқ.

*«Казахстанская правда», 2009, 20 қазан*



## Шынайы, берік достық моделі

*Қазақстан Республикасы  
Парламенті Сенатының депутаты,  
«Нұр Отан» ХДП Саяси Кеңесінің мүшесі  
Баибаков А.*

Қазақстандық үйлесімдікті қалыптастыру – ұлттық саясаттың маңызды стратегиялық міндеттерінің бірі. Бүгін республика тұрғындары жаңа қауымдастық - Қазақстан халқының қалыптасуы үшін тек бір әлеуметтік, саяси, экономикалық, құқықтық және мәдени кеңістікке жату жеткіліксіз, сондықтан азаматтарды біріктіретін рухани процестерге қатысу қажет екенін түсінеді.

Тарихта халқы ортақ үмітімен бірігіп, ең ауқымды деген жобаларын іске асырып жатқан шақта мемлекет зор табыстарға жетіп, күшейе түсетіні көп кездеседі. Ауыртпалық кешкен және жаңа мемлекеттілікті құру, тұрақтылықты сақтау мен нығайту үшін күрескен жылдар Қазақстан халқын жақындастырудың нақты негізі болды. Шынында да, біздің республикамыз конфессионалдық алуан түрлілігімен ерекшеленетін аздаған мемлекеттердің қатарына кіреді.

Бір кездері Қазақстанды жүз тіл планетасы, халықтар достастығының зертханасы деп атады. Соңғы жылдары бұрынғыдан да онды өзгерістер орын алды. Қазақстан қоғамы жаңа әлеуметтік және саяси сапаға қол жеткізді: біз барған сайын анағұрлым көзге түсетін рухани орталық болып келеміз, мен тіпті әлемдік қоғамдастықтың рухани Меккесі дер едім. Бұл ерекшеліктің пайда болуына, Қазақстан жерінің түрлі дүниетанымдық жүйелер диалогы мен діни өзара қарым-қатынас орнына айналуы себеп болды. Осы сұхбаттасуда басты орынды әлемдік және дәстүрлі дін көшбасшыларының съездері алды. Келесі жылы Астанада үшінші съезді өткізу жоспарлануда. Бұл тарихи жайт Қазақстанның 2010 жылы ЕҚЫҰ төрағалығы етуі сияқты ұлттық мақтаныштың себебі болуы керек.

Қазақстан халқының даналығы, бірлігі мен отаншылдығы тәуелсіздікті қалыптастырудың соқпақты жолынан өтуге және мемлекетті тек Орталық Азия мен ТМД-да ғана емес, сондай-ақ бүкіл әлемде динамикалық түрде дамып келе жатқан мемлекеттердің біріне айналдыруға септігін тигізді. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдары ел ішіндегі ұлтаралық қатынастар анағұрлым үйлесімді бола бастады. Бұл жерде Қазақстан халқы Ассамблеясының үлесін аз бағалауға болмайды. Осы бірегей институт бастамасының арқасында республика көп мәдениетті қоғамдағы халық бейбітшілігі мен рухани-мәдени қайта өрлеудің моделі, ұлтаралық және конфессияаралық келісімге жетудің үлгісі бола алды. Отаншылдық тәрбие беру төзімділікке, басқа ұлттардың, діндердің, мәдениеттердің адамдарына деген шыдамдылыққа тәрбие беру

арқылы жүзеге асырылады. Біз осы баға жетпес мұраны қадірлейміз, бізді дағдарыс кезінен алып шығуға көмек берген, рухани өзегіміздің негізі болып табылатын, азаматтық бейбітшілік пен ұлтаралық келісімді сақтаймыз.

Сонымен қатар, Президент Нұрсұлтан Назарбаев «Нұр Отан» партиясының Саяси кеңесінің кеңейтілген отырысында сөйлеген сөзінде атап өткендей, «біз Қазақстанда этносаралық келісімнің бірегей моделі қалыптасты дегенде өз-өзімізді жұбатып, жайбарақат отырмауымыз керек». Бұл жұмыс тұрақты сипат алуы керек, себебі өзара түсіністік, төзімділік, түрлі ұлт өкілдерінің рухани және мәдени құндылықтарын қамқорлықпен ұғыну, олардың бірін-бірі құрметтеуі, бәрінен бұрын, мемлекет құраушы ұлтқа, мемлекеттік тілге, тұтас алғанда, мемлекетке құрметпен қарау барлық қоғамның күшімен, кешенді түрде қалыптасады.

Қазақстандық отаншылдық мемлекеттік саясат пен идеологияның жана парадигмасы болып табылады. Оның бекітілуі – біріктіруші және шоғырлаушы рухани фактор. Қазақстандық отаншылдық – бұл тарихи сананың, саяси мәдениеттің, жалпы азаматтық және жалпы ұлттық идеяның бар «массивін» өзіне сіңіріп алатын әлеуметтік-саяси құбылыс.

Біздің қоғамымыз құрмет, достық және сенім принципінде құрылған. Сонымен қатар, бұдан әрі де бәріне анық және түсінікті дабылды қағып тұру қажет: жауласу – бұл адамгершілік және этикалық нормалардың бұзылуы. Достық пен бейбітшілік, халық бірлігі – дамудың басты шарты. «Біз түрлі этностың өкілдеріміз, бірақ біздің еліміз біреу. Біз қоғамды «қазақстандық» деген ұғымның айналасына шоғырландыруымыз керек. Біз қазақстандықпыз. Қазақстан – менің Отаным, менің елім! – біздің ұранымыз осындай», - деп мемлекет Басшысы осы саладағы міндеттерді тұжырымдады.

Қазақстандық отаншылдық сезімі туа бітпейді, оны тәрбиелеу қажет. Отаншылдық тәрбие - бұл тұрақты процесс. Ол тек бір реттік іс-шараларға ене алмайды. Отаншылдықты қалыптастыру процесінің өзіндік идеологиясы және мақсатты жүйесі болуы керек.

Жаңа заман қоғамы - аса күрделі құрылым. Егер оның барлық жетекші топтары, оның ішінде, жастар бел ортасынан орын алған жас шамасына қарай бөлінген топтар тиімді әрі келісімді әрекет етсе, ол құрылым тұрақты түрде қызмет ете алады. Бұл мақсатта элитаның рөлі зор. «Элита» ұғымы әр түрлі түсінік береді. Менің ойымша, «элита» - бұл халық пен елдің қажеттілігін көрсететін, әділдік, төзімділік және айналасындағыларға құрметті дәріптейтін рухани бағдар беруші адамдар. Бұл туған жеріне сүйіспеншілікпен қарайтын, Отаны туралы ойлайтын адамдар. Бұл аталған қасиеттер отаншылдық деген ұғымға барабар. Элита ұғымын ақша эквивалентіне дейін жеткізуге болмайды. Элитаны екі ерекшелік - есепсіз байлық және адамгершіліктің жоқтығы көтермелегені қауіпті.

Абайдың, Шыңғыс Айтматовтың, Мағжан Жұмабаевтың, Пушкиннің және Шекспирдің шығармаларында өндірісті, ұжымды, министрлікті немесе ЭОТ қалай басқару керек екенін көрсететін нұсқаулар жоқ екені түсінікті. Бірақ оларда адамның ақылы мен жанын тәрбиелейтін, байытатын адамгершілік бағдарлар бар. Адамгершілік бағдар жоқ жерде өтірік, надандық, жемқорлық,

қатыгездік, ашкөздік, екіжүзділік және жауапсыздық сайран салады. Адам да өмірге осындай ұғыммен қол созады.

Ұлы философ Кант былай дейді: «Екі нәрсеге таң қаламын: ол - төбеміздегі жұлдызды аспан және біздің ішіміздегі адамгершілік заңы». Адамгершілік салмақ әрқайсымызға берілген. Оларды дамыту керек. Егер этикалық өзін-өзі бақылау жиегі төмендесе, бұл сөзсіз құлдырауға әкеледі. Әрине, осындай маргинал ортада отаншылдықты тәрбиелеуге лайық негіз жоқ. Элита Қазақстан отаншылығының шынайы сезімін қалыптастыруда үн қосуы тиіс және міндетті.

Адамгершілік рухты қалыптастыру жолдарын іздеу барысында, сөзсіз, тарихи естеліктерге, өткенді терең ой елегінен өткізуге, бүгінгі күн мен болашақтың көкжиегін талдауға үнемі жүгінуіміз керек. Барлық осы баға жетпес «материал» халықтың ұлттық-мәдени, саяси-мемлекеттік түрде өзін-өзі өркендетуге ерігін нығайтады. Мемлекет құдіреті халықтың өзіне және өзінің болашағына деген сенімінде ғана тұр. Ал осындай жолға барлық ұлы халықтар өзін-өзі мүдірмей құрметтеуі, өз тағдырына деген зор сенімі, өзінің тарихи миссиясына, ең соңында, әлемдік қауымдастықта құрметті орын алатынына деген сенімділік арқасында қол жеткізді.

Осыған байланысты, Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқы Ассамблеясының жетінші сессиясында сөйлеген маңызды сөздері еске түседі: «Біз сіздермен Қазақстанды жасадық, енді өз Отанының отаншылдары - қазақстандықтарды жасайық. Бұл мемлекеттік тәуелсіздіктің негізі болатын мәдени қауымдастық болады».

*«Казахстанская правда». 2008, 21 маусым*





**Жүсіп Баласағұн, Махмұд Қашқари және әл Фараби –  
ұлы философтар, ғалымдар, жазушылар**

*Қарағанды мемлекеттік  
техникалық университетінің  
«Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер»  
кафедрасының оқытушысы  
К.С. Марченко*



*Қарағанды мемлекеттік  
техникалық университетінің  
«Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер»  
кафедрасының оқытушысы  
У.С. Жұмақанова*

**Жүсіп Баласағұн** – орта ғасырдағы Шығыстың ұлы ойшылы, философы, энциклопедист-ғалым, қоғам қайраткері, XI ғ. ірі ақын. Жүсіп Баласағұнның есімі әлемдік әдебиет пен мәдениет тарихында «Құдадғу білігі» («Құтты білік») дастаны арқылы қалды. Философия, математика, медицина, астрология, өнертану, әдебиеттану, тіл білімі, т.б. ғылым салаларының дамуына зор үлес қосқан. Ақынның өмірі туралы деректі поэмада және оның шығармасындағы екі алғысөзден, оның бірі – прозада, ал екіншісі - өлеңдерден алынған бірнеше үзінділерден байқауға болады.

Жүсіп қолдағы бар деректерге қарағанда Баласағұн қаласында туған. Бұрын бұл қаланы «Күз Орда» деп атаған. Бұл қаланың орналасқан жерін Жетісу бойынан, Шу алқабынан, қазіргі кездегі Токмоқ қаласының маңынан іздеу қажет. Ақынның нақты туған жылы да анықталған жоқ. Қолдағы бар деректерге көз жүгіртсек, шамамен 1005-1018 жылдар аралығы деп алынады.

Жүсіп Баласағұн сол кездегі мәдени орталықтар - Фараб, Қашқар, Бұхара қалаларында білім алды. Сол кездегі зиялы қауым өкілдері жан-жақты дарынды болуларымен ерекшеленеді, философия және ғылыммен қатар поэзия әрі саясатпен айналысқан, шахмат ойнаған. Олар араб және парсы тілдерін толық меңгерген, әртүрлі білім салалары бойынша философиялық және ғылыми шығармалар жазған. Ақын, ойшыл, ғұлама Жүсіп Баласағұн Қашқарда тұрып, шығармашылық жұмыспен айналысады. Түркі тіліндегі энциклопедиялық шығарма болып табылатын "Құтты білік" поэмасын он сегіз айдың ішінде Қашқар қаласында жазып шыққан. Түрік философы Р.Р. Араттың деректері бойынша, автор поэманы аяқтаған кезде шамамен 54 жаста болған. Егер бұған

сенетін болсақ, онда Жүсіп Баласағұн 1015-1016 жж. туған.

«Құтты білік» поэмасы Орталық Азия мен Шығыс халықтарының өміріндегі және тұтас әлемдік мәдениеттегі айрықша құбылыс болып саналады. Шығарма тек саяси трактат көлемінде қалып қоймай, орта ғасыр дәуірінің ғылым мен мәдениет салаларын қамтиды. Онда жаратылыстану және гуманитарлық ғылымдарға қатысты көптеген проблемалар: әлеуметтік-тұрмыстық, жалпы философиялық, эстетикалық, саяси, құқықтық мәселелер баяндалған.

Шығыстың перепатизмінің арнасында (Әл Фараби, Беруни, Ибн Сина) Баласағұнда қоршаған әлемге пантеисттік көзқараспен қарайды. Оның терең түсінігі бойынша, бұл дүниені құдай жаратқан және өзінің ішкі заңдылықтары бойынша дербес дамиды.

«Құтты білік» этикалық формалардың және феодалдық қоғамды жүргізу ережелерінің өзіндік кодексіні білдіреді. Оның дүниеге деген көзқарастарында бірқатар материалистік идеялар қамтылады, ойшыл ғалым аспан денелерінің және ғаламшарлардың орналасуы мен қозғалысының заңдылықтарын зерттейді. Ж. Баласағұн аспан әлемін, 12 шоқ жұлдыздар белгісін зерттеді.

Баласағұнның жаратылыс туралы түсініктері Аристотель-Птолемей жүйесімен жалпы сәйкес келеді. Алайда ойшыл ғалым өз кезіндегі жаратылыс тану ғылымдарының жетістіктеріне байланысты өз осін айналып тұратын Жер шар тәріздес дөңгелек емес деген тұжырымда болды. Жүсіп Баласағұн ақиқатқа жету жолын адам мен әлемнің, ұлы ғалам мен микроғаламның үйлесімді болуы туралы қағидаға негіздейді. Төрт құдірет – от, су, ауа, жер жайлы ежелгі дәуірдің философиялық түсінігіне сүйене отырып, ойшыл әлем осы төрттағанның үйлесімінен жаралған деп санайды. Осындай тағы бір төрттаған Жүсіп Баласағұнның қоғам туралы ойларында, яғни қазіргі түсініктегі әлеуметтік философиясында әділет, бақыт, ақыл және қанағат ретінде бейнеленіп, “Құтты біліктің” төрт кейіпкерінің бойына жинақталған. Ғалам мен микроғаламның тұтастығы, барабарлығы туралы ой Жүсіп Баласағұн дүниетанымының өне бойынан байқалады.

Бұл жалған дүниені ақыл тезіне салып түзетуге болатынына да сенген ғұлама әлемдік үйлесімділік негізінде әділетті адамзат қоғамын құруды армандады. Сондықтан ол ғылым мен білімге зор мән берген. Жүсіп Баласағұн жалпыға ортақ парасаттың танымның нәтижесі ретіндегі білімге көшуі адам мүмкіндігінің жүзеге асуы деп біледі. Ғұлама білімнің туа бітетіндігі жайлы пікірге қарсы шығып, оған парасатты іс-әрекеттің нәтижесінде қол жеткізуге болатынына сенеді. Білімге молынан сусындаған адам ғана көп нәрсеге қол жеткізе алады. Оның пікірінше, білім – даналық, денсаулық және жан толысуы. Жүсіп Баласағұнның ойынша, қоғам құрылымындағы кемелдіктің өлшемі әлеуметтік тәртіп бұзылғанда ғана көзге түсе бастайды. Сол кезде жаңа мұраттар мен ұрандар пайда болып, халық қолдауына ие болады. Ол қоғамдық құрылымның кемелдігін жеке адамның бостандығы, тәуелсіздігі анықтайды деп санады. Жүсіп Баласағұн өзінің әлеуметтік философиясында қоғамдағы кемелдіктің негіздері мен іс жүзіндегі көріністерін өзара тығыз байланыста қарастырады. Жүсіп Баласағұн өз еңбегінде зердеге айрықша тоқталған. “Құтты білікте” ол, ең алдымен, даналық яғни қазіргі түсініктегі теориялық зерде

туралы ой толғап, даналық табиғатын, оның ерекшелігін, туа біткен қабілеттер мен кейінгі білім жинақтаудағы адамның өз рөлі, таным процесінде ақиқатқа ұмтылу және т.б. мәселелерді қарастырады. Егер сезім алдамшы болса, онда оған толық сенуге болмайды, ал ақыл, зерде әрқашан адамға қызмет етеді, оның жалғандығы жоқ. “Құтты біліктің” негізгі айтар ойы – адамның адами жетілуі мен кісілік кемелденуі, сол арқылы мемлекет пен қоғамды қуатты, мықты, құтты ету.

Оның пікірі бойынша мемлекеттік аппарат жақсы ұйымдасқан болуы тиіс: сыртқы басқыншы күштерге қарсы тұра алатындай қуатты болуы тиіс; жергілікті халықтың мүдделерін қорғайтындай икемді болуы тиіс; ел арасында салықты жинау мен оны реттеу үшін жеткілікті дайындалған болуы тиіс.

Түркі мәдениетінің нәрлі бұлағынан сусындап, мұсылман өркениетінің қуатты ықпалымен толысқан ойшыл өз шығармашылығында адамның қоғамдағы орны мен қызметін түсінуге ұмтылып, мінсіз қоғам жайындағы өзінің биік философиялық мұраттарын, қоғамда болып жатқан процестерді терең пайымдауды, материалдық факторлардың маңызды ролін мойындауды баяндайды. Баласағұн Орта ғасырдағы прогресшіл ойшылдардың реалистік көзқарастарына да маңызды үлес қосты.

Ақынның ой-толғамдары XI ғасырдағы Шығыс пен Батыстың мәдени жетістіктерінің синтезі болып табылады. Реалистік идеялармен толыққан, табиғат құбылыстарына рационалды үңіліп қараған әрі ойшыл ғалым дамытқан пантеисттік ілім теология мен идеализмнің объективті емес идеяларын теріске шығару үшін үлкен мүмкіндігі болды. Сонымен қатар көптеген философиялық және әлеуметтік мәселелер жөнінде көп толғанды, теология мен мистиканың әсерінде бірқатар кемшіліктер жіберді. Жүсіп Баласағұнның көзқарастарының шектелген сипатына қарамастан оның тұтас алғандағы адамгершілік дидактикасы сол кезеңдер үшін прогресшіл бағытта еді. Дастан оқырманына құт-берекемен, бақытқа өз адамгершілігін асыл етумен ғана жетуге болатынын ұқтырады. Ондағы “өзінді сақтау”, “өзінді ұмытпау” қағидасы адамның адамшылығын танытар қасиеті – адамгершілік пен кісілікті жетілдіруге бағытталған.

Баласағұн өзінің әлеуметтік-саяси көзқарастары арқылы қоғамның саяси жағдайын және феодалдық-крепосттық қатынастарды жақсарту мен нығайтуға деген ұмтылысымен, нақтылығымен, өміршеңдігімен сипатталады. Автор өз дастанында тарихи прогресшіл үрдістерді, өзі куә болған Қарахан қоғамындағы өзгерістер туралы толғанып, ой түйеді.

Ойшыл мемлекетті басқару мен қоғамды жетілдіру мүмкіндігіне терең сенді, ол үшін ғылым мен ағарту жүйесіне сүйенді. Жүсіп Баласағұнның бұл идеялары Әл Фараби мен Ибн Сина көзқарастарымен үндес келеді. Ол Фирдоусидің «Шахнамесін» жақсы білген, «Құтты білік» дастанында Фирдоуси кейіпкерлерінің аттарын атауы, жиі сілтемелер жасалуы осыны дәлелдейді. Бірақ атақты парсы-тәжік ақынының және басқа ойшылдардың Жүсіпке тікелей әсер етуі туралы айту қын.

Ойшыл гуманист ретінде халықты аяусыз қанайтын сараң хандар мен ақымақ бектердің озбырлығын талқылайды. Феодалдар өздерінің жерлерін

кеңейту үшін өзара қырқысады, көршілес отырған халықты тонайды, олардың қалалары мен ауылдарын өртейді, адамдарды құлдықта ұстайды.

Философ ақын феодалдардың әділ және қайырымды болмайтындығына күйінеді. Ол хандар мен бектерді кедейлерге қайырымды болуға, оларды киіндіріп, тамақ беруге, оларға жылы қарауға шақырады. Жүсіп келешекте әлеуметтік теңсіздік, кедейлер мен байлардың арасында қайшылық болмайтынына сенеді. Ол хандар мен бектердің шаруаларды, малшыларды, қолөнершілерді аяусыз қанауын сынайды, салықтарды азайтуға шақырады. Осылайша, ойшыл жарлылар мен байлардың арасын келістіруге тырысады. Ол хандарды өздерінен төмен тұрған халыққа әділ болуды, ал шаруаларды үстемдік етуші топқа шынайы берілген және адал болуға шақырады.

Академик А.Кононовтың пікірі бойынша Жүсіп Баласағұнның қоғам қайшылықтарынан туындаған жаңа моральдық-этикалық негіздер құру қажеттілігі мүмкін.

Тәңірі адамдарды жаратты, үздік етті

Оған өнер, білім, ақыл, ой берді.

Білім берді: адам бұл күндері шырқау биікке көтерілді.

Ақыл берді: осының арқасында шешілмейтін түйін шешілді.

Білімді — биік, ақылды — ұлық деп есепте

Бұл екеуі таңдаулы құлдарын биікке шығарады

Баласағұн білім мен еңбекпен байлыққа қолың жетсе мақтанба, асып таспа, адамдық ардан аттама дегенді өсиет етеді. Әділет жолын қу, шыншыл бол, сараңдық пен ашкөздіктен аулақ бол дейді. Ол тектілік туралы сөз қозғап ел билейтін әкімдердің тектілерден шығуын қуаттайды. Сондай-ақ ел билейтін азамат намысшыл болуы керек. Ел намысын, ел пайдасын көбірек ойлаған азамат халыққа қадірлі болады дей келіп: «Адам ба адам өз пайдасын күйттеген Адам нағыз – ел пайдасын діттеген» – деп ой қорытады. «Егер ол мейірімділер күшті, ал қатыгездер әлсіз болса, біз ауыр ойлардан тұнжырамас едік. Егер әлемде әділдік заң болса, тағдырымыздың қатыгездігіне наразы болмас едік».

Философ егер мемлекетті сауатты хандар басқаратын болса, мемлекетті дұрыс басқару үшін қара қылды қақ жаратындай әділ заң шығарып, осы заңдар негізінде қызмет етеді, ел-жұртты басқаратын адам әділ болу керек деп санайды.

«Құтты білік» дастанының келелі міндеттердің бірі үстемдік етіп отырған қоғамдағы әділетсіздіктер еді, ойшыл үстемдік құрып тұрған феодалдық-крепосттық қатынастарды әрі қарай нығайту үшін әділеттілікті қалай орнатуға болатыны туралы толғанды. Философ ақын идеалды мемлекетке өтуге мүмкіндік тудыратын мемлекетті басқару жолдары мен әдістерін әзірлеу міндетін ұсынады. Ақынның бұл утопиялық әлеуметтік-саяси көзқарастары белгілі бір дәрежеде халықтың сезімін, көңіл-күйін, тілегін, қоғамның тарихи даму қажеттілігін білдірді.

**Махмуд ибн ал-Хусайн ибн Мухаммад әл Қашғари ( 1029—1101) —** түрік ғалымы. Ол Қараханидтер тұсындағы әміршілердің бірінің отбасында

дүниеге келген. Оның әкесі Қашқарда туып-өскен және Баласағұн қаласын басқарған. Ол кезде арабша білім алған түріктер сол кездің салтымен өз тегін туған жерінің атымен атаған. Қазақша айтсақ - қашқарлық дегенді білдіреді. Ол сол заманғы араб мәдениеті мен ғылымының көрнекті орталығы болған Бағдат қаласында біраз уақыт тұрғанда «Диуани лұғат ат-түрік» («Түркі сөздерінің жинағы») еңбегін жазды.

1914-15 жж. «Диуани лұғат ат-түрік» қолжазбасын алғашқы рет базарда түрік ғалымы Али Амири сатып алады. Ол Киласли Рифатқа қолжазбаны ретке келтіруді тапсырды. Рифат қолжазбаны көшіріп, 1915 жылы бірінші және екінші кітапты, ал 1917 жылы үшінші кітапты Стамбул қаласында шығарады. Осы кезден бастап еңбекті жан-жақты зерттеу басталады.

Бұл жинақ орта ғасырлардағы түркі тілдес халықтардың энциклопедиясы деп атауға тұратын шығарма, сол кездегі тайпалар туралы нақты материалдардан құрастырылған үш томдық әйгілі еңбек. «Диуани лұғат ат-түрік» - түркі халықтарының тамаша ескерткіші болып табылады. Сөздікте адамгершілік, тәлім-тәрбие, психологиялық қасиеттер, адамның бойында кездесетін жағымды және жағымсыз мінез-құлықтарға сипаттама береді.

Ж. Баласағұнның ізімен М. Қашқари еңбегі негізінен сол дәуірдегі түркі тайпаларының тілдік құрылыстарын жүйе-жүйемен баяндауға арналған. Қашқаридың ізбасарлары Фарабтық Исхак ибн Ибрахим әл Фараби (Джаухари), оның "Диван аль-адаб фи" байан лугат аль-'араб" еңбегі ("Араб тіліндегі әдеби туындылардың жинағы") Бируниге сүйенді. Дәрілік құралдардың түрікше атаулары Бируни мен Қашғари еңбектерінде бірдей. Махмұд тамаша арабша филологиялық білімімен қатар орта ғасырдағы мұсылман ғылымының барлық салаларын терең білгені байқалады.. "Бұл кітапты, - деді Махмұд – мен әліпби ретімен жаздым, мақалалармен, садж (рифмтелген проза), мәтелдермен, өлеңдермен, раджаз (әскери мазмұндағы өлеңдер) және прозадан алынған үзінділермен толықтырдым. Ол ең әуелі аз әріптерден құралатын сөздерді береді де, одан әрі әріптің санына қарай дамытып отырады. Қандай сөздерді беріп, қандай сөздерді бермеу мақұл дегенде, сол кезеңде тайпалар тілінде қолданылып жүрген яғни, актив сөздерді ғана беру керек деп мәлімдейді. Ол сөздік жасауды әйтеуір білген, естіген сөздерді тізе беру деп қарамайды. Сонымен қатар автор тілдің сөздік құрамындағы актив сөздер мен пассив сөздерді айыра қарап, екеуін екі түрлі құбылыс деп есептейді. "Түркі тілдері сөздері жинағының" лексика-графикалық мәні мұнымен ғана бітпейді. Онда антоним мен синоним сөздер, омоним сөздер мен метафоралар, диалектілік сөздер бас-басына ажыратылып түсіндіріліп отырады. Ал мұндай жүйеге келтіру, байқампаздық Қашқари заманындағы лингвистика үшін аса бір ірі табыс еді. Автор ескірген сөздерді, шеттен кірген сөздерді сөздікке енгізбедім деп мәлімдейді. Махмұд Қашғари 1072-1074 жж. халифа әл-Муктадиға арналған "Түркі тілдері сөздерінің сөздігін" жазды. Онда тәлім-тәрбие, дидактика, өсиет, адамгершілік, ұрпақ тәрбиесі, ізгілік туралы ой-пікірлер айтылады. Мәселен, «Атасынан ақыл алса, тентек ұл да жөнделер», «Ұлысында ұлы болсаң, білімінді елге бер», «Асығыс еткен іс шала, асығыс жаққан от шала», «Ұлым, ақыл тыңдасаң, білімсіздік жоғалар, білім қалар артында, ғұмыр

сырғып жоғалар», «Ақылымды ал, ұлым менің, рақымшыл бол, әулетіңнің ағасы бол, ақылшы данасы бол, білгеніңді ортақтас...», «Ұлым менің, ақыл сенің серігің», «Ашу-ыза ақылыңды алады, мажыма мылжың дүниенді тарылтады». Сөздікте қаншама адамгершілікті, рақымшылдықты, дәріптейтін тәлімдік ой-пікірлер орынды берілген: «Даналардың сөзі – ақыл, зер салсаң, зердеңе қонар», «Рақымшыл болсаң, менмен болма», «Рақымың болмай мақтансаң, қиын-қыстауда қиналарсың», «Туғаныңның мәртебесін өсіргің келсе, сый-сияпат көрсет...»

Махмұд Қашқаридың "Диван" ("Сөздік") – фонетикалық және морфологиялық құбылыстар, диалектілік айырмашылықтар туралы ұғымдарды беретін ертедегі түрік диалектологиясы туралы жалғыз ескерткіш. Онда Орта Азия, Шығыс Түркістан, Еділ, Орал бойларын мекендейтін барлық түркі халықтары тілдерінің элементтері бар. "Диуани лұғат-ат-түрк" кітабы тілінің сөздік қорында болса да, грамматикалық құрылысында болса да қазіргі қазақ тілі материалдарымен сай түсіп, кейбір фонетикалық, грамматикалық өзгерістеріне қарамай, мәндес болып отыратын фактілерді жиі кездестіруге болады. Мұның өзі Қашқари еңбегін қазақ тіліне жақындығы тұрғысынан зерттеу жұмыстарын жүргізудің аса қажет екендігін дәлелдейді.

Еңбекті және оның тілін зерттеумен көптеген ғалымдар айналысқан. Мысалы, Броккельман К. әліпби ретімен сәйкес сөз тіркестерін келтіріп, неміс тіліне аударды. Түрік ғалымы Басым Аталай 1914 жылы қолжазбаның көшірмесін түрік тіліне аударып, үш томын Анкара қаласында 1934-1943 жж. басып шығарды. 1960-67 жж. ғалым С. Муталибов еңбекті өзбек тіліне аударды. Кейін еңбек ұйғыр тіліне Қытайда басып шығарылды.

Азербайжан ғалымы А. Демирчизаде айтуы бойынша еңбекті азербайжан тіліне аударды. Н. А. Баскаков Қашқариды «түрік тілдерін салыстыруда тұңғыш болды», Самойлович А. Н. - «11 ғасырдың Радловы» деп атады. Еңбектің мазмұны бойынша түріктердің экономикалық, материалдық және рухани байлықтары туралы өте құнды мәліметтерді қамтиды. Осы еңбекте әдебиет, географиялық және астрономиялық туралы құнды мәліметтер қамтылады. Академик И. А. Кононов қамтылған материалдар бойынша «Диуани» 5 салаға бөледі:

1. Белгілі бір рулардың сөздік қоры, лексикасы;
2. Түрік тайпаларының орналасқан жері туралы мәліметтер;
3. Түрік тілдерін топтастыру;
4. Тарихи фонетика мен грамматика туралы мәліметтер;
5. Тарих, география, этнография, поэзия, түріктердің фольклоры туралы мәліметтер.

**Қашқаридың** бұл еңбегі аталған жерлердегі халықтардың мәдени және рухани байланыстарын анықтауға мүмкіндік береді. А.Н.Кононовтың сөзімен айтқанда: "Түркі тілдерінің сөздігі" — XI ғасырдың түркілердің өмірі, олардың материалдық мәдениеті, бұйымдары, тұрмыс-жайлары, этнонимдері мен топонимдері, қызмет адамдарының дәрежесі, тағам, сусын түрлері, үй жануарлары мен аумағындағы жабайы аң-құстар, мал шаруашылығы, өсімдік дақылдары, астрономия терминдері туралы, күнтізбелер, ай, апта, күн аттары,

ауру түрлері, дәрі атаулары, анатомиялық терминология, минералдар мен материалдар туралы, әскери, спорт және әкімшілік терминологиясы, түрлі тарихи және мифтік қаһармандардың есімдері, діни және этностық терминология туралы, балалар ойындары мен ермектері және басқалар туралы бірден-бір деректеме болып табылады". Онда 29 тайпаның аты аталады. Қашқари тайпаларды екі топқа бөліп, батыстан шығысқа қарай орналасу тәртібі бойынша санап шығады: бегенек, қыпшақ, оғұз, иемек, башқұрт, басмыл, қай, йабақу, татар, қырғыз, чығыл, тухси, яғма, ырғақ, йарук, йумул, ұйғыр, қытай, таббач.

Қашқар – ҚХР Шыңжаң-ұйғыр автономиялық ауданындағы қала, Ұлы Жібек жолы бойындағы ірі сауда орталықтарының бірі. Ұлы ойшыл еңбегінде 6800 түркі сөзіне араб тілінде түсініктеме берген (110 жер мен өзен атаулары, 40 ру мен тайпалардың атаулары). 242 бәйіт өлең, 262 мақал-мәтел келтірілген. 875 сөз бен 60 мақал-мәтел қазіргі қазақ тілінде ешбір өзгеріссіз қолданылады. Оның “Түркі сөздерінің жинағы” атты еңбегі – этнографиялық мәліметке бай, түркі тілдеріне ортақ әдеби мұра. Түркі елі әдебиетінің ренессанстық дәуірінің бастапқы кезеңіне жататын осы бір үлкен классикалық шығарма. Түркі халықтарының мақтанышы болған құнды мұра, түркі тайпалары қалдырған ортағасырлық ортақ мәдениет үлгісі.

**Әбунасыр әл-Фараби** - түркі ойшылдарының ең атақтысы, ең мәшһүрі, “Әлемнің 2-ұстазы” (Аристотельден кейін) атанған ғұлама. Оның толық аты-жөні — **Әбунасыр Мұхаммед ибн Мұхаммед ибн Ұзлағ ибн Тархан әл-Фараби**. Әл-Фараби 870 жылы Арыс өзенінің Сырға құяр тұсындағы Фараб (Отырар) қаласында, отырарлық әскербасының отбасында дүниеге келген.

Сырдария құйылысы — Мысыр үшін Ніл өзені, Месопотамия үшін Тигр мен Евфрат қалай болса, Қазақстан тарихындағы ежелгі өркениеттің бесігі болып саналады. Фараб қаласында халқы 70 мыңдай болатын үлкен қала болған қалада мызғымас қамалы, мешіттер, базарлар болған. Қала Отырар алқабында орналасқан. Қалаға шектес аудандары отырықшылыққа бейімделген, егін шаруашылығымен айналысқан, Қазақстандағы қала мәдениетінің негізін қалаған. Отырар қала типтес кент ретінде біздің эрамызға дейінгі соңғы ғасырлардың бірінде пайда болған. Қаланың экономикалық және мәдени даму масштабы туралы 60-тан астам елді мекен, қалалар мен қамалдардың қираған үйінділері, қуатты және кең тармақталған суғару жүйесінің іздері осыған дәлел. Ол құнарлы жерлерді суғару көзқарасы тұрғысынан қолайлы позиция алатын әртүрлі географиялық ландшафтар тоғысында орналасқан. Қала құрылысының көне дәстүрлерін және егін шаруашылығында тәжірибесі мол үлкен соғдылардың қоныс аударуына байланысты Орталық Қазақстанда өзіндік қала өркениеті қалыптасқан.

Білімге, ізденуге деген құштарлықтың жетелеуімен ол жас шағында, дүниедегі құбылыс біткеннің бәрі кісіге әрі ғажап, әрі таңсық көрінетін кезде саяхат жасаған. Өз өмірінің көп жылдарын ол араб халифатының саяси және мәдени орталығы болған Бағдадта өткізді. Мұнда ол өз білімін әбден тиянақты меңгеріп, толықтырады. Көрнекті ғалымдармен байланыс жасайды, сөйтіп өзінің білімдарлығы, ақылының алғырлығы және асқан байсалдылығы

арқасында көп ұзамай олардың арасында үлкен абырой-беделге ие болады. Бірақ өресі тайыз кертартпа хадисшілер оны жек көріп, күндей бастаған, әсіресе, олар әл-Фарабидің бүкіл ойының негізгі мәніне қарсы шыққан, өйткені оның дүниеге көзқарасы шынайы болмысты танып білуге, адам бақытын о дүниеден емес, бұ дүниеден іздеп табуға мегзейтін еді. Ақыр соңында әл-Фараби лажсыздан Бағдадтан кетеді.

Әл Фараби Бағдад және оның рухани қалыптасу жолындағы ролі туралы ерекше атап өтеді. Бұл қала, қарқынды дамыған мәдениет орталығы еді, сондықтан әртүрлі мәдени дәстүрлер мен ілімдердің тоғысқан жеріне айналды.

Әл-Фараби ұжымдық қала туралы: «Бұл қала тоғышар қалалардың бірі болып табылады, сыртқы пішіне қарап, түрлі-түсті бояуға енгендей әсер қалдырады, кез келген адам бұл қалада өзінің тілегені мен қалағанын қанағаттандыра алады. Сондықтан халық қалаға қарай ағылады, орнығып қалады. Қала күннен-күнге ұлғаюда. Осында рулары әртүрлі адамдар дүниеге келуде, шығу тегі мен тәрбиелері мүлдем бөлек балалалар өмір есігін ашуда. Бұл қала әртүрлі бірлестіктерден тұратын, бір-бірінен ерекшеленетін бөліктерден тұрады, сырттан келген адам жергілікті халықтан ешқандай айырмасы жоқ, олардың барлық тілектері мен әрекеттері тоғысады. Сондықтан уақыт ағымына сай қалада атақты адамдар, яғни ғалымдар, шешендер, дана адамдар, ақындар шығуы мүмкін».

Бағдад сол кезеңдегі ақыл-ойдың Меккесі еді. Олар өз күштерін, білімін сарп етіп, мектептер ашты, табыстарға қол жеткізді. Осында аудармашылардың тамаша мектебі жұмыс істеді, онда несториандардың қосқан үлесі зор. Олар Платон, Аристотель, Гален, Эвклидтің шығармаларын аударды. Үндістанның мәдени жетістіктерін игеру процесі параллель жүрді. Мұндай жұмыс дербес шығармашылық белсенділікке әсер етті. Бағдадта Әл-Фарабидің тәлімгерлері Юханн ибн Хайлан және белгілі аудармашы Абу Бишр Матта болды. Әл Фараби Юханн ибн Хайлан туралы Аристотель мұрасын шәкірттеріне таратқан адам ретінде баяндайды. Абу Бишр Матта логикадан сабақ жүргізген. Бірақ, орта ғасырдағы деректерге қарағанда шәкірті ұстазынан асып түсуі тиіс. Әл Фарабидің Бағдадтағы жылдарынан бір жағдайда атап өту керек: ол Аристотельдің «екінші Аналитикасымен» танысу мүмкіндігіне ие болды.

Әл Фараби Харран қаласына келеді, онда Александрия қаласынан қудаланған несториан ғалымдар тұрған. Ол өмірінің соңғы жылдарын Халеб пен Дамаск қалаларында өткізеді, Солтүстік Сириядағы — Хамданид Сайф ад-Даул жоғары құрметіне ие болады.

Әл Фараби 950 ж. желтоқсанда жасы 80-ге келіп, қайтыс болды. Әл Фараби заманының әлеуметтік-саяси көзқарастарын, тіл мәдениетін, философиялық-гуманитарлық (философия, логика, этика, эстетика, саясат, социология, лингвистика, поэзия, шешендік, музыка) және жаратылыстану (астрономия, астрология, физика, химия, география, космология, математика, медицина) ғылымдары салаларын терең меңгеріп, осы бағыттарда өзі де құнды ғылыми жаңалықтар ашты.

Әл-Фарабидің философия көзқарастарында басты үш бағыт анық аңғарылады: ол дүниенің мәңгілігін мойындады, танымның болмысқа



тәуелділігін растады, ақыл-парасат туралы ілімді саралады. Мәңгілік пен тәуелділік бастауларын күдіретті Алладан, аспан әлеміндегі құбылыстардың мәнінен, ақыл-парасаттан, адамның жан-дүниесінен, түр мен материя арақатынасынан іздеді. Аристотель қағидаларынан өз дүниетанымына жақындарын қабылдады және оны осы тұрғыдан түсіндірді. Әл-Фарабидің философиялық көзқарасын тарихи жағдайда, оның өз дәуірімен байланысты қарағанда ғана терең түсінуге болады. Орта ғасырларда философиялық ойдың дамуы діни ілім негіздеріне сүйенді. Демек, әл Фарабидің философиялық ілімін де өз кезеңінің діни түсініктері тұрғысынан қарастырған лазым. Бірақ ол бұл түсініктерді философиялық тұрғыдан дамытты.

Философ адамды өз болмысын өзі танып білуге тәрбиелеу ісіне үлкен мән берді. Бұл мәселені логикалық, этикалық, педогогикалық, тілдік тұрғыдан кеңінен саралап, бұларды бір-бірімен өзара сабақтастықта қарастырады. Рухани жоғарғы мақсат нышандарын адамдарды өзара байланыстыратын бастаулардан — жан-дүние үндестігінен, әдеміліктен, қайырымдылықтан, бақыттан іздестіреді. “Қайырымды қала тұрғындарының көзқарасы”, “Мемлекет қайраткерлерінің қанатты сөздері”, «Азаматтық саясат», «Бақытқа жол сілтеу» және т.б. саяси-әлеуметтік трактаттарында қайырымдылық пен бақыт мәселесіне кеңірек тоқталды. Қоғамдық өмір проблемаларына арналған барлық еңбектерінен «Китаб ас сийаса ал-маданийа» («Азаматтық саясат» немесе «Саясат») мұсылман әлеміне барынша танымал болды.

Адамдар бірлестіктерінің ерекшелік белгілері болып табылатын теориялық және практикалық қайырымдылықтарға тек философияның көмегімен жетуге болады деп тұжырымдайды ұлы ғұлама. Демек, әл-Фарабидің мемлекет, ел басқару жөніндегі тұжырымдары, әлеуметтік-этикалық саяси көзқарастары бүгінгі қоғам үшін де айрықша маңызды.

Шығыстың ұлы ойшылының мол мұрасына бүкіл дүние жүзі қызығушылық тудыруда. 1975 жылы оның 1100-жылдығын атап өту шарасында үш халықаралық ғылыми конференция болды: Мәскеуде - «Әл-Фараби және әлемдік өркениет», Алматыда - «Әл-Фараби және Шығыс елдерінің ғылымы мен мәдениетін дамыту», Бағдадта - «Әл-Фараби және адамзат өркениеті». Осы халықаралық конференцияда өткен ғасырда пайда болған барлық рухани, прогресшіл және демократиялық идеяларын игеру жөнінде жер бетіндегі әртүрлі халықтардың ғылыми және мәдени ынтымақтастығын кеңейту үрдісі айқын аңғарылды.

Ұлы ғұламаның 1100-жылдығына байланысты Қазақстанда тақырыптық жинақтар түрінде әл Фараби шығармалары орыс тілінде жарық көрді. Қазіргі кезде әл Фарабидің бес томдық трактаты баспадан шығарылды: «Философиялық трактаттар», «Әлеуметтік-этикалық трактаттар», «Логикалық трактаттар», «Математикалық трактаттар», «Птоломейдің "Алмагестіне" түсініктеме»; алғашқы екі томы қазақ тілінде жарық көрді. Әл Фарабидің шығармаларының орыс және қазақ тілінде жарық көруі ұлы ойшылдың толық шығармашылық бейнесін жаңғыртуда маңызды теориялық негізді құрайды.

Әл Фарабидің 1100 жылдығы біздің еліміздің мәдени өмірінде маңызды орын алды, әлем мәдениетінің тарихына деген қызығушылық тудырды.

1951 жылдарға дейін әл Фарабидің «Софистика» және «Риторика» трактаттары сақталып келді: ең біріншісі - еврей тілінде, екіншісі – латын тілінде. Бірақ Ахмед Атеш 1951 ж. Стамбул кітапханасынан логикалық трактаттардың қолжазбасын тапты, ол қолжазбалардың арасында «Софистика» және «Риторика» трактаттары болды. 1960 ж. осы трактаттар қамтылған Братислава қолжазбасы табылды.

Әл-Фараби трактаттары қазіргі кезде ғылыми айналысқа түсті деп санауға болады — бұл «Китаб ал-Хуруф», қазақша «Әріптер кітабы». «Әріптер кітабы» — бұл Аристотельдің «Метафизика» еңбегіндегі араб тіліндегі философтардың атауларының бірі, онда тараулар грек әріптерімен берілген.

«Китаб ал-Хуруф» —әл Фарабидің бірегей туындысы, оның негізінде Аристотельдің «Метафизика» еңбегіндегі идеяларды талдау мен саралау жатыр. Логикалық пайымдауларға көп көңіл бөлінеді Кітап 1970 жылы Бейрут қаласында шыққан. Аристотельдің ізімен «Метафизикасында» барлық ғылымдардың негізінің алғышарты болып табылатын философия категориясы ретінде «бірінші философия» ұғымын жан-жақты саралап, оларды логикалық ғылымның негізі ретінде қарастырады. «Әріптер кітабы» айрықша жағдайдағы категориядағы логикалық рольді талдайды.

Әл Фараби логикалық және ғылыми - философиялық терминологияның, негізін қалап араб және басқа тілдерде ғылыми-философиялық терминдердің салыстырмалы мәндеріне жан-жақты түсініктемелер беруімен, оларды грек және сирийлік тілдерінен араб тіліне аудару тәжірибесі, халықтардың тілі және ғылым тілі, грамматика мен логика терминдері сараланды.

Дүние жүзі мәдениетінің дамуында із қалдырған сол көрнекті қайраткерлер, шындығында, адамзат мәдениетінің бірлігін паш етіп келеді. Әл-Фараби осындай дүниежүзілік тарихи тұлғалардың санатына қосылады. Әл-Фараби өз заманындағы өнер-білімнің ең асылын таңдап ала біліп, өз дәуірінің шынайы энциклопедиясын жасап берді.

### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Касабек А., Касабек С. Искание истины. Алматы, 1998.
2. Григорян С.Н. Из истории философии Средней Азии и Ирана VII-XII вв. М., 1980.
3. Ильин В.В. Философия. Ростов н/Д: Феникс, 2006.
4. Фролова И.Т. Философский словарь. М.: Политическая культура, 1991.
5. Социальные, этические и эстетические взгляды аль-Фараби / Бурабаев М.С., Курманғалиева Г.К., Сагадеев А.В., Бряннов В.А. Алма-Ата: Наука, 1984.
6. Гафуров Б., Касымжанов А. Аль-Фараби в истории культуры. М.: Наука, 1975.



## Египеттің билеушісі және ұлы қолбасшы Сұлтан Бейбарыс – біздің отандасымыз

*Қарағанды мемлекеттік техникалық  
Университетінің «Қазақстан тарихы»  
кафедрасының аға оқытушысы, ф.ғ.к.*

**Нұрман Б.Ғ.**

*Ты продан в рабство в цвете своих лет,  
Сполна познаешь горя и лишений,  
Но будет дан тобой святой обет:  
Ты не потерпишь больше поражений.  
Рабом познаешь война азы,  
Но применишь ты их, султаном ставши.  
Пройдя сквозь дебри зависти и лжи,  
Поднимешь за собой народы наши.  
Добрался ты до сказочных высот,  
Врага оружием умел ты биться,  
Был беспощаден, тверд и был жесток.  
Но до сих пор народ тобой гордится.*

**О. Сулейменов**

Кез келген халық - мәңгі, әрі өзінің ұлы ұлдарымен және қыздарымен даңқты, олар кейінгі ұрпақтарының рухани, ғылыми мұрасына, тарих беттерінде өшпес із қалдырды. Қазақ елінің осындай ұлдарының бірі – Сұлтан Бейбарыс (араб еңбектерінде Байбарс). Дешті Қыпшақ даласында туған Бейбарысты моңғолдардың жеңіспен басып алуынан кейін 800 дирхамға сатып жібереді, он жасар ұл бала, өзінің алғашқы ұстазы, тәлімгері және әміршісі (покровителем) болған Бұндүкдәрі саудагердің құлы ретінде Египетке келеді.

Араб әлемінде Сұлтан Бейбарыс туралы ғылыми және әдеби еңбектер мен аңыздар көп, бірақ оның балалық шағы туралы мәліметтер аз. Түрлі елдердің ғалымдары, тарихи деректерге сүйене отырып, оны ата-бабалары Каспий маңындағы аймақтарға таралып кеткен Берш тегіне жатқызады. Тарихи құжаттарда оның толық аты - Сұлтан Рукн-Ад-Дин Аз-Захир Байбарс аль-Бұндүкдәрі ас-Салиха Ан-Наджми Ат-Түркі (кейбір деректерде әл-Қыпшақ). Мамандардың түсіндірмелері бойынша, бұл шамамен: Бұндүктар тегінің тәрбиеленушілері, исламның жарқын тірегі Сұлтан Байбарс түріктен шыққан, Салиха мен Наджми сұлтандардың қолбасшысы деп аударылады. Бұндүкдәрі құл баланы әскери өнерді үйренуге береді, ол Египет билеушісі Сұлтан Салиханың қайсар жауынгері болады, соңында таққа отырып, 17 жасында ел басқарады. Египет мемлекетінде оған дейін де әмірлер болғанымен, араб әлемінде Сұлтан Бейбарыс Египет мемлекеттілігінің негізін қалаушы ретінде саналады.

Сұлтан Бейбарыс тақырыбы қазақстандық жазушылар мен зерттеушілерді бұрыннан қызықтырып келеді. Олжас Сүлейменовке көп тыңдаушылар үшін қыпшақ-мәмлүктер тақырыбын алғаш ашушы атағы беріледі: 60-70 жылдардың жарияланымдарында оларды осы өз тумалары туралы мүлдем ұмытқан өз орталарына – Қазақстан жеріне қайтара бастады. Белгілі қазақ жазушысы Сауырбек Бакбергенов «Айтаңсық» (Бейбарыстың кіші қарындасының аты) әңгімесін, Морис Симашко «Емшан» повесін, Қойшығара Салғарин, Тұрсын Жұртбаев және басқа да шығыстанушылар зерттеу жұмыстарын жазды, ал белгілі ақын Аманқос Ершуов «Бейбарыс» поэмасын жазды.

С. Ақынжановтың «Орта ғасырлық Қазақстан тарихындағы қыпшақтар» (1995) ғылыми монографиясы жарыққа шығардан бұрын Мәмлүктер мемлекетінің саяси-тарихи және мәдени феноменінде қыпшақ субстанциясы квинтэссенция тақырыбы талантты және мақтанарлық үлесін тапқан әрбір қазақстандық үшін аңызға айналған С.Н. Марковтың, М. Симашконың, Ю. Плашевскийдің, І. Есенберлиннің есімдері тұр. Тек осы жалғыз ғана жұлдыздық тізім, объективті түрде оның зор гносеологиялық, мәдени-идеологиялық әлеуеті туралы белгі бере отырып, берілген тақырыптың жоғарғы беделін қамтамасыз етеді. Ақырында, Бейбарыстың жауынгерлік, сондай-ақ трагедиялық кейіпкерін жаңа заманның ұлы актері Нұрмұқан Жантөрин ойнаған көркем суретті фильм «Бейбарыс».

Бейбарыс шамамен 1225 жылы Елбарлы немесе Берш қыпшақ тегінің Еділ (Волга) мен Жайық (Урал) өзендерінің арасында туған. Әкесі Жамақ пен шешесі Әйнек белгілі тұқымнан болған. Туған кезде берілген Махмұддин немесе Махамеддин есімімен Сұлтан Бейбарыс толысқан кездерінде аталады. Бейбарыс пен оның тайпаластарының тұтқындалуы мен құлдығы нақ 1239-40 жылдары моңғол ордаларының найзағай отындай басып кіруі кезеңіне келеді. Әл-Юниниге сәйкес, Бейбарыс тұтқынға 14-15 жастан аспаған кезінде түседі. Шығыста қайраулы пышақ қап түбінде жатпас дегендей Аюби сұлтанның көзіне түскен Бейбарыс монархтың нөкерлерінің арасында жақын арада пайда болады. Тәңірберді жазғандай «сатып алғаннан кейін тақсыр оған еркіндік сыйлап, өзінің мәмлүктерінің қатарына енгізді. Өзінің тәлімгерімен бірге Бейбарыс Думияттық шайқасқа қатысты». Осы сәттен бастап, Бейбарысқа әмір атағы беріледі және өзінің атына қоса «ас-Салихи ан-Наджми әл-Аюби» үйлесімін қосады, бұл «Аюбидтер әулетінен құрметті Нәжмидден тақсырдың мәмлүгі» деген сөз.

Ол сұлтан ас-Салиха (Египет пен Сирия билеушісінің) әскерінде қызмет етеді, Бейбарыс исламды қабылдап, осылайша еркіндік алады. Еркіндік алған соң, Ніл өзеніндегі ар-Рауда аралында (Бахр ан-Нил) болады, онда сол жылдарға сәйкес әскери училище орналасқан болатын. Оның «түлектерін» аралдың атауы бойынша «бахриттер» деп атаған. Бахриттік мәмлүктердің корпусының негізін Саладин (Салах ад-Дин) салған. Бұл таңдаулы бөлімшелер болды, олардан сарай маңындағы гвардия және сұлтанның жеке күзеті құрылды. «Сиасет-наме» сәйкес, Бейбарыс мәмлүк казармаларында сегіз жылдық дайындықтан өтті. Сегіз жылдық оқу мен қызмет мерзімі Бейбарыс үшін билік шыңына жетер жолдың алғашқы баспалдағы болды. Келесі

сатыларда хейль-басы, хаджиб, атабек, эмир шендерін алу және әскербасы немесе аймақ наместнигі болу мүмкіндіктері ашылды. Әскери майданда Әл-Мансұр бекінісінде болған франктармен шайқас кезінде оның атағы жайылады.

1249 жылы крестік жорықтың қолбасшысы, қасиетті деп аталған француз королі Людовик IX Египетке «Қасиетті жерге кірер тұс» ретінде жанары түседі. Ол Дәмиетті қаласын алды, одан әрі Каирға қарай жылжыды. Шайқас болды, Людовик IX әскері жеңіліске ұшырады, олардың көбісі тұтқынға түсті, оның ішінде корольдің өзі де бар. Көрсеткен ерлігі үшін Бейбарыс «франктар жеңіскері» атағын алды. Алайда, кенеттен египет билеушісі сұлтан ас-Салих қайтыс болады. Жаңа сұлтан Тұраншах өзінің тәкаппар қарым-қатынасымен мәмлүктерді өзіне қарсы қояды. Өздерінің әскери күштерін сезінген мәмлүк әмірлері Бесбарыстың бастауымен сол жылы Тұраншахты өлтіреді. Таққа ас-Салих сұлтанның жесірі Аюба Шаджар ад-Дурр және оның күйеуі болған Айбек мәмлүк көтеріледі.

Шаджар ад-Дуррдың таққа көтерілуінің негізгі себебі ретінде, ол ас-Салихтың балаларының, яғни египет тағының мұрагерлерінің анасы болу жағдайы қызмет етті. Барлық ресми құжаттарда Шаджар «Халилдің шешесі» ретінде қол қояды, ал жұма сайын мешіттерде құтбада «ас-Салих сұлтанның әйелі» ретінде айтылады. Сонымен, осының бәрі мәмлүктерге Шаджар ад-Дуррды, жай сұлтанша емес, «Мұсылмандар патшайымы» ретінде көтеруге себеп болды. Оны билігі бар болғаны сексен күнге созылды, бірақ нақ сол жаңа кезеңнің –мәмлүктердің билеу кезеңінің басына жол салды.

Бейбарыс сұлтан болған кезде қыпшақ жерлері Алтын Ордаға тиісті болды, оны моңғол ханы Берке Құлағу басқарды. Бейбарыс оған ең алдымен достық пейілін білдіре отырып, хат жазды. 1262 жылы сұлтан Алтын Ордаға өзінің елшісін жібереді, моңғол империясымен әскери, сауда, мәдени, діни байланыстар бекітіледі. Осы әскери-саяси одақты нығайту ниетімен Бейбарыс Берке ханның қызына үйленеді де, осы некеден екі ұлы болады, олар әкесі қайтыс болғаннан кейін елді аз уақыт басқарады (үлкені – үш жыл, кішісі – үш ай).

Бейбарыс тарихта және халық жүрегіне жарқын із қалдыра отырып, өзі тұмаған аймақты он жеті жыл билейді. Билікті алғаннан кейін Бейбарыс сарайда орын алған өзара соғыстарды бірден біржола қойғызады. Ол өз аймағындағы әрбір қаланы нығайтты, олардың әрқайсысында тұрақты әскер ұстады. Оның қол астында қатаң тәртіп орнады: шарап ішуге тыйым салды, жезөкшелік жойылды. Барлық өзендерде көпірлер мен бөгеттер салынды. Әрбір қалада аз дегенде бір мешіт пен базар пайда болды. Құбырлар жүйесі енгізілді.

Қазақтың «Бөтен елде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол» және «Қарадан шығып хан болмас» деген логикасына қарсы, қыпшақ мәмлүктер өз әулетін таққа шығаруда ғана емес, сондай-ақ геосаяси күш полюсінің бірінің 132 жыл егеменді және өз бетінше дамуында Бейбарыс, Қалауын сұлтандардың айтарлықтай көрнекті үлестеріне бекітілген тарихтың аты шулы өзі жайлы даңқын қалдыруда өжеттілік танытты.

Бейбарыс Шығыстың барлық араб иеліктеріне, Орта Азия Селжүктеріне, Кіші Арменияға әмірші болды. Сұлтанның мөрінде өр көкірек барыс

бейнеленген. Бейбарыс бүкіл әлемге аты жайылған батырлардың бірі болды. Бұл адам, Дәмиетте (Думияте) крестшілерді талқандап, француз королі Людовик IX Мансұр шайқасында тұтқындап, крестік жорықтарға соңғы нүктесін қойған өзінің атын зор атақпен жапты. Ол өзінің жанжалшыл көршілерінің «тәбетін» мәңгілікке жапты, олар мәмлүк мемлекетімен санасуға мәжбүр болды.

Сұлтан Бейбарыстың арқасында Египет пен Сирия моңғол шапқыншылығы мен крестік жорықтардан қорғалды. Мәмлүктер мемлекеті жайнай түсті, бұл Бейбарысқа дейін және одан кейін болмаған. Мәмлүктер мемлекетінің төртінші сұлтаны - Рукн-Ад-Дин Аз-Захир Байбарыс тағдыры өте қызық және қарама-қайшы. Бейбарыс – құл болудан бастап Египет, Шама (қазіргі Сирия, Ливан, Иордания, Израиль, Палестина, Ирак Евфратқа дейін), Жерорта теңізі бекіністері Румға дейін (қазіргі Түркия) жерлері кіретін ұлан байтақ аймақтың әміршісіне дейін көтерілген адам.

Бейбарыс бірдей табыстармен қызметтің түрлі салаларында өзін көрсетті. «ежелгі мәмлүктердікі» ретінде танымал сәулет стилінің негізін қалаушы, Мұхаммед пайғамбардың Мәдина мешітін, Иерусалимдегі мешітті түкпілікті жөндеу «прорабы», әлемдегі ең бірінші исламдық оқу орнының реставраторы, жетім балаларға мемлекеттік қамқорлық көрсету институтын ұйымдастырушы, империяның еріксіздер базарындағы барлық этникалық түріктердің құтқарушысы, ғалымдар мен дінді жақтаушыларды ізет тұтушы. Империяда тарихи әдебиеттердің айтарлықтай жоғарылауы басталады, энциклопедиялар шығарылады. Сұлтан Бейбарыстың өмірбаянына арналған оның хатшысы әрі жерлесі Абд-аз-Захир жазған тарихи еңбек те пайда болды. Қолөнер мен сауданың дамуы ең жоғарғы шыңына жетеді. Мәмлүктерге әлемнің барлық түкпір-түкпірінен саудагерлер келе бастайды.

«Жеңімпаз мәмлүк (әмірші) Бейбарыс қайсар және күшті болды, еңбегі сіңген, әрі майталман атағы болды, сұлтан атағына толық сәйкес, мемлекеттік істер мен мәселелерде кеменгер түрде ақылды және білгір болды. Бұл ұлы патша еді, оның алдында шығыс және христиан мәліктері (әміршілері) тізе бүкті. Ол бір орында отыруды жек көретін, оның бағыттары мен резиденциялары Шама – Димашка және Халабада болды. Ол жорықтарда жиі болды, өзінің есімін ол батырлықпен ізденіп тапты және ұрыс даласында да теңдессіз батыл болды. Қыс болсын, жаз болсын – ол аттан түспейтін. Оның жүректілігі мен ерлігінің белгісі ретінде таңбада (герб) арыстанның бейнесі болды. Әскерінің даңқын көтермелеу үшін, ол соғыстарда басып алынған олжаны солардың арасында әділдікпен бөлу дәстүріне ие болатын. Жорықтарды ұйымдастыру үшін, дәулетті азаматтардың мүліктерін тәркілей отырып, көп қаражат жинады.

Бейбарыс тұлғалы, ұзын бойлы, ақ құба, дөңгелекше сақалы болды. Сақалында бір де бір ақ тал көрінбейтін. Оның маршы кезінде халық оған бірден өзінің ыстық сүйіспеншілігі мен қолдауын айтатын. Шарифаттың Болат Семсері, Бейбарыс ғалымдар мен діншілдерді қатты құрметтеді және адамдарға мейірімділік пен қайырымдылық көмек көрсетуді жақсы көретін», -деп ибн

Ийас өзінің «Бадаиг аз-зухур фи уакаиг ад-духур» ұлы мәмлүкті осылай сипаттайды.

Осы қасиеттерінің тізімін әбден жалғастыра беруге болар еді, себебі замандастары мен сұлтанның құзыретіндегілер, сондай-ақ кейінгі отандастары онда көптеген және түрлі аспектілік бақылаулар мен бағалаулар қалдырған. Даңқты рыцарь, ақылды саясаткер, виртуоздық дипломат және жарқын менеджер бейнесінен басқа, онда үй ішілік, мысалы сенімді дос және қамқор әке сияқты жұмсақ қырлары да ашылады.

1277 жылы Бейбарысты оның уәзірі қыпшақ Қалауын, қымызға у қосып, уландырады. Сұлтанның соңғы өтініші бойынша оны Дария қаласына (қазіргі кезде Дамаскіге кіреді), Баб әл-Барид зиратына жерлейді. Оның биографтары дәлелдегендей, Бейбарыс өзінің өмірін шыққан жерінде, отанында аяқтағысы келген. Бірақ Сирияға жерленген осы қыпшақ, мәмлүк, сұлтан – бөтен жерде, арабтардың өздерінен де артық істер жасады.

Әз-Захир – Каирдың орталық тұрғын аудандарының бірі. Оның тұрғындары, кварталдарына аты берілген ұлы Бейбарыстың ерліктері мен істері туралы айта алады. Квартал Каирдің шет жағында бір кездері Бейбарыс салдырған, қазіргі кезге дейін пайдаланылатын бекініс мешіттің құрметіне аталған, бірақ қаланың өсуіне қарай астананың нақ ортасына тұр. 17 жыл билеген кезінде Бейбарыс Каирдің құлпыруына, гүлденуіне аз істер жасаған жоқ. Нақ сол Бағдаттан осында Араб халифатының астанасын көшірді.

Президент Н.Ә. Назарбаев Каирдегі Бейбарыс мешітін қалпына келтіруге шынайы қызығушылық танытты. Қазақстан – Дешті Қыпшақтың ұлы даласының тікелей мұрагерлерінің негізгісі және ірісі – мешіт михрабын (Қаабы порталы) қаптау үшін қазақ даласынан таза жыныстық тас әкелуге дайын. 2000 жылы 4 шілдеде Атырау қаласында Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев аңызға айналған тұлғаларға - Сұлтан Бейбарыс пен Құрманғазыға ескерткіш ашты.

### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Унгарсынова Ф. Памятники легендарным сыновьям казахского народа. Казахстанская правда. 01.07.2000.
2. Кайрат Саки. Юрта на пирамиде, или о Бейбарсе со слов средневековых летописцев. Источник: [www.arba.ru](http://www.arba.ru).
3. Абу-ль-Аббас аль-Макризи. Книга поучений и назидания // Салах-ад-Дин и мамлюки в Египте. М., 1966.
4. Закиров С. Дипломатические отношения Золотой Орды с Египтом. М., 1966.
5. Рыжков К.В. Бейбарс I аз-Захир Рукн ад-дин // Все монархи мира.
6. Мусульманский Восток VII-XV вв. М., 2004.



## Қожа Ахмет Яссауи – ұлы орта азиялық ақын-сопы және дін уағыздаушы

*Қарағанды мемлекеттік  
техникалық университеті  
«Қазақстан тарихы» кафедрасының  
аға оқытушысы, ф.ғ.к.  
Нұрман Б.Г.*

Қожа Ахмет Яссауи – сопылық түрік тармағының қадірлі басшысы, ойшылы, ақын. Оның «Диуани хикмет» («Даналық кітабы» - көбінесе «Хикметтер» атауымен қысқартылып қолданылады) шығармасы сақталған. Биографиялық деректері үзінді түрінде. Нақты қайтыс болған мерзімі белгілі – 1166 жылы. Ахметтің әкесі Ибрахим Сайрамда атақты шейх болды.

Қожа Ахмет Яссауи 1103 ж. Испиджабта (қазіргі Сайрамда) туған. Алғашқы білімді өзінің әкесі шейх Ибрахимнан алған. Одан әрі білім мен тәрбиені оған ханафит мазхабынан белгілі ғалым Баха ад-Дин Испиджаби берді. Осыдан кейін Отырарға атақты Арыстан бабқа барады, ол сол кездері жергілікті мубайлықтардың басшысы болды. Қожа Ахмет Яссауи одан тұрмыстық және рухани даналықты асқан ұқыптылықпен қабылдады. Ұстазы қайтыс болғаннан кейін бүкіл әлем мұсылмандары ислам күмбезі деп атаған Бұқараға жол тартады. Ол мұнда, сол кездері өздерін Алланың рухымен бірігуді іздеуге бел буған мистиктердің белгілі мектебін басқарған атақты шейх Қожа Жүсіп Хамадани тұлғасынан лайықты ұстазын табады. Бұған шейх-сопылар оларды шақырды.

Ахметтің тұлға ретінде рухани қалыптасуына және оның генеологиясына қатысты аңыздардың түрлі нұсқалары бар. Сопылық сияқты ислам бағытындағы идеялар мен символдар әлемінің өзіндік бейнесі бар екенін атап өту керек. Олардың біріне сәйкес Мұхаммед пайғамбар қайтыс болар алдында, халықты жинап алып, мынадай сұрақ қойды: «Кім өзіне менің аманатымның (таспиқ) символын алып, менің ісімді жалғастырады?». Ұзақ өмір сүрген Арыстан баб шығады. 500 жыю өткеннен кейін далада Арыстан Бабқа 11 жасар ұл бала кездеседі де, ешбір алғысөзсіз: «Ақсақал, алла жарылқасын, менің аманатымды беріңізші» дейді. Бұл бала – Ахмет Яссауи еді.

Қожа Ахмет Яссауи XII ғасырдың басында өзінің алғашқы шәкірттерін түрік әлемінің түрлі қиырларына жібереді. Қызынан туған өзінің жиенін Ахмет Сопы – Қайалыққа, Хәкім ата Сүлеймен Бақырғаниды Үргенші қаласына жібереді. Ахмет Яссауидің сыбайластары мен шәкірттері: Хәкім ата (582/1183 ж. қайтыс болған) және Саид Ата (615/1218 ж қайтыс болды) өз шейхтарының рухани әдісін Сырдария мен Жайық бассейндеріне, Хорезмде және тіпті Шығыс Түркістанға таратты. Яссауи ілімінің таралу процесі Орталық Азияның далалық аудандарын исламдандырумен қолма-қол жүрді. Қожа Ахмет Яссауи өмір сүрген кезде оның шәкірттерінің арасында 12 мың тандаулы және 99 мың қарапайым халықтан шыққандар болды. Оның Яссы қаласында 40 ханаках-



чилляханы («шіркеу», сопылық үшкіруге оқытатын 40 күндізгі курстардан өтуге арналған арнайы оқу орны) болды, онда түрік әлемінің әр түкпірінен келген көптеген зерттеушілер оқыды.

Сопылық исламда жаңа мистика-аскетикалық ағын болды. Орталық Азияда сопылық IX-X ғғ. кең таралған, бұл ордендерге рәсімделген жеке сопылық мағынадағы мектептер құрумен көрінді, олардың басында араб тілдес елдерде – шейхтар, иран тілдестерде - шейхтар мен пирлар, ал түркі тілдестерде шейхтар, пирлар, ишандар, баба, ата деп аталатын тәлімгерлер тұрды. Орталық Азияда анағұрлым кең таралған ордендер - накшбандийа, йассауийа, кубравийа

Осыған орай мубайлықтар, исмайылдықтар, караматтардың діни бағыттары шафиттік, ханафиттік мазхаба және т.б. ғалымдарымен бір мезгілде өмір сүрді.

Қожа Ахмет Яссауи барлық өмірін, барлық күш-жігерін көптеген діни ағымдардың аясында рухани бірлік құруға арнады. Ол тек діни қайраткер ғана емес, сондай-ақ тамаша ақын, философ болды, қоршаған ортаның барлық жағын шынайы түрде жайлап байқады. Оны бәрі: қауымдық өмір де, билеушілер тағдыры да, халықтың өзінің тағдыры да толғандырды. Ақылды адам бола тұрып, ол өмірді барлық тұрғыдан түсінді: сыртқы – ойшыл ретінде, ішкі – табиғаттың жоғары рухымен байланысы бар рухани тұлға ретінде түсінді.

Қожа Ахмет Яссауидің шығармалары – өлеңдер, жинақтар, рисальдар жергілікті тұрғындар арасында кеңінен белгілі болды. Ол тек рухани тәлімгер ретінде ғана емес, сондай-ақ дана мемлекеттік қайраткер ретінде де қатысты. өзінің рухани уағыздарында, өлеңдері мен трактаттарында, халыққа өзінің ашық сөзін айта алатынын сезген кезде қазірге қажеттілікке үн қатты. Қожа Ахмет Яссауи басқа нанымдағы адамдарға төзімді болуға шақырады:

Сүндет емес кәпір болса, берме азар,  
Көңілі қатты, діл азардан Құдай безер.  
Ондай құлға Алланың азабы даяр,  
Даналардан бұл сөзді естіп айттым, міне.

Аңызға сәйкес Яссауи Тәңірге қызмет ету үшін қауымдық қарбаластан кетуге мәжбүр болады. Ол Яссы қаласының жер асты кельясына, мешіттің жанына қоныстанады, онда қалған өмірін өткізеді. 1166/67 ж. Қожа Ахмет Яссауи қайтыс болады және ұлы киелі адам ретінде Яссы қаласында ол үшін жабдықталған кесенеде жерленеді, ол соңында мұсылмандардың жаппай қажылықтары мен табынатын орнына айналды.

Қожа Ахмет Яссауи құрған бата беру мектебі білімге шөлдегендердің тартылыс орталығы болды. Оның беделінің арқасында Түркістан Қазақстанның ең маңызды орта ғасырлық ағарту орталығы болды.

Шейх қайтыс болғаннан кейін, ол құрған Яссауи рухани сопылық орталығы белсенді қызметін жалғастырды, ал зират маңында пайда болған мемориал кешен барлық Орталық Азияда әйгілі табынатын жердің бірі болды. Әдеттегідей мұсылман Шығысында болды, жаппай табыну орны белсенді сауда, қолөнер және рухани өмір орны болды.

Оның «Диуани хикмет» еңбегі – діни сопылық әдебиет ескерткіші ғана емес, олар көне түркі тілдес ескерткіштердің бірі болып табылады және көптеген түркітанушылардың пікірінше қарахандық әдебиет дәстүріне жатады. Олардың өлеңдерінің бастауы түрік көшпенділерінің шамандық өлеңдерінде де болады. Оның өлеңдерінің тілінде қыпшақ элементтері бар. Атақты «Диуани Хикмет» - түркі тілдес халықтардың ортақ мұрасы, олар ауыздан ауызға, ұрпақтан ұрпаққа таралды, халықты адалдыққа, әділдікке, мейірімділікке және шыдамдылыққа шақырды.

Осы шығармада Яссауи тарикатының негізгі ережелері жалпыланған. Хикметтерді ислам уағыздады және халық арасында мұсылмандықтың нығаюына ықпал етті. Түркі тілдес халықтардың арасында «Диуани хикметті» «Құраны түркі» деп атады, себебі нақ солар Құранды Қожа Ахмет Яссауи «Хикметтері» арқылы қабылдады, сондықтан түріктер оны - «Хазірет Сұлтан» - «Қасиетті Сұлтан», ал Түркістанды екінші Мекке деп атады.

"Бісміллә" деп баян еттім хикмет айтып,  
Шәкірттерге дүр мен гауһар шаштым міне.  
Жанды жалдап, қайғы шегіп, қандар жұтып,  
Мен "дәптер сәни" сөзін аштым, міне.

Сөзді айттым кімдерге де етсе талап,  
Ашық сөйлеп жақын жанды жанға балап.  
Ғаріп, пақыр, жетімдердің басын сипап,  
Діні қатты халайықтан қаштым, міне.

Қайда жүрсең көңіл жұмсақ, сыпайы болғыл,  
Көре қалсаң мүсәпірді дәмдес болғыл.  
Махшар күні құзырына жақын болғыл,  
Менменсінген халайықтан қаштым, міне.

Ғашық есігін Мәулім ашты, маған сыйлы,  
Топырақ қылып әзір бол деп мойнымды иді.  
Қара нөсер қарғыс оғы келіп тиді,  
Найза алып, жүрек, бауырым тестім, міне.

Осылайша Яссауи – Алланы исламда мистикалық танудың «түркі» жолдарының (тарикат) негізін салушы. Оның барлық тіршіліктің тұтас мәні туралы, жақындық және тіпті Құдайды өз санасымен тану процесінің тепе-теңдігі туралы, пайымдау, Құдаймен қарым-қатынас, бірігу жолдарында жеке рухани тәжірибе қажеттігі туралы идеяларының маңыздылығын мойындай отырып, зерттеушілер осы идеялардың халықтық дүние танымдарына бейімделуін атайды. Бірақ барлық айтылғандардан басқа, Яссауи қарапайым халыққа түсінікті және жақын көркем сөздердің үлкен шебері ретінде араб-парсы-түркі тілдік өзара әсер етісу процесіне қатысу тұрғысынан рухани мәдениет тарихына енді. Яссауи шығармалары – барлық түркі халықтарының

жалпы рухани игілігі. Әлі күнге дейін түріктер «Хикметтер» мәтінін аудармасыз түптұсқада оқи алады. «Хикметтер» өздері құрған қауымды біріктірудің идеологиялық негізі болды. «Хикметтерден» алынған үзінділер Яссауи зікірі (сопылық үшкіру) кезінде ән боп айтылды, олар жиі белсенді дене қимылдарымен және қатысушылардың экстатикалық тәртібімен (асма) қатар жүрді. Зікір тақырыбы Ахмет Яссауидың хикмет-ғибраттарында да маңызды болып тұрады.

Зікір (араб тілінен аударғанда - «еске алу») — Алла атынан тұратын намыз сөздерін көп рет айтумен шектелетін исламдық рухани практика. Зікір исламда көбінесе сопылықтың медитациялық практикасы ретінде дамыды. Сопылар зікірді «барлық мистикалық жолдар негізделген бағана» деп атайды. Зікірді айтқан кезде орындаушы ерекше ырғақты қозғалыстар жасау, белгілі бір намаз қалпын (жалса) қабылдауы және өзінің демін бақылауы қажет. Зікірді көбінесе фикраға, сол арқылы өзі туралы және Құдай туралы «үнсіз» ойлану немесе медитацияға қарама-қарсы қояды.

Зікірді келесі түрлерге бөледі: жаһри (жали) зикр – тілмен айтып еске алу; хафи зикр – іштей оймен еске алу. Еске алуды немесе жалғыз, немесе сопы қауымы өкілдерінің жалпы жиналысында жасауға болатын [мәжіліс әз-зікір]. Кейбір бауырластар (мысалы, шадилиһа, халватийһа, даркава сияқты және т.б.) оңашаланған зікірдің, яғни мистикалық «жолдың» аяғына жақындағандардың басымдығын атап айтты, оны олар «[Құдайдың] қалаулылар зікірі» (зикр әл-хавасс) деп атады. Басқалары (мысалы, Алжит мен Тунисте рахманийһа) оңашаланған еске алу «қаупін» нұсқады және оны ұжымдық зікірмен үйлестіруге кеңес берді, ол тақуалардың үлкен «жиналыстары» (хадра) кезінде де, сондай-ақ шағын «үйірмелерінде» де (халка) жөнеле алады. Ұжымдық зікір ережелері кейбір бауырластықтарда оларға қатысушыларға белгілі бір қалыпты және дем алуын бақылауды ұйғарады. Мұндай «еске алулар» өзінше литургияны еске түсіреді, ол бауырластықтың негізін салушы өсиет еткен құран аяттарын немесе намаздарды айтудан басталады. Мұндай бастама хизба немесе вирда деп аталады.

Зікір сөзі Құраннан алынған, онда ол, жеке алғанда, келесі өлеңдерде кездеседі: «Сен Құдайыңды ұмытып қалсаң, еске түсір [узкур] » (18:24) және «О, Құдайға сенгендер! Алланы [узкур] жиі еске түсіру арқылы еске алыңдар» [зикран касиран] (33:41).

Халладж, Мұхамедтің Құдайдың тағына (мирадж) «түнде шығуын» сипаттай отырып, «зікір бағы» арқылы баратын Құдай жолы, шын мәнінде өз тағдыры туралы және Құдай (фикр) туралы «ойлау жолдарымен» мәні бірдей дейді.

Осылайша, Яссауи сопылығының бірінші ерекшелігі - халықтығы немесе түркі тілдес халықтарға үндеуі. Бұдан оның екінші ерекшелігі– түркі тілінде тарату шығады. Яссауи алғаш рет ислам әлемінде түркі тілін зікір салуға пайдаланады, дегенмен исламның басты ережелері, бұрынғыдай араб тілінде жеткізіледі. Жеке алғанда, Яссауи туған халқына ана тілінде айту үшін өзінің «Хикметтерін» жазады. Өз кезегінде нақ осы жағдай Түркістан ареалында яссауилықтың атағын қамтамасыз етті. Түрік әдеби тілі және философиялық

терминология Яссауиден (және Жүсіп Баласағұн) басталады. Оның үстіне, Яссауи тілінің аналитикасында шеттен алуға ғана емес, сондай-ақ жеке түрік лексемаларын когнитивті байытуға да көңіл бөлді. Мысалы, қарапайым сөзбен айтқанда «ата» мағынасындағы «ата» сөзі енді рухани тәлімгер, шейх дегенді білдіре бастады. Сонымен Сүлеймен Бақырғани халық арасында «Хәкім ата» ретінде белгілі. Егер Қорқытты аңыздарда жай ғана Қорқыт деп емес, Қорқыт ата деп атаса, біз соңғысында тек данышпан немесе музыкантты ғана емес, белгілі бір сопылық мағынаның басшы деп білеміз.

Бұл шындықтан онша алыс емес деп ойлаймын, себебі Яссауи орденінің үшінші ерекшелігі өз үшкірулерінде музыканы кеңінен пайдалану болды. Хусам-ад-дин Сығнақи «Рисалада», «шейх Ахмет Яссауи жүз жетпіс маңдай алды және нағыз ұстаздар қызметінде болды және олардан иджаз немесе өз бетінше уағыздауға рұқсат алды. Сол дереккөзіне сәйкес ол олардың (яғни осы ұстарздардың) жарлықтарының иесі болды және олардың әрқайсы оған өз хиркаларын кигізді – сопылық мектептердегі сабақтастық символы. Ол олардан «зикр-и-джахр» (қатты зикр), «самау и ракс» - салттық билердегі музыкалық үшкіруді қабылдады».

Яссауи мектебінің келесі ерекшелігі – еркектермен бірдей діни әрекеттер жасаған әйелдердің үшкіруге қатысуы. Бұл ортодоксальдық орталарда жағымсыз реакция тудырды, бірақ Яссауи бірлескен зікірдің қабылдарлық екенін дәлелдеді.

Теориялық негіздерге келетін болсақ, Яссауилік жетілу жолы негізгі төрт кезеңнен тұрды: 1) шарифат, 2) тарикат (жеке жол), 3) хақиқат (Жолдың соңында Ақиқатқа жету) және 4) маурифат, яғни Болмысты толық және абсолютті білу және құдайшыл әлемнің құпияларын ашу, Құдайды жоғалу.

Яссауиде Жолды жүріп өту басқа өңірлердің сопылық тарикаттарының ішіндегі ең күрделісінің бірі болды. Мысалы, ескерілген төрт кезеңнің әрқайсысы тағы да он жеке «тұрақтарға» - мақамға бөлінді. Осы тұрақтарды игеру төтенше қиын іс болды. Қожа Ахмет өз шейхтарына, егер олар жетпіс ғылымды білмесе, жетпіс тұрақтан өтпесе, олар пұттан жоғары тұрмайтынын ескертті.

Сопы «әулиелерін» (турба) жерлеу қажылық нысандары болады, олардан тірі шейхтардағыдай «жақсылық» сұрайды, қорғаныш және ем іздейді. Ахмет Яссауи мен Арыстан Баб табыттары қажылықтың (пилгримаж; зийарат) бір желісімен байланысқан.

Сопылықтың маңызды ерекшелігі әулиелер ғибадаты болып табылады. Бабалар ғибадаты баяғыдан түріктер менталитетінің маңызды құрамды бөлігі болып табылды. Түрік мифтерінде бабалар бейіттері қасиетті, табыну орны болып табылады. Мұндай орындарды Құдайдың өзі барлық бақытсыздықтан жасырған деп саналған. Даладағы көштер ескі бейіттердің басына түнеуді жөн көрген, солардың жанында өз сөздерінің шындығына және сенімділігіне ант берді. Жерленген жердің жанында намаз оқу маңызды қазақ салттарының қатарына жатады. Бейіттің жанынан ағаш өссе, ол қайтыс болған адамның киелілігінің куәсі болған. Сыйынатын қазақтар осы ағаштың бұтақтарына маталардың жолақтарын байлап, Алланы еске алып, одан өз тілектерін орындау

туралы немесе аурудан құтқару туралы сұрайды. Сондықтан Яссауи бауырластар орталығы әдетте барлық Орталық Азия бойынша таралған атақты Яссауи шейхтары молаларының маңайына, жеке алғанда Қыпшақ даласында, Қазақстанның оңтүстік аумақтарында: Түркістан мен Шымкентте орналасқан.

Шейх қайтыс болғаннан кейін оның құрған рухани сопылық орталығы белсенді қызметін жалғастырды, моланың жанында пайда болған мемориал кешен барлық Орталық Азияда әйгілі табынатын жердің бірі болды. Қасиетті жерлердің қызметшілері, Қожа Ахмет Яссауидың кесенесіне үш рет (нұсқасы: жеті рет) бару (зийарат) әлсіз адамдар үшін Меккеге баратын үлкен қажылықпен теңеледі. Әдеттегідей мұсылман Шығысында жаппай табыну орны белсенді сауда, қолөнер және рухани өмір орны болды.

### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Кодар А. Концепты Степного Знания // Қазақ өркениеті – Казахская цивилизация. – 2001. – №1. – С.69.
2. Қасқабасов С. Қазақтың халық утопиясы // Жұлдыз. – 1990. – №6. – С. 184-192.
3. Каракузова Ж.К., Хасанов М.Ш. Космос казахской культуры. – Алматы: Евразия, 1993. – С. 15.
4. Сегизбаев О.А. Казахская философия XV – начала XX века. – Алматы: Казахстан, 1996. – С. 64.



## **Мұхаммед Хайдар Дулати – белгілі тарихшы, әдебиеттанушы және мемлекет қайраткері**

*Қарағанды мемлекеттік  
техникалық университетінің  
«Қазақстан тарихы»  
кафедрасының аға оқытушысы  
Ошанов Н.З.*

Дулатидің толық аты Мырза Мұхаммед Хайдар бон Мұхаммед Құсайын Дуғлат Көреген. Дулати 1499 жылы Ташкентте туған. Қазақ халқының көрнекті ұлы қазақтың ежелгі Дулат тайпасының өкілі болып табылады. Өз заманының тамаша тарихшысы және саяси қайраткері болды. Жоғары білім мен Евразия халықтарының тарихы мен мәдениеті туралы ұланғайыр білімінің куәсі оның атақты және керемет еңбегі «Тарихи-и Рашиди» болып табылады.

Бұл еңбегінде ол ұрпақтары үшін – XIV ғасырдың екінші жартысы мен XVI ғасырдың бірінші жартысындағы Моғолстан мен Қашқар тарихын сипаттайтын баға жетпес мәліметтер қалдырды. Осы еңбегін XVI-XX ғасырдағы авторлар түрік және оған көрші халықтар орналасқан кең аймақтың тарихының алғашқы деректері ретінде кеңінен пайдаланды. Ол өзектілігін біздің заманымызда да жоғалтқан жоқ. Дулатидың осы басты еңбегі көптеген тілдерге аударылды.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдардағы көрнекті қайраткерлердің арасынан құрметті орын алды. 1999 жылы ЮНЕСКО эгидосымен оның 500 жылдығына арналған арнайы конференция өткізілді.

Мұхаммед Хайдар Дулатидің ата-бабасы Моғолстан мемлекетіне енген оңтүстік-шығыс Қазақстанның, Қырғызстан мен Шығыс Түркістанның көрнекті саяси қайраткерлері болған. Олар ұлыбектердің, тархандардың орындарында отырды және өздерінің мұралық иеліктері – Маңғылай-Сүбені басқарды. Мұхаммед Хайдар Дулатидің үлкен атасы Мұхаммед Хайдар мырза 1480 ж. дейін Қашқарияны биледі. Оның әкесі Мұхаммед Құсайын XV ғасырдың басы мен XVI ғасырдың аяғында Моғолстанның шығыс бөлігінің билеушісі Сұлтан Махмұд ханның нөкерлерінің бірі болды. Мұхаммед Хайдар Дулатидің анасы - Хуб Нигар ханым Жүніс ханның қызы болатын, ол өзі - анасы жағынан Саид хан сұлтанның және Үндістанды билеген Ұлы Моғолдар әулетінің негізін қалаушы Захир ад-Дін Мұхаммед Бабурдың немере ағасы.

Мұхаммед Хайдар Дулатидің балалық шағы Орта Азиядағы Темір әулетінің, Мұхамед Шайбанидің өзбек көшпенділерінің қысымымен құлдырай бастаған кезіне сәйкес келеді.

Хайдар мырза өзінің негізгі білімін Жаркентте алады, онда үздік медреседе оны үздік педагогтар мен ғалымдар оқытады. Құран және қадистермен қатар ол географияны, жаратылыстануды, математиканы, тарихты, философияны, логиканы, әдебиетті, тілдерді оқиды. Күн сайын әскери өнер сабақтарын алады. Оның оқуы мен тәртібін Саид ханның өзі қадағалайды. Тарих пен географияға,

әдебиетке, жылнамаларды зерделеуге көп көңіл бөледі. Осының бәрін «Зафарнаме» авторы, библиограф Әмір Темір І Параф ад-Дина Али Иаздидің шығармаларынан сарқып алуға болады екен, сондай-ақ Иакут аль-Хамауи ар-Румидің, Рашид ад-Діннің, Ұлықбектің, Бабурдың және т.б. еңбектерін оқиды. Саид хан Хайдар мырзаның талантын жоғары бағалайды, оны ұлындай жақсы көреді, оған өзінің кіші қызын әйелдікке беріп, гурхан (ханның күйеу баласы) етеді, осылай достығын туыстық байланыспен нығайтады. Хайдар мырзаның еңбектерінде Саид ханның жасаған барлық жорықтары мен әрекеттері бейнеленген, ол осы оқиғалардың тікелей қатысушысы болған.

1512 ж. Мұхаммед Хайдар Дулати, Қашқарияда Саид хан сұлтанның сарайында болған кезде сарайдағы көрнекті әскери және басқа лауазымдарда болады. Бабурдың айтуынша, Мұхаммед Хайдар Дулатидің энциклопедиялық білімдері болған, Қазақстан, Орта Азия, Моғолстан тарихын жақсы білген.

1541-1546 жж. Кашмирде ол «Тарих-и Рашидиді» жазады, онда ол моғол хандарының сарайларында сақталған ұрпақтан-ұрпаққа таралып келе жатқан дулаттардың өткен өмірі туралы әңгімелерге, моғолдардың аңыздарына, құпия құжаттарға және көргендердің куәлігі мен өзінің бақылауларына сүйенеді. Автор өткендегі - Жувейни, Жамал Карши, Рашид ад-Дин Али Йазди, Әбдіразақ Самақанди сияқты белгілі ғалымдардың тарихи шығармаларын пайдаланады. Осының бәрі берілген шығарманы мұрағаттық деректерге негізделген тарихи анықтама ретінде сипаттауға мүмкіндік береді.

«Тарих-и Рашидида» Қазақ хандығының қалыптасуы, Жетісу мен Шығыс Дешті Қыпшақтағы ізінше болған оқиғалар, Моғолстанның шабуылдары, феодалдық соғыстар, сыртқы жауға қарсы күресте қазақтар, қырғыздар мен өзбектер арасындағы достық одағын нығайту туралы көп мәліметтер бар. Еңбекте Оңтүстік және Шығыс Қазақстанның XV-XVI ғғ. әлеуметтік-экономикалық жағдайы, қалалық және егін шаруашылығы мәдениеті, Жетісудың тарихи географиясы, Орта ғасырлық Қазақстан туралы көптеген құнды деректер бар.

«Тарих-и Рашидида» Қазақстанның: Сайрам, Түркістан, Йанги (Тараз), Баласағұн, Шу, Сырдария, Іле, Ертіс, Көкше теңіз (Балқаш), Қаратал және т.б. сияқты қалалары мен өзендерінің атаулары мен кейбір сипаттамалары ғана беріліп қойған жоқ, сондай-ақ осы өлкелерде туған ғалымдар мен белгілі тұлғалардың есімдері де аталады.

«Тарих-и Рашидидің» ерекше белгісі – шыншылдық болып табылады. Автор өзінің алдына - өздері көрген шындықты, ол өзі қатысқан оқиғаларды немесе өткеннен орын алған ақиқатқа жүгінетін тарихи фактілерді бейнелеу мақсатын қойған. Мұхаммед Хайдар Дулати сандаған түркі тілдес этностар өз бетінше: қазақ, қырғыз, өзбек, қарақалпақ ұлттары болып рәсімделе бастаған кезеңде өмір сүрген. Сондықтан сарай шиеленістері, өзара қақтығыстық қайшылықтар мен соғыстар, билік пен жер үшін күрес, Дешті Қыпшақтармен қарым-қатынас туралы толық түрде әңгімелейді, ол «өзбектер» мен «қазақтар» этносының пайда болуы сияқты тақырыпқа да жүгінеді.

Хайдар мырза Кабулда өмір сүрген кезінде Бабурдың Шайбанидтерге қарсы қауіпті әскери жорықтарына қатысты. Көзімен көрген ұрыс шайқастары

мен сынақтар Хайдар мырзаның жақсы шыңдалып, тұлға болып қалыптасуына нағыз сабақ болды. Ұрыс шайқастары кезінде оның ұстаздары мен қамқоршыларының бірі Саид ханның өзі болды. 1514 жылы ол Хайдар мырзамен бірге өзінің маңындағыларды шақырып алып, Қашқарияға жол тартады, Әбу Бәкірді тақтан түсіріп, Қашқар хандығын - жаңа мемлекетті құрады. Хандар ордасы тұрған Қашқарияда, Жаркентте көптеген мешіттер, медресе, сарайлар, керуенсарайлар болды. Мұнда өз шығармаларын шығарып, адамдарды сауаттылыққа үйретуші ғалымдар мен ақындар жан-жақтан келіп жатты. Кашмир Хайдар мырзаға өте ұнады. Сондықтан ол «Тарих-и Рашидида» Кашмирге сегіз тарауын арнайды. Өлке астанасы Сринагар қаласын, оның көп қабатты үйлерін, салтанатты аркаларын, жергілікті шеберлердің өнерін, небір бұйымдардың ғажайып әдемілігін сипаттайды. Мұнда кашмирліктердің исламды қабылдау тарихы өте толық мазмұндалған.

Үнді тарихшылары Хайдар мырза билеген кезде Кашмирдің құлпырғандығын айтады. Рухани дүниелер мен мәдениеттің дамуына зор көңіл бөлінді. «Тарих-и Рашидимен» жұмыс жасау барысында автор көптеген деректер, мысалы Ата Мәлік Ала ад-Дін Мұхаммед Джувайнидің «Тарих-и джахангушай» («Әлемді жаулап алу тарихы»), Орта Азия, Ауғанстан мен Жетісу тарихы сипатталған Жамал Карши еңбектерін пайдаланды.

Осындай ойлы, байқағыш тарихшының, соғыста да, басқаруда да тәжірибелі, ұзақ уақыт бойы Бабурдың үйімен тығыз байланысты болған адамның өмірі мен қызметі үнді тарихшыларының белгілі бір қызығушылығын тудырды.

Оның дипломатиялық қабілеттермен ұштасқан тұлғасының тартымдылығы - оған Хумаюн императорының аласапыран кездерінде өз иелігінің тәуелсіздігін сақтап қалуға ғана емес, Тибеттегі жаңа жеңістер есебінен оны кеңейтуге де мүмкіндік берді. Мемлекеттік-әкімшілік істері мен әскери әрекеттер оған әдеби қызметтерімен параллель айналысуға кедергі болған жоқ: нақ сол кашмир кезеңіне оның «Тарих-и Рашиди» тарихи еңбегімен көп жылдық айналысуы жатады.

Мұхаммед Хайдар Дулатиге 1529-30 ж. Бадахшанда болған кездерінде түрік тілінде жазылған «Джахан-наме» өлеңдік трактаты жатады. Оған поэзия да бөтен емес болатын: түрік және парсы тілдерінде бірдей еркін жазды, поэтикалық псевдонимі «Айяз» болды.

Мұхаммед Хайдар Дулати 1551ж. жұмбақ жағдайда қайтыс болды. Оның моласы Сринагарда Мазар-и салатинде тұр.

XVI-XVII ғғ. өзінде классика болып саналған «Тарих-и Рашиди» кеңінен таралды, көп рет қайта жазылып, қайта оқылды, бұл бес ғасыр бойы оған деген өшпес қызығушылықтың куәсі. Осы данышпандық туындының баға жетпес көшірмелері Англия, Франция, Германия, Ресей, Үндістан, Пәкістан, Иран, Өзбекістан, Тәжікстан, Шығыс Түркістанның жылнама сақтағыштарында жатыр. Орта ғасырлық зерттеушілер өздерінің еңбектерінде, Шығыстың жұмбақ елдері: Кашмир, Шығыс Түркістан, тибет туралы әңгіме болғанда «Тарих-и Рашидиға» сілтеме жасайды.



XIX ғасырдағы ғалымдардың ішінен бірінші болып Ш.Уәлиханов осы еңбекке жүгінді. Ғылым Академиясы мұрағатында «Тарих-и Рашиди» жылнамасымен танысқан соң, осы туындының үзіндісіне шағын аударма жасады. Ағылшын шығыс танушысы Денисон Росс «Тарих-и Рашидиді» ағылшын тіліне аударып, Лондонда басып шығарды. Бірінші басылым 1895 жылға жатады, ал екіншісі – 1898 ж. Батыс еуропа ғалымдары - Х.Беверидж, В.Беллью, Дж.Бриггс, Дж.Даусон, Х.Джеррит, Е.Д.Росс, Ф.Х.Скрайн, Р.Шоу, Э.Эллиот, В.Эрскайн және басқалары Үнді тарихын зерделеп, Еуропада кеңінен таралған жоғарыда аталған еңбекке бірнеше рет жүгінді.

1996 жылы «Тарих-и Рашиди» В.М.Такстонның парсы мәтінімен АҚШ-та басылып шықты. «Тарих-и Рашиди» толық түрде орыс тіліне аударылып, 1996 жылы Ташкентте басылып шықты, ал 1999 жылы қазақстандық «Санат» баспасы оны бес рет қайта басып шығарды.

Әл-Фараби атындағы ҚазМУ мен Тараз университеті осы көрнекті ғалымның өмірі мен шығармашылығына арналған бірнеше халықаралық конференциялар өткізді. Кейінірек Тараз мемлекеттік университетіне оның аты берілді. Қазақстанда Әл-Фарабидің 1100 жылдық мерейтойынан кейін атап өтілген маңызды мерекелердің бірі 1999 ж. Хайдар Дулати мырзаның 500 жылдығы болды.

Осы көрнекті қолбасшының, мемлекет қайраткерінің, орта ғасырлық талантты тарихшының өмірі мен қызметі аз зерделенген және өзінің зерттеушілерін күтуде. Хайдар мырза туралы шығыс тілдерінде көптеген мәліметтер бар, олардың көпшілігі әлі күнге дейін жарияланбаған. Хайдар мырзаның шығармашылық мұрасы бүкіл әлемдік мойындауға және жоғары бағаға ие болды. Оның Орта Азия елдерінің ғылымын, мәдениеті мен әдебиетін дамытуға қосқан үлесін қайта бағалау күрделі. Әлемнің көптеген елдерінің ғалымдарына, қазақтың тарихи ғылымының бастауын М.Х.Дулатидің «Тарих-и Рашиди» атты классикалық еңбегісіз көз алдына елестету қиын.

### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Аяган Б. Летописцы средневекового Казахстана //Экспресс К. 2005.-19 авг.- С.9.
2. Достанбаев Т. Великий историк Отечества: К 2000-летию Тараза //Каз. правда.-2002. 13 сентября.
3. Достанбаев Т. Возвращение Дулати в Тараз //Жамбыл-Тараз.-2000, 29 сентября.
4. Изучение памятников истории и культуры Жамбылской области //Тараз-Хабар-2000.-2004.- 21 мая.- С.2.
5. Қазыбек, М. «Тарихи-и Рашидидің» тарихи-танымдық сипаты //Қазақ батырлары.-2006.-№ 3.
6. Ситько, Н. Мухамеду Хайдару Дулати - 500 лет //Наука Казахстана.- 1999.-N21-22.1-30 ноября.



## Қадырғали Жалайыр – танымал тарихшы, мемлекет қайраткері

*Қарағанды мемлекеттік  
техникалық университетінің  
«Қазақстан тарихы»  
кафедрасының аға оқытушысы  
Мақалақов Т.Ж.*

Қадырғали Жалайыр (1530-1605/1607) – алғашқы қазақ жазушысы және ғалымы. Қазақтың Орта жүзінің «жалайыр» руынан шыққан. Қадырғали Жалайырдың ата-бабасы Қарахандықтар мемлекеті кезінен бастап үздіксіз хан нояндары (князь), уәзірлері (кеңесшілері) немесе батырлары болған. Оның атасының аты - Темшік батыр, ал әкесі – Қосынбек болған. Қадырғалидың атасы атақты батыр болған, ол немересіне жауынгерлік өнердің негіздерін үйреткен. Ал оның әкесі Қосынбек өз заманының ең білімді деген адамы болды. Осылайша, Қадырғали Жалайыр өзінің ата-бабаларының ең үздік қасиеттерін қабылдаған. Өзінің қарқынды өмір жолдарының ішінде ол жоғары текті ұрпақтарды (хан балаларын) тәрбиелеуден бастап, билік сарайындағы хан кеңесшісіне дейінгі түрлі лауазымдарды атқарады.

Білімді, өзіне лайық ұстамдылықтағы адам кез келген қоғам мен кез келген елде құрмет пен сыйды жеңіп алады. Осы ақиқатты өзінің жеке басының үлгісі ретінде қазақтың ұлы ғалымы, әрі саяси қайраткері Қадырғали Жалайыр дәлелдеді. Өмір жолдарында оған мекен-жайын бірнеше рет ауыстыруға тура келді.

Оның ауылын қалмақтар шауып кеткеннен кейін, Шығай ханның ұлы мен Тәуекел ханның ағасы – Оңдан сұлтан жау қолынан қаза табады, Қадырғали Жалайыр өзімен бірге Оңдан сұлтанның 13 жасар баласы Ораз-Мұхаммедті алып, Сібір ханы Күшімге тиісті аймақтарда туысқандарымен көшіп жүреді. Күшімнің сарайында, өзінің үздік қасиеттерін байқата жүріп, ол аға би (кеңесші) болып сайланды. Қадырғали Жалайыр өзінің «Өлеңдер жинағында» былай деп жазады: «Менің ата-бабам Ораз-Мұхаммед сұлтанның ата-бабаларына қызмет етеді. Мен өзім Ораз-Мұхаммедтің әкесіне қызмет еттім, ал соңында үнемі Ораз-Мұхаммедтің қасында болдым». Өмір бойы ол өзінің парызына адал болды, өзінің тақсыры, әрі шәкірті Ораз-Мұхаммед сұлтанды бірде-бір рет тастап кеткен емес.

Қадырғали Жалайыр туған (қазақ) тілін ғана емес, араб және парсы тілдерін де жақсы білді, шығыс классикалық әдебиеті, ғылымы мен мәдениеті саласында терең танымы болды. Қадырғали Жалайыр білімнің тереңдігі бойынша Орта Азияның Бабур, Бенан Сенан және Сэцен сияқты ұлы ойшылдарымен бір деңгейде тұр. Жоғарыда атап өткендей, Қадырғали Жалайырдың оқымыстылығы мен данышпандығын қажетті түрде бағалай отырып, Күшім хан оны өзінің кеңесшісі етіп сайлайды. Алайда сонымен

қатар Қадырғали Жалайыр Сібір князі Сейдектің (Сейдахмет) де кеңесші биі болады.

Соңында Қадырғали Жалайыр Күшім ханға қарсы шығып, Ораз-Мұхаммедпен бірге Сейдахметпен жақындасады, соның салдарынан соңғысының беделі мен дәрежесі айтарлықтай биік деңгейге көтерілді. Сібір хандығының көптеген князьдары мен билері осыдан кейін Сейдахметтің жағына көшеді. Ресей жылнамаларында осы факт бойынша ақпараттар сақталған, онда да Сібір хандығы билік құрған соңғы жылдар туралы мәліметтер бар. Берілген мәліметтерге толық тоқталған жөн, себебі осы мәліметтер Қадырғали Жалайыр мен жас сұлтан Ораз-Мұхаммедтің одан арғы тағдырына әсер еткен.

Сібір хандығы 1588 жылы тіршілігін тоқтатты. Бұл орыстың «Сібірді жаулап алу» жылнамасында осы оқиға былай сипатталады: «Летом 709 (1588) году случилось князю Сейдяку (последний хан Сибири - Сеидахмед) с салтаном Казачьей Орды (Ораз-Мухаммедом) и с мурзой Карачею (Кадыргали Жалаири) и с 500 человеками татар на берегу реки Иртыш забавляться ястребиной охотою... И понеже сие происходило в виду от города, то письменный голова Чулков тотчас о том увидал и послал к князю, чтобы его с товарищами просить к себе на обед, причем о мирных договорах советовать можно будет».

Кейде сібірдің соңғы ханы ретінде Күшімді атайды, бірақ бұл олай емес. Күшім Іскер (Сібір хандығының астанасы) тағындағы соңғы Шыңғыс тұқымы, ал соңғы ханы Сейдахмет болған. Ұзақ уақыт Төмен (Тюмен) хандығын тайбұғы руы биледі. 1400 жылдардың ортасында Шыңғысханның ұрпағы Ибақ тайбұғы Мараны өлтіріп, тақты алады. Алайда Мараның немересі – Мұхаммед Ибақты өлтіріп, өзіне хан лауазымын қайтарып алады. Уақыттың өтуімен тарих доңғалағы қайтадан артқа шегінеді. Тайбұғының Едігерін Шыңғыс тұқымы Күшім өлтіреді, ал Едігердің Сейдахмет атты ұлы Күшімнің қылышынан қорқып Орта Азияға жасырынады. Жуық арада, Ермактың кішкене кемелері Іскерге келген кезде Күшімге Сібір тағын тастап кетуге тура келді. Вагай суларында атаман қайтыс болғаннан кейін, Іскерге Тайбұғы руының соңғы өкілі - Сейдахмет өзінің нөкерлерімен кіріп, өзін ұлы хан деп жариялады.

Алайда Сейдахметке ұзақ билеу жазбады: Тобыл сағасында барған сайын жаңа кішкене кемелер пайда бола бастады, таң атқаннан кешке дейін балталардың шабысы естіліп тұрды. Бұл - Тобылдың соғылып жатқаны болатын. Хан, жанында, оның вотчинасынан бірнеше қадам жерде қарсыласы жаңа қала соғып жатқанына Іскер қабырғаларынан қаһармен көз тастап жүрді. Тобыл 1587 жылдың жазы ішінде соғылып бітті. Ештеңеге қарамастан хан орыстармен жанжалдасудан қашып жүрді, оның ойынша, олар «ағаштан» от лақтыра алады (оқ атар қаруларды қолдану). Көп ойланғаннан кейін Сейдахмет қазақ ханы Тәуекелмен одақ болуды шешеді. 1588 ж. жазда одақтастарының өкілдері – Тәуекелдің туысы 16 жасар Ораз-Мұхаммед пен Қадырғали Жалайыр - Іскерге келеді.

Жылнамалардың хабарлауынша, қаршыға аулау кезінде соңғылары Чулков әскербасының сөйлесуге шақыруын қабылдағылары келмеді, алайда жас сұлтан

Тобылға сапарға шығуға көндіреді. Қонақтарды Данила Чулковтың өзі көңілді қарсы алады. Жуық арада Тобыл бекінісіне парламентарийларды не үшін алдап әкелген сәті туады. Кесені жиегіне дейін толтырып, әскербасы мұсылмандарға «ақ патшаның» (яғни Ресей патшасы) құдіреті үшін ішіп қояды ұсынады. «Но понеже Сейдяк и его товарищи ту чашу выпить отговаривались, то оное принято за явное доказательство, что, конечно, у них намерение худое. Между тем, по Чулкову приказу, все русские войско в городе вооружилось и, по данному от него знаку, знатнейшие гости взяты под караул, а рядовые, которые у них были в провожатых, - все побиты» («Покорение Сибири»). Қонақтар тұтқындалды. Сол күні Чулков тобы Іскерді басып кірді. «С того времени ни татары, ни русские долее в городе Сибири не жили», - деп жазылады жылнамада. Тайбұғы Сейдахмет құрмет тұтқынында Ярославдан батысқа таман Бежицкий Верх уезінен жер иелігін алады. Сібірдің соңғы ханы Сейдахметтің билігі осылай аяқталады.

Осылайша, 1588 ж. сібір әскер басы Д.Чулков Қадырғали Жалайырды, Ораз-Мұхаммед пен Сейдахметті тұтқынға алдап түсіріп, оларды үй-тұрмыс шаруашылығымен және отбасымен бірге Мәскеуге «аманат» ретінде жібереді. Шамамен 1598 ж. дейін Қадырғали Жалайыр Мәскеуде патша сарайында өмір сүрді. 1590-1591 жж. шведтерге қарсы соғысқа қатысканы және ұрыс барысында батырлық танытқаны үшін орыс патшасы Федор Иванович 1592 ж. Ораз-Мұхаммед сұлтанға бұрынғы Қасым хандығының құрамына енген Ока өзенінің жағасынан жер бөліп береді. 1600 ж. орыс патшасы Борис Годунов Ораз-Мұхаммедті Қасым хандығының ханы етіп сайлайды. Қадырғали Жалайыр оның төрт уезірінің (кеңесшісінің) бірі болып сайланады.

Өзінің Қадырғали Жалайырға арналған мақаласында Калиль Вахитов барлық осы оқиғаларды қысқаша сипаттайды. Ол былай деп жазады: «Алғаш рет Қадырғали бек Сібірге Күшіммен бірге келеді. Қараша (бас уезір) лауазымымен бірге қазіргі Тобыл ауданының аймағынан жер иелігі сыйға тартылған болатын. Ермак Күшімді қуып шыққаннан кейін Қараша далаға қашуға мәжбүр болды. 1588 ж. жазда ол қайтадан Сібірге, бұл жолы қазақ ханының елшісі ретінде келеді. Тұтқындалған кезінде тартып алынған хат сақталған. Онда былай делінген: «Обладатель сей высочайшей грамоты - Главный эмир Среднего жуза Кадырғали-бек из племени жалаиоров. Он уполномочен вступить в сношения и вести переговоры с беком племени сибиров Сейтеком, а также с Кучум-ханом из дома Сибана (Шейбана. – Авт), а также с русскими беками в Чимги-Туре. Повелитель правоверных Тауекель-хан приложил свою печать».

Сібір тұтқындарын Мәскеуге жібереді. «Сібірді жаулап алуда» бұл жөнінде былай хабарлайды: «Таких знатных пленников в Тобольске долго у себя держать опасно было. Того ради Чулков еще тою же осенью, а именно сентября 10 дня 709 (1588) году, их в Москву к Его Царскому Величеству отправил, где они по их природе честно были приняты и пожалованы вотчинами». Кейіннен Қараша Ораз-Мұхаммедке қызмет етеді, оның табысты түрде қызметінің өсуіне көмектеседі. Қадырғали бек соңғы жылдарын кітаппен өткізеді. Оның жеке шығармалары, ережеге сай (как правило), ол «Барс хан»

деп атайтын Борис Годуновты қолдау сөздерінен басталады. Қадырғали еңбектері үш жүз жылдан астам уақыт мұрағаттарда жатты да, мамандардың тек таңдаулы топтарына ғана қол жеткізерлік болды. Өкінішке орай, әлі күнге дейін олар орыс тіліне аударылмаған. Қараша – Қадырғали Жалайыр 1607 жылы жеке иелігінде Рязанщинада қайтыс болады».

Қадырғали Жалайыр бөтен елде жүріп түгелдей ғылыми еңбектермен айналысқан. Қасым хандығы сарайында 1600 ж. жаза бастаған өзінің атақты жылнама кітабы «Жами ат-тауарихты» (Жылнамалар жинағы) Қадырғали Жалайыр екі жылдан кейін 1602 жылы аяқтайды. Жылнамада 157 бет бар және ол қытай қағазында ерекше ұқыптылықпен жазылған. Шығыс ойшылдарының орныққан дәстүрлерін сақтай отырып, ғалым өзінің еңбегін орыс патшасы Борис Годуновқа арнайды. Алғашқы екі тарауында ол Бория Годуновты Ресей мемлекетінің басшысы ретінде оған оң көзқараспен мінездеме береді де, оның басқаруын сипаттайды. Автор өзінің жылнамаларында, қазақ даласынан орын тепкен шығыс елдері мен қалаларына көз жүгірте отырып, түрік рулары мен тайпаларына тарихи анықтамалар мен түсініктемелер береді. Қарахандықтар дәуіріне тоқтала келе, автор сондай-ақ Қазақстан аймағын IX-XI ғғ. мекендеген Оғыздар туралы өз пікірін айтады. Рашид-ад-Диннің парсы тілінде жазылған «Жами ат-тауарих» жылнамалық кітабына сүйене отырып, ғалым Шыңғыс әулеті мен оның өзі туралы көптеген тарихи фактілер келтіреді. Еңбекте қазақ хандарының өмір тіршілігі, қазақ даласы, қалалары және т.б. туралы құнды материалдар бар, құнды деп қазақ халқының тұрмысы мен шаруашылық қызметі туралы мәліметтерді атайды.

Кітаптың XIII-XVI ғғ. қазақ жерінде болған тарихи оқиғаларға арналған, Шыңғысханның жаулап алу жорықтары туралы тарауы ерекше қызығушылық тудырады. Сондай-ақ бұл тарау XVI ғ. бастап қазақ хандықтарының ішкі және сыртқы жағдайы, қазақ тайпаларының білім алуы, қазақ хандығында халықаралық және қоғамдық-саяси жағдайлар, патриархалдық-феодалдық қарым-қатынастардың қалыптасуы, сұлтандар, тектер, хафиздер және басқа әлеуметтік топтар туралы құнды материалдармен толықтырылған. Жылнамада Қазақстанның ежелгі және орта ғасырлық тарихы жөнінде көптеген құнды мәліметтер бар. Автор ежелгі қазақ тілін жеткілікті түрде білген.

Қадырғали Жалайырдың жылнамасы - ежелгі қазақ тілінде жазылған тұңғыш тарихи туынды. Ғалымдар Қадырғали Жалайыр еңбегінің ғылыми құндылығын бағалай отырып, оны Орта Азия мен Монғолияның көптеген көрнекті тарихшыларымен бір қатарға қояды. Қадырғали Жалайырдың ғылыми еңбегін Қазан университетіндегі орыстың даңқты шығыстанушы ғалымдары мен профессорлары Н.И.Ильминский, И.Н.Березин, академик В.В.Вельяминов-Зернов жоғары бағалады. Көрнекті қазақ ағартушысы Ш.Уәлиханов Қадырғали Жалайыр еңбектерімен таныс болды және өз еңбектерінде олар қалдырған мәліметтерді пайдаланды. Нақ Ш.Уәлиханов Қадырғали Жалайырды қазақтың тұңғыш жазушысы деп атады.

Қадырғали Жалайырдың «Жами ат – тауарих» кітабы халық арасында қазіргі кезге дейін белгілі және қолданылып келе жатқан халық мақалдары мен мәтелдерін қолдана отырып, қазақ-шағатай аралас тілде жазылған. 1992 ж.

алғаш рет, Қазақстан өзінің тәуелсіздігінің бірінші жылын тойлаған кезде Қадырғали Жалайырдың «Жами ат–тауарих» кітабы филология ғылымдарының докторы Р.Сыздықова мен тарих ғылымдарының докторы М.Қойгелдиевтің редакциялауымен қазақ тілінде басылып шығарылды. Ал 1998 жылы «Шежірелер жинағы» кітабы толық көлемде Мұхтар Мағауиннің редакциялауымен жарық көрді. Жалайырдың «Жылнамалар жинағы» кітабы бойынша ғылыми монография жазған академик Рабиға Сыздықова оны қазақ жазба әдебиеті сөзінің негізін қалаушы деп санайды. Көрнекті қазақ ғалымдары Әлкей Марғұлан мен Қаныш Сәтпаев оның есімін Орта Азия мен Монғолияның белгілі тарихшыларының есімімен бір қатарға қойды және оның ғылымға қосқан үлесін жоғары бағалады. Ұлы қазақ ғалымы Қадырғали Жалайырдың есімі қазақ халқының тарихы мен әдебиетінде мәңгі қалады. Талдықорған қаласында ұлы ғалымға оның сіңірген еңбегінің құрметі ретінде ғаламат ескерткіш орнатылды.

### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Абдакимов А. История Казахстана. - Астана, 1999.
2. Вахитов К. Затерянная история Сибири. Казань. 2004.
3. Козыбаев М.К. Казахи. Историко-этнографическое исследование - Алматы, 1995.
4. Кузембайулы А., Еркин Абил История Республики Казахстан. - Алматы, 1999.
5. Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Казахстан. Летопись трех тысячелетий. – Алма-Ата, 1992.



## Қазақ хандығының дамуындағы Қасым ханның, Тәуке ханның және Абылай ханның тарихи ролі

*Қарағанды мемлекеттік  
техникалық университетінің  
«Қазақстан тарихы»  
кафедрасының доценті, т.ғ.к.  
Дәниярова А.Е.*

Қазақ хандығының құрылуы XIV – XV ғғ. Қазақстан аумағында ішкі әлеуметтік-экономикалық және этносаяси процестердің заңды нәтижелері болып табылды.

XV ғ. ортасына қарай біртұтас тұрақты мемлекет қажет екендігі нақты түрде шыңына жетті, ол Қазақстанның қалыптасқан елдігінің этникалық аймағы мен тұрғындарының шаруашылық қызметінің ортақтығын қамтамасыз еткен болар еді.

XIV – XV ғғ. жергілікті халық мемлекеттілігінің дамуы Қазақстанның оңтүстігінде қалаларды, шаруашылықты және егін шаруашылығын біртіндеп қалпына келтіру негізінде, аймақта билік құрған Шыңғыс хан тұқымының қамқорлығымен болса да, жергілікті этникалық негізде феодалдық қарым-қатынастың дамуы жағдайында жүрді. Көптеген тайпаларды зорлықпен біріктірген монғол ұлыстарынан айырмасы - анағұрлым айқынырақ этникалық базаға негізделген мемлекеттілік орнады.

Ақ орда, Әбілқайыр хандығы, Моғолстан, Ноғай ордасы мемлекеттерінің құрылуы этникалық-біртекті феодалдық мемлекеттердің кейінгі генезисі үшін олардың - қазақ, ноғай, өзбек, ұйғыр елдігіне біршама тығыз бірігуіне жағдай жасады.

Қазақ хандығының пайда болуы Шығыс Дешті-Қыпшақ, Жетісу және Түркістанның (Оңтүстік Қазақстан) кең байтақ аумағында әлеуметтік-экономикалық және этносаяси процестердің заңды нәтижелері болып табылды. XIV - XV ғғ. көшпелі мал шаруашылығы, тұрғылықты егін шаруашылығы, қалалық және сауда-кәсіптік бағыттағы шаруашылық сияқты аралас экономикасы бар салалардың табиғи шоғырлануы негізінде біртұтас экономикалық аймақ құру аймақтың барлық жерін бір саяси құрылымға біріктіру жағдайын тудырды.

Көшпенді және тұрғылықты халықтың экономикалық, мәдени, қоғамдық-саяси байланыстарын нығайту қазақ рулары мен тайпаларының этникалық бірігуіне, елдіктің құрылуының аяқталуына ықпал етті. Осы жағдайлар шын мәнінде қазақ мемлекеттілігін құрудың нақты себептері мен шарттары болып табылды.

Қазақ халқының жіктік бытыраңқылығын, саяси бірікпеушілігін түрлі мемлекеттік бірлестіктерде игеру Жәнібек пен Керей (Гирей) есімдерімен байланысты. Олардың әулеттік мүдделері, басқа Шыңғыс тұқымымен дала билігі үшін шайқасы, текті ақсүйектерден, сондай-ақ қатардағы еңбекші-

малшылардан, егіншілерден шыққан болса да, халықтың әлеуметтік топтарының мүдделеріне сәйкес келді. Олар халықтың тәуелсіз мемлекет құруға талпынысын нақты түрде бейнеледі.

Керей мен Жәнібектің ұлыс адамдарымен моғол ханы Есен-Бұғыны билеп алу мақсатында қоныс аудару кезі Хижра бойынша 864 ж. немесе 1459 (1460) ж. сәйкес келеді.

Өзбек Ұлысында бөліну неден туды? Керей мен Жәнібектің қоныс аударған кезі, көшпенді өзбектер басшысы Әбілқайырға мемлекетті қалмақтардың ойранынан қалпына келтіруге тура келген жылдарға сай келеді.

Бұл тәртіп салық төлеуге және ондаған міндеткерлік алуға тиісті қарапайым көшпенділерге үлкен ауыртпалық болып түсті. Осының бәрі құзырындағы азаматтардың негізгі бөлігінің күрт наразылығын тудырды және соңғы нәтижесі көптеген мал шаруашылығы қауымының көрші жерлерге қоныс аудару есебінен мемлекет халқының азаюы болды. Осындай, Өзбек Ұлысы ханының саясатына наразы адамдардан тұратын қоғамның басында Орыс хан ұрпақтары – Керей мен Жәнібек тұрды.

Одан әрі оқиға барысы көрсеткендей, Керей сұлтан мен Жәнібек сұлтанның Моғолстан шегіне кетуі, Өзбек Ұлысында соңында билікті тартып алуды ойластыратын өзінше стратегиялық шегіну болды.

Есен-Бұғы Моғолстанның батыс бөлігін, Есен-Бұғы мен оның ағасы Жүніс иеліктері арасындағы Шу алқабында Қозы-Басы облысына икта ретінде берді. Жүніс ағасын Темір тұқымы Әбу-Саид қолдады.

1462 ж. Есен-Бұғы қайтыс болады және оның орнына Жүніс хан бекіді, ол өзінің қызын Жәнібектің ұлына беріп, Кереймен және Жәнібекпен қарым-қатынасын нығайтты. Керей мен Жәнібектің жақтаушылары ретінде «өзбек-қазақтар» немесе тек «қазақтар» есімі бекітілді. Орыс хан ұрпақтары мен Моғолстан шағатайлықтары арасындағы дәстүрлі одақтың басы.

Орталық және Оңтүстік Қазақстан халқының сансыз ағылып келуіне, сонымен қатар кейбір жергілікті рулар мен тайпаларды қолдауына байланысты Керей мен Жәнібек өз қамқоршысының - моғол ханының қалауын орындаушылар ретінде ұзаққа бармады.

Мұхамед Хайдар Дулатидің айқындауы бойынша, «қазақ сұлтандарының билек құра бастауы Хижраның 870 жылынан басталды» [15], бұл 1465/1466 жылдарға сәйкес келеді. Батыс Моғолстан аумағында Шу-Іле алқыбында және шектес аудандарда Жәнібек пен Керей тәуелсіз қазақ хандығының негізін құрды.

Қоныс аудару XV ғ. 50-жылдарының ортасынан бастап 60-жылдардың соңына дейін бір жарым он жылдық ішінде жалғасты. Қоныс аудару процесі 1468 ж. Әбілқайыр қайтыс болып, оның мемлекеті күйрегеннен кейін күшейе түсті. Жәнібек пен Керей, Моғолстан аумағы шектерінде өз мемлекетін құрып, айтарлықтай әскери күшке ие болып, Жетісуда берік тыл жасап, Дешпі-Қыпшақ билігі үшін, қазақтар қоныстанған барлық аумақтарды біріктіру үшін Әбілқайыр ұрпақтарымен шайқасқа кірісті.



Қазақ хандығын құру сипаты бойынша күрделі және уақыты бойынша ұзақ көп аспектілі процесс болды, онда саяси процестер этникалық, экономикалық, әлеуметтік және мәдени процестермен бір мезгілде дамыды.

Жаңа хандықтың құрылуы қарастырылып отырған дәуір үшін қарапайым формула бойынша жүрді, соған сәйкес ғасырдың ортасында мемлекеттер сол немесе басқа әулетпен бірге пайда болып, ыдырады. Керей жасының үлкендігіне қарай бірінші хан болып сайланды (1465 – 1472 ж.ж.). Жәнібек 1472 – 1480 ж.ж. биледі, ол қайтыс болғаннан кейін Керейдің ұлы - Бұрындық сұлтан хан болды (1480 - 1511 ж.ж.).

XVI ғасырдың басында қазақ иеленушілерінің сыртқы саясатының негізгі желісі Сырдария маңындағы қалаларды игеру болды, олардың Қазақ хандығының батыс және оңтүстік-шығыс шеттеріндегі көршілерімен қарым-қатынастары осы арқылы анықталды.

Қазақ хандығының Билеуші басшы топтары Орта Азияның көрші облыстарында саяси оқиғалардың орбитасына барған сайын көбірек тартылды. Шайбанилықтармен, енді Мауреннахр билеушілерімен күресті жалғастырады. Мұхаммед Шайбаниге және оның мұрагерлеріне өздері жаулап алған темірліктер мемлекетін, Орта Азияда Шайбанилықтар мемлекеті үшін, осының алдында ұзамай Шайбанидің өзі көшпелі өзбектерімен темірліктер үшін қандай қауіпті болса, осындай қауіп тудыратын өздерінің солтүстік тумаластарынан қорғауға тура келді.

Егер бұрын жошылықтардың екі тармағы мен олардың жақтаушыларының қақтығыстары Өзбек Ұлысында алауыздық тудырса, ал қазір бұл жік-жікке бөлінген тумаластар арасындағы шайқасқа айналды, олардың әрқайсысы белгілі бір аумақта тұрды және белгілі бір мемлекет құрамына енді. Осылайша, XVI ғасырдың басынан бастап Орыс хан мен Әбілқайыр хан ұрпақтары арасындағы өзара қарым-қатынаста жаңа кезең басталады – сахарада біріншілік орын үшін күрестің әулеттік әдісіне саяси-экономикалық әдіс қосылды, олар осы күреске бітіспес сипат береді.

Шайбанилықтар Қазақ хандығының күшеюіне және Сырдария маңында қазақ билеушілерінің билігін бекітуге жол бермеуге тырысты.

Сырдария маңы және Қаратау аудандары батыс Жетісуда қазақ хандарының иеліктеріне жақын болды. Сырдария маңы қалалары сахара аудандары тұрғындары үшін сауда-экономикалық байланыстардың маңызды орталықтары болды. Олар Қазақстан аумағында бұдан бұрынғы мемлекеттік құрылымның әкімшілік-саяси орталықтары болып табылды. Сырдарияның төменгі және ортаншы ағысындағы жерлер қазақтың көшпенді тайпаларына құнды қыстық жайылым ретінде қажет болды.

XV ғасырдың аяғына қарай Қазақ хандығының құрамына Созақ, Сығанақ, Сауран қалалары енді. Сырдария маңы оазистері бөлігінің Қазақ хандығына қосылуы елдерді тұтастай біріктіру бойынша қазақ хандарының жетістік көзі болып табылды.

Қазақстанның ұлттық құқығының қалыптасу тарихы қазақ мемлекеттігінің – Қазақ хандығының пайда болу кезеңіне байланысты. Осы уақытта қазақ қоғамындағы қатынас «адат» қарапайым құқық нормалары

арқылы реттелді. Құқықтық (санкцияланған) дәстүр – құқықтың анағұрлым көне түрлерінің бірі. Құқықтық дәстүр – тәртіп ережесі, ол көп рет қайталануына қарай әдетке айналады, ұрпақтан ұрпаққа беріледі және мемлекеттік мәжбүрлеу күшімен қорғалады. Тарихта, рулық құрылыс дәстүрлері өзгеріп, біртіндеп санкцияланған дәстүрлерге көтерілген көптеген оқиғалар белгілі. Рулық құрылыс кезінде ең көп таралған дәстүрлер «талио» принципі болды. «Талиона» принципі (talio, talioni латын тілінен) күшіне қарай қылмысқа тең жаза дегенді білдіреді. Қылмыстық жауапкершіліктің осы принципі әрбір ерте кластық қоғамда болған, сонда жаза келтірілген залалға тура сәйкес келетін (қанға – қан, жанға - жан). Біртіндеп осы дәстүрлер айыппұлға ауысты, ал айыппұл қоғамның топтарға жіктелу шамасына қарай дифференциалданған сипат алды. Белгілі болғандай, қазақ қоғамында дәстүрлер құқықтың негізгі көзі ретінде қызмет етті.

«Адат» 1206 ж. Шыңғысхан Онон өзенінің жанында қабылдаған монғолдардың «Ясы» кодификацияланған қарапайым құқығының кейбір нормаларын қабылдаған [7]. «Ясы» – әскери, азаматтық, әкімшілік сияқты жағымды заңдардың, оларды орындамағаны үшін жазалар бекітілетін, жиынтығы болып табылады.

Қазақ хандығы XVI ғ. бірінші ширегінде, әсіресе 1511 – 1518 (1523) жж. билеген Қасым ханның тұсында ең жоғары қуатқа жетті. Нақты түрде ол Бұрындық кезінде де билей бастады.

Жәнібектің ұлы Қасым 1445 ж. шамасында туған. Ол әдет-ғұрпын құрметтеген нағыз дала перзенті ретінде үлкендерге бағынып, Бұрындыққа бас иетін. Ол туралы атақты сұлтандар мен даңқты бахадүрлердің бірі және Бұрындық ханның атты әскерінің жол басшысы ретінде айтты. XVI ғ. басына қарай Қасым сұлтанның билігі нығайды, Қасым хандықтағы нақты билік пен инициатива өзінің қолында екенін көргенмен, көреген саясаткер ретінде ол сақ болды, төзімділікпен күте білді.

1510 ж. Мұхаммед Шайбани Қасымның әскерлерінен Сығанақ түбінде тас-талқан соққыға жығылды. Қираған және шашыраңқы өзбектердің қалғандары Самарқандқа қашты. Осы жылдың аяғында Мұхаммед Шайбани Иран шахымен шайқаста Мерв түбінде Қорасанда қаза табады.

Хандықтың екі беделді адамының бақталастығы қуатты сұлтанның жеңісімен және өз беделін жоғалтқан ханды қудалаумен аяқталды. 1511 жылдың күзінен бұрын Бұрындық хан маңайындағылардың тобымен Мауреннахрға кетті. Хандықтағы жоғарғы билік Жәнібек ұрпақтарына көшеді, олардың ішінде бірінші болып Қасым таққа отырды.

Қасым хан, замандастары Бинаи, Ибн-Рузбихан, Бабур, Мұхаммед Хайдардың айтулары ойынша жылқыларды жақсы көрген, олардың білгірі болған, әскери талантымен, жеке батылдығымен ерекшеленген. Олардың айтқандары негізінде жоғары адамгершілік қасиеттері бар, еліктеуге тұрарлық адам бейнесі құрылады.

Хан заманының ұлттық құқық эволюциясы Қасым хан есімімен байланысты. Халық аңызында, Қасым «Қасым ханның қасқа жолы» заң ережелерінің бірінші жинағын жасаған, бұл метафоралық мәнде тура, басты

жолы дегенді білдіреді [16, 48-б.]. Нақ өзі қазақтарды бір хандыққа біріктіріп, оны нығайта алды. «Тарих-и Рашиди»-да: «Қасым хан барлық Дешті-Қыпшақты, өз билігіне қаратты, Жошы ханнан кейін ешкім бұлай істей алмаған. Мысалы, оның әскер саны мың-мыңдаған (миллион) адамнан асып кетті. Ақыр соңында, 924 (1518) жылдан кейін ол мәңгілікке кетті» [15, 324-бет]. Қасым хан қазақ аумағының ұлан байтақ даласына өзінің үстемдігін бекітті, Жетісудағы билігін нығайтты, батыста оның билігінің астына Ноғай ордасы рулары мен тайпаларының топтары қоныс аударды. Хандық шекаралары батыста Жайық өзені бойымен, оңтүстікте, Сайрам уалаятымен қоса, Сырдарияға дейін кеңейді, солтүстік пен солтүстік-шығыста Ұлытаудан және Балқаш көлінен ары алысқа созылып жатты. Алғаш рет монғолдар жеңісінен кейін Қазақстан аумағында барлық рулар мен тайпалар, оның ішінде Жетісу бір мемлекетке бірікті.

Оның тұсында Қазақ мемлекеті туралы батыс елдер де хабардар болды. Қазақ хандығының Мәскеу мемлекетімен елшілік байланыстары басталды. Австрия дипломаты Сигизмунд Герберштейн қазақ елшілерімен кездескеннен кейін Мәскеу сарайының жанында Қазақ хандығы туралы өз жазбаларын қалдырды.

Қазақ хандығы Қасым хан тұсында айтарлықтай нығаюына қарамастан, орталықтандырылған мемлекет бола алмады. Бұл 1518 – 1523 жж. ол қайтыс болғаннан кейін байқалды, сұлтандар мен басқа феодалдардың сепаратизмі көріне бастады, араздық басталды, басқа билеушілеріне қарсы моғол және өзбек хандарының одағы құрылды.

Қасымның ұлы Хақназар хан, оның әкесінің тұсында ұланғайыр аумақты құраған қазақтардың жерге деген құқығын қалпына келтіруге тырысты (1538 – 1580 жж.).

Қасымның саясатын «Есім ханның ескі жолы» заңдар жинағын жасаған Ер Есім хан (1598 – 1628 жж.) жалғастырды.

XVII ғ. бірінші жартысында Жәңгір қазақ ханы болды. Оның тұсында ойраттардың (жоңғарлардың) қазақ жеріне шабуылы жиіледі. Жоңғар хандығының құрылуына байланысты (1635 ж.) олардың Ертіс маңы мен Жетісуда қазақ жерлерін басып алу қаупі арта түсті. Жәңгір басқарған жылдар 1629 – 1652 жж. қамтиды. Жәңгір қайтыс болғаннан кейін Тәуке хан мемлекет қуатын қалпына келтіреді.

Кез келген мемлекеттің қоғамдық құрылысын зерделу үшін социумда қалыптасқан қарым-қатынастарды бекітетін жазбаша заң естеліктері ерекше мәнге ие болады. Хандық кезеңдегі қазақ құқығы тарихында (XV – XIX ғғ.) бізге жеткен тек бір заң естелігі - «Жеті Жарғы» ғана белгілі. Қазақ аңыздарына сілтеу жасасақ, «Жеті Жарғыны» шығарған Әз Тәуке хан (1680 – 1715/1718 жж.). Қасым, Хақназар, Есім және Тәуке хандар, бір мақсатқа – Қазақ хандығы аумағын бір орталықтандырылған мемлекетке біріктіруге ұмтылды.

Атақты Есім ханның немересі, Жәңгір ханның ұлы, әрі мұрагері Тәуке 35 жылға жуық қазақ қоғамының басында тұрды, оның басқарған дәуірі қазақ халқы тарихының «алтын ғасыры» ретінде аймақтағы көшпелі халықтың тарихи естелігінде мәңгілік орын алды. Грек авторлары спартандық қоғам

институттары мен мемлекеттік құрылымдарды (герусиялар, апеллалары, спартиаттар арасында жер бөлу және т.б.) құрушы деп есептейтін, аты аңызға айналған спартандық заң шығарушы Ликург сияқты (б.э.д. IX – VIII ғғ.) – А.И.Левшин Тәукенің «қазақ ордаларының Ликургі» деп атады. «При имени сем сердце всякого киргиз-казаха, несколько возвыщающагося духом над толпами буйных соотечественников своих, наполняется благоговением и признательностью, - А.И. Левшин атап өтеді, - это Ликург, это дракон орд казачьих. Он успокоил их после гибельных междоусобиц, он остановил кровопролития, продолжавшиеся несколько лет от распрей одних племен с другими, он убедил всех умом и справедливостью повиноваться себе... и дал всем вообще законы, по которым судил их» [14].

Әз тәукенің жеке мөріне сәйкес, оның толық аты - Тәуекел-Мұхамед батыр хан. «Жеті Жарғыны» құрастырудың екі нұсқасы бар. Біріншісі бойынша, Тәуке үш жүздің өкіл-билерін (ұлы жүзден - Төле би, орта жүзден - Қазыбек би, кіші жүзден - Айтеке би) жинап, олармен отырып қазақтар арасында жиі болатын талас-тартыстарды талқылап, кейбір заң ережелерін құрастырған. Екінші нұсқаның мәні, Тәуке Күлтөбе шатқалына жеті биді жинаған және осы билер Қасым мен Есім хандардың ескі дәстүрлерін жаңа «Жеті Жарғы» дәстүрлеріне біріктірді дегеннен тұрады [12].

Ғылыми әдебиетте бұл заң құжаты «Тәуке ханның жинағы» немесе «Тәуке ханның заңдары» деп аталады. «Жеті Жарғыны» құрастырудың негізгі мақсаты, жоңғарлардан төнетін сыртқы қауіпке тойтарыс беру үшін барлық сыртқы ресурстарды шоғырландыру үшін шайқалған қоғамдық құрылысты заңды түрде ретке келтіруге тырысу болып табылды. Ішкі саяси жағдайды тұрақтандыру да феодалдық басшылардың экономикалық мүдделерін саяси ұйымдастыру қажеттілігінен туындады. Ішкі саясатта Тәуке хан қазақ қоғамы өмірінде бірқатар ірі және саяси мәселелерді шешуге талпыныс жасады. Ол хан билігінің беделін көтеру, ақсүйектер сепаратизмін жеңу, халықты шоғырландыру үшін бірқатар шаралар қабылдады. Мемлекеттік билікті нығайту үшін сотта мемлекет ролін арттыру қажет болды.

Тәуке ханның заңдары бізге толық көлемде жеткен жоқ. «Жеті Жарғы» замандастарға екі редакциямен белгілі, олар мәтінінің өзгеруімен, санының әр түрлілігімен және мақалалардың жазылу тәртібімен ерекшеленеді. Алғаш рет, жинақтың он бір көрінісі 1804 жылы «жаппас руының старшинасы» Көбек Шүкірәлиевтің аузынан жазылып алынды. 1820 жылы Г. Спасский осы құжатты «Сибирьский вестник» газетінде жариялады, оның редакторы өзі болатын. Қазақтардың тарихы мен заңды дәстүрлерін зерттеушілерге өз мәліметтерін А.И.Левшиннің «Қырғыз-қазақ немесе қырғыз-қайсақ ордалары мен даласын сипаттау» шығармасынан сарқып алуына болады, оның үшінші бөлімінде («Жинақтардың» анағұрлым толық нұсқасы) мақалалардың 34 көрінісі келтіріледі [14]. А.И. Левшиннің жазбасы «Жеті Жарғының» алғашқы кездегі түрі болып табылмайды. Ол «Жинақтарды» құрастырғаннан бастап жүз жылдан аса уақыт өткеннен кейін жазды, бұның, әрине алғашқы дереккөз дәлдігіне әсер етпеуі мүмкін емес. Ұрпақтан ұрпаққа ауызша таралу кезінде «Жинақтар» белгілі бір өзгерістерге ұшырады. 1879 ж. зерттеуші Ф.И. Леонтович, бірінші

редакцияны - он бірге, екіншісін бұған дейін Г. Спасский мен А. Левшиннің жарияланымдарында болмаған отыз төрт мақалаға бөлуді ұсынды.

Санкт-Петербургтың шығыстану институтының ірі ғалымдары

С.Г. Кляшторный мен Т.И. Сұлтановтың пікірі бойынша: Тәуке ханның «Жинақтар талдауы» келесі мәселелермен қиындатылған. Біріншіден, ол бізге тұтастай емес, тек үздік-создық жазба-әңгімелерінен белгілі. Екіншіден бізге жеткен мәтіндер тілдік транспозиция нәтижесі болып табылады: «Жеті Жарғының» қазір белгілі нұсқалары, осы заңдар жинағы авторларының тілінде емес, орыс тілінде бекітілген. Бұның өзінің теріс жақтары болады: дереккөзінің әлеуметтік, құқықтық және басқа терминологиясы қазақ қоғамында XVII ғ. кездесетін ұғымдарды анық бейнелемейді» [12, с. 317].

«Жеті Жарғыны» құрастыру уақыты XVII ғасырдың 70-жылдарына жатуы мүмкін. Бұл Қазақ хандығы тарихында қиын кезең болды. Саяси құрылымның өзгеруі қазақ қоғамын ұйымдастыруды қайта жүргізу және құқықтық негіздің бұлтартпас қажеттілігін тудырды. Бұл жұмыс бүкіл XVII ғ. бойы жүргізілді және Тәуке ханның тұсында «Жеті Жарғы» заңдары жинағында өзінің бекінісін тапты.

Тәуке ханға уақытша ішкі араздықтарды игеруге, жүздерде тыныштықты қалпына келтіруге, сол арқылы қазақ рулары көштерін сырттай басып алу қаупін жоюға қол жеткізді. Алайда билікке таласу және сұлтандар сепаратизмі жуық маңда бірлікті бұзды, бұны бірден көрші елдер пайдаланды.

Ш.Ш. Уәлиханов: «XVIII ғасырдың алғашқы он жылдығы қырғыз (қазақ) халқының өмірінде жан түршігерлік уақыт болды. Жоңғарлар, Волга қалмақтары Жайық қазақтары мен башқұрттар жан-жақтан олардың ұлыстарын талқандады, малдарын айдап әкетті және қырғыздарды тұтастай отбасыларымен тұтқынға әкетті. Суық қыс, жұт пен аштық, тәңірдің жазасындай, олардың ауыртпалығын арттыра түсті» [4].

Тәукеге екі шепте – Сырдария маңы қалалары үшін Аштархандықтармен және оңтүстік-шығыста жоңғарлармен соғыс жүргізуге тура келді. 1681 ж. жоңғар Қалдан-Бошоқты хан көптеген қалаларды талқандап, Сайрамды қоршап алды. 1684 ж. Сайрам алынды, оның үстіне жоңғарлар өз елінің түкпіріне озат қолөнершілер мен шеберлердің біразын көшірді. 1687 ж. жоңғарлар қазақтарға қарсы жаңа әскери жорық жасады, біршама көштерді талқандап, Түркістанды қоршауға алды, бірақ оны ала алмады. Келесі жылы қазақтар Тәуке ханның басшылығымен қарсы шабуыл жасады және ойраттарға қатты тойтарыс берілді.

Алайда 1698 ж. өзінде-ақ Жоңғария билігіне Цеван-Рабдан келісімен басымдық толығымен жоңғарлар жағына көшеді. Қалмақ-қазақ әскерлері бірінен кейін бірі жүрді. Олардың ішінде анағұрлым маңыздылары 1711 – 1712, 1714, 1717 - 1718, 1723, 1725 жылдары орын алды [12, 311-бет].

Қазақ хандығында өзара ала ауыздық тоқтамады. Ішкі саясат қатынастарын нығайту үшін осы заң ережелері қабылданды.

Жинақтар әкімшілік, қылмыстық, азаматтық құқық нормаларынан тұрды, экономикалық, мәдени, әлеуметтік қоғам өмірінің түрлі жақтарына тоқталды. Салықтар, дін, патриархалдық отбасында регламенттелген тәртіптер туралы

ережелер болды. Құжат «Жеті Жарғы» деп аталады, себебі қоғам қызметінің жеті саласы қамтылған.

«Жеті Жарғыға» келесі негізгі бөлімдер енеді:

1. Жер дауы, онда жайылымдар мен суаттар жайында талас-тартыс шешімдері келісілді.

2. Отбасы-некелесу заңы, онда некеге тұру және оны бұзу тәртібі, жұбайлардың құқықтары мен міндеттері, отбасы мүшелерінің мүліктік құқықтары бекітілді.

3. Әскери заң, әскери міндеттерін атқару, бөлімшелер құру мен әскери басшылар сайлауды регламенттейді.

4. Сот процесі туралы ереже, сот талқылау тәртібін келістіреді.

5. Кісі өлтіруден басқа түрлі қылмыс түрлері үшін жаза бекітеді.

6. Құн туралы заң, кісі өлтіргені және ауыр дене жарақаты үшін жаза бекітеді.

7. Жесір дауы, жесірлер мен жетімдердің мүліктік және жеке басы құқықтарын, сонымен қатар оларға қатысты қауым мен қайтыс болған адамның туыстарының міндеттерін регламенттейді [8].

«Жеті Жарғыдан» басқа құқық көзі ретінде «Қасым кодексі» де әсіресе халықаралық құқық саласында пайдаланылып жүрді. Егер жауапкер соттан жалтарған болса, онда қуынушының барымта жасауға құқығы болды (малды зорлықпен айдап әкету). Жеке меншік құқығы – қазақ хандығының негізгі институты. Жайылымдар мен егістіктер руға, қауымға тиісті болды, мал отбасылық меншікте болды. Әсіресе қысқы жайылымдар мен суарылатын егіндіктер қатаң шектелді.

Міндетті құқық институттарына сату-сатып алу, заем, найма, сақтау және көшпен тасымалдау келісім-шарттары енді. Қазақ құқығында жылу, жұртшылық, асар және т.б. сияқты өзінше міндетті құқық институттары болды [14].

«Жеті Жарғыда» бірінші орынды «қанға – қан, жанға- жанға» құн заңы алады. «Хан нақ сұлтандар, қауым басшылары, ру билеушілері сияқты адамдарды күзде бір жерге далада халық істері туралы талқылау үшін жинайды. Бірде бір қырғыз халықтық жиналысқа қарумен келмесе, қарусыз оның дауыс беруге құқығы жоқ болды, кішілер оған орын бермеуге де болады; барлық буынның, рудың және бөлімшенің жеке таңбасы болуы керек. Таңбалар, барлық малдар мен мүліктерге, қайсы кімге тиісті екенін айыру үшін салынды [14, с. 367, 370].

Заң мақалалары патриархалдық қарым-қатынастардың артықшылықтарының куәсі, жеке алғанда, қаруы болған кезде ғана дауыс беру құқығы болатын еркектің өз Отанының қарулы қорғаушысы ретінде басым статусы атап өтіледі. Феодалдық тәртіптер бастапқы болып қалды. Жинақтар нормалары адамның әлеуметтік тиістілігін анықтады. Жеке мақала арқылы құлдардың құқықсыздығы нұсқалады: «Иеленушілерде құлдарының өмірі және өліміне шексіз құқықтары бар. Құлдың мырзасына арызы ешбір жерде қабылданбайды» [14, с. 163].

Тәуке хан жасаған «Жеті Жарғы» жазылған құқық болған жоқ, ауызша мақалдар мен нақыл сөздер жинағы болды, оларды әрбір төреші би, старшина мен қазақ руларының, бөлімшелері мен ауылдарының ақсақалы білуге міндетті болды. Билер сотты басқарды және нақты түрде заң ережелерін кәсіби сақтаушылар «қоғамдық тобын» құрады.

Сот ісі кәдімгі құқыққа – адат пен мұсылман құқығына – шариғатқа негізделді. Ерекше күрделі істерді билер съезі қарастырды. Орнатылған дәстүр бойынша төреші-билердің байлық - жауапкерден өндірілетін мүліктің оннан бір бөлігін алу құқығы болды. Билердің ішінде анағұрлым ықпалдылары хан жанындағы кеңес құрамына енді, ол Тәуке хан кезінен бері тұрақты билік органы болған.

Кәдімгі құқық нормалары, оның ішінде «Жеті Жарғы» хандардың, сұлтандар мен әсіресе төреші-билердің сот қызметі барысында үнемі толықтырылып, өзгеріске түсіп отырды, олардың ішінде анағұрлым беделділерінің шешімі міндетті прецедент болды. Төреші-билердің құқықтық шығармашылық қызметі түрлерінің бірі, бірнеше билердің белгілі бір сот істерін қарастырған кезде нақты қандай қарапайым құқық нормаларын басшылыққа алу туралы ережелері болды. Осынадй ережелер құқық көздері болып табылды.

Сот прецеденттері мен ережелері арқылы қазақ билері қарапайым құқыққа (мұсылман дін басыларының ықпалымен) ислам талаптарынан жалтарғаны үшін қатаң жазалайтын шариғаттың кейбір нормаларын енгізді. Мұхаммед пайғамдар ізбасарлары исламның бес негізгі парызын орындады: Мекке жаққа қарап, бес рет намаз оқу; қажылыққа бару (қасиетті жерлерге қажыға бару); қасиетті рамазан айында ауыз бекіту; нанымға ғибадат ету; міндетті түрде қайырымдылық жасау. Мұсылман құқығы – шариғат заңдары қазақтардың қарапайым құқығымен қатар ерекше мән алып келеді.

Жинақты құрастыру кезінде үш жүз өкілдері қатысқан жағдайды ескере отырып, нағыз заң құжаты барлық мелекетте қызмет етті деген қорытындыға келуге болады. Көрнекті қазақ ғалымы Е.Б. Бекмаханов: «Қазақтардың қарапайым құқықтарына жаңа элементтер енгізе отырып, Тәуке сот билігінің барлық көлемін өз уысында ұстады. Тұңғыш рет Тәуке заңы, сот құқығы мемлекеттік билекке жататыны туралы бекітті. Осы арқылы орталықтандырылған мемлекетті нығайтуға мүдделі емес қатардағы билердің, сұлтандардың іріткі салушы тенденцияларына айтарлықтай соққы берілгенін» атап өтті [3].

Тәуке билік қатынастар жүйесіне тұңғыш рет айтарлықтай өзгеріс енгізді. Тәуке түрлі топтамалар арасында тепе-теңдік орнатуға тырысып, би кеңестеріне қосымша, жеке алғанда, мемлекеттік және саяси маңызды шешімдерді қабылдады; дипломатиялық және бітімге келу бастамаларын жүзеге асыру билік өкілеттігін берді. Қорыта келгенде, би кеңестері әскери, саяси және идеологиялық қызметтер атқарды. Би кеңестерінің отырыстары ұдайы болатын болады және белгіленген жерде Күлтөбе өтетін. Би кеңестері, билік қатынастар жүйесінде тікелей және кері байланыстарды жүзеге асыратын маңызды мемлекеттік органға айналды. Осылайша, қарапайым халық арасында

биліктің беделі барынша артты, бұл елдегі саяси жағдайды динамикалық дамытуға мүмкіндік берді.

Тәуке хан тайпалық және рулық қатынастарды ретке келтіре алғандардың алғашқысы болды. Басты принцип ретінде консенсус жарияланды, бұл латын тілінен аударғанда ынтымақтық, талас тудыратын сұрақтар бойынша келіссөзге қатысатындар келетін жалпы келісім дегенді білдіреді.

Қазақ қоғамында отбасылық-некелесу қатынастары ерекшеліктерінің бірі әменгерлік – қайтыс болған адамның әйелі күйеуінің інісіне берілетін салт болып табылды. Жеті атаға дейін туысқандар арасында некелесуге тиым салынды. Әрбір ересек ұл әкесінің мүлігінің бір бөлігін иеленуге құқықты болды. Ұлдары белгілі бір жасқа келген кезде өз бетінше шаруашылық (отау) бөлінетін. Әкесі қайтыс болғаннан кейін оның барлық шаруашылығы кіші ұлына (шаңырақ иесі) қалатын.

Қазақ қоғамында XV - XVII ғғ. азаматтық және қылмыстық құқық арасында шектеу болған жоқ. Қылмыс деген ұғым жаман іс, күнә ұғымымен бірігіп кеткен. Қылмыстық құқықта кек алу заңы – қанды кек болды. Көптеген жағдайларда қанды кек құнмен алмастырылды. Кейбір қылмыстар үшін айыппұлдар салынды.

«Жеті Жарғыға» сәйкес, қылмыстық жауапкершілік әдетте тікелей кінәліге ғана қатысты болды, сонымен қатар қауымның ұжымдық жауапкершілік принципі кеңінен таралды. Сонымен, егер жауапкер сотқа келмесе немесе тиісті құнды төлемеген болса, онда айыппұл барлық қауымнан алынатын болған. Мұндай жағдайда жауапкерге не істеу керектігін қауым мүшелерінің өз қалауларына қалдырған. Қазақтарды бас бостандығынан айыру сияқты жазалау шаралары болмаған, түрмелер де болған емес. Тұтастай зерттеушілер қазақ қылмыстық құқығының адамгершілік жолында болғанын атап өтеді. Тек ерекше жағдайларда ғана өлім жазасы қолданылған. Мұндай ерекшеліктер зорлау, бөтен біреудің әйелін ұрлау, әйелінің күйеуін өлтіруі, заңсыз тұрып жатқан баланы әйелдің өлтіруі, әйелдің зинақорлығы, қарғыс болып табылады. Үкімді орындауға арналған ешқандай арнайы органдар болмаған. Бұл құқық қуынушыға берілді. Өлім жазасы дарға асу немесе таспен атқылау түрінде қолданылды. Құн көлемі қылмыскер мен жәбірленушінің әлеуметтік жағдайына байланысты болды. Сонымен қарапайым еркекті өлтіргені үшін өлтіруші оның туысқандарына - 1000 қой, ал әйел үшін – 500 қой, сұлтанды немесе қажыны өлтіргені үшін құн жеті қарапайым адамнан алғандай төленді. Құлдың құны аңшы бүркіттің немесе аң аулаушы иттердің құнына тең болды. Басқа да жазалар қолданылды: христиандықты қабылдағаны үшін мүліктерін тәркілеу; екіқабат әйелдің күйеуін өлтіргені үшін қудалау; көпшілік алдында ұятқа қалдырғаны – ата-анасын балағаттағаны үшін [7, 338-б.].

«Жеті Жарғы» сипатын анықтаған маңызды сәт қарапайым құқық нормаларын, аксүйектердің мүдделеріне сәйкес келгендерін заңдастырып, феодалдық қазақ қоғамының жаңа талаптарына лайықтауға, ескірген және оған жақпайтын нормалардың орнына жаңа және анағұрлым қолайлысын жасауға тырысу болды.



Тәуке хан 1718 ж. қайтыс болды. Тәуке ханмен, әкімшілік, қылмыстық, азаматтық құқық нормаларынан тұратын және қоғам өмірінің барлық жағын дерлік қамтитын «Жеті Жарғы» заңдары жинағының құрылуын байланыстырады. «Жеті Жарғы» қазақ қоғамында ұзақ уақыт бойы қоғамдық-саяси қатынастарды құқықтық реттеудің негізгі актісі болып табылды. Тәуке хан қазақтардың қарапайым құқығының негізін салушы болып саналады, себебі нақ соның тұсында қазақ қоғамының заңдық жүйесін түкпілікті ресімдеу жүрді.

Қазақ мемлекеттілігінің дана саясатын беріктендіруді Абылай хан жүргізді (1711 - 1781 жж.). Абылай хан – осы дәуірдің саяси жарқын тұлғаларының бірі. Қазақ мемлекеттілігінің өркендеуі және сыртқы қауіппен күрестегі жетістіктер соның есімімен байланысты.

Абылай хан (сондай-ақ Аблай, Әбілмансұр) атақты хандардың бірі, Көркем Уәли сұлтанның ұлы, қанішер Абылай ханның немересі, Барак ханның ұрпағы (9-буында). Шын аты – Әбілмансұр. Абылай деп өзінің әскери ұраны «Абылай» бойынша, шексіз батылдығы мен ұрыстағы тегеурінділігі үшін «Қанішер Абылай» атанған атасы қанішер Абылай ханның құрметіне аталған.

Абылай 13 жасында Жоңғария ханы Цеван Рабданның шапқыншылығы кезінде әкесінен айрылады. Орта жүз Самарқандқа қоныс аударуға мәжбүр болады. Жас кезінде-ақ Абылай дана атанған және ең шытырман жағдайлардан құтылып шығатын керемет қабілеті үшін «Аруақ» деген атақ алған.

1739 жылы, Симеке хан қайтыс болғаннан кейін келесі хан - Әбілмәмбет, оның әскери басшысы Абылай болады. Басқару жылдары – 1771 - 1781 жж. Абылай соңғы қазақ ханы болды, оның беделі қазақ жерінің барлық түкпірінде толассыз болды. Өзінің дипломатиялық қызметінде бір мақсатты – ежелгі аумақтарды қазақ руларының иелігіне қайтаруды көздеді.

Абылай хан халық есінде тәуелсіз қазақ мемлекеттілігінің символы ретінде қалды, ол қазақтардың басқарушысы ретінде бөтен жердің монархы болып тағайындалған жоқ, құрылтайда өз дәрежесінде – халық жиналысында сайланды, онда қазақ қоғамының барлық сословиесі көрінді.

Қасым хан, Тәуке хан мен Абылай хан – Қазақ хандығының ұлт тарихына баға жетпес үлес қосқан көрнекті мемлекеттік қайраткерлері. Қазақ мемлекеттілігінің нығаюы, Қазақ хандығының сыртқы саяси ұстанымын орталық азия аймағында халықаралық қатынастар жүйесінде бекіту олардың есімдерімен байланысты. Халық арасында бүгінгі күнге дейін оларға, қазақтарды біріктіре, мемлекетті қауіпсіздендіре және заң мен тәртіптің басымдығын бекіте алған мемлекеттік қайраткерлер ретінде ерекше құрмет сақталған.

### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Абусейтова М. Казахстан и Центральная Азия в XV - XVII вв. История, политика, дипломатия. - Алматы, 1998.
2. Асфендияров С.А. История Казахстана (с древнейших времен). - Алматы, 1993.

3. Бекмаханов Е.Б. Казахстан в 20 – 40-е годы XIX века. - Алма-Ата: Казак университеті, 1992. – С. 284.
4. Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в 5 т. Т. 4. - Алма-Ата: Главная редакция Казахской советской энциклопедии, 1985. – С. 111.
5. Зиманов С.З. Общественный строй казахов первой половины XIX в. - Алма-Ата: Наука, 1958.
6. Зиманов С.З. Политический строй Казахстана конца XVIII и первой половины XIX вв. - Алма-Ата: Наука, 1960.
7. История Казахской ССР (с древнейших времен до наших дней). – Алма-Ата: Наука, 1979. – С. 334.
8. История Казахстана (с древнейших времен и до наших дней). В 5 т. Т. 2. - Алматы: Атамұра, 1998.
9. История Казахстана (с древнейших времен и до наших дней). В 5 т. Т. 3. - Алматы: Атамұра, 2000.
10. История Казахстана с древнейших времен до наших дней). Очерки. - Алматы: Дәуір, 1993.
11. История Казахстана в русских источниках XVI - XX вв. III том // Журналы и служебные записки дипломата А.И. Тевкелева по истории и этнографии Казахстана. (1731 - 1759) / Исторический очерк и комментарии И.В. Ерофеевой. - Алматы: Дайк-Пресс, 2005.
12. Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Казахстан. Летопись трех тысячелетий. – Алма-Ата: Рауан, 1992. - С. 315.
13. Кузембайұлы А., Абил Е.А. История Республики Казахстан. - Астана, 2003.
14. Левшин А.И. Описание киргиз- казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей / Под общ. Ред. Акад. М.К. Козыбаева. – Алматы: Санат, 1996. – С. 163 – 164.
15. Мухаммед Хайдар Дулати. Тарих-и Рашиди. – Алматы: Санат, 1999. – С.108.
16. Шакарим Кудайберды-ұлы. Родословная тюрков, казахов, киргизов. Династии ханов. – Алма-Ата: СП Дастан, 1990. – С. 48.



## Бұқар жырау – философ, кеңесші, ақын

*Қарағанды мемлекеттік  
техникалық университетінің  
«Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер»  
кафедрасының аға оқытушысы  
Түсіпбеков Ж.А.*

Қазақтың жырау ақыны, мемлекеттік қайраткер Бұқар жырау Қалқаманұлы (1668-1781) Павлодар облысының қазіргі Баянауыл ауданы аумағындағы Далба тауының маңында туған. Оның өмірбаяны туралы мәліметтер аз сақталған. Ол Арғыннан, оның ішінде Қаржастан шыққан. Оның әкесі Қалқаман жорықтық батыр-жауынгерлердің бірі болған.

Сақталып қалған шығармаларының мазмұны бойынша Бұқар жырау балалық және жастық шағында өзінің құрдастарынан тамаша қасиеттерімен, суырып салып айтуға бейімділігімен ерекшеленген. Айта кететін жай, жырау сөзінің өзі жыр деген сөзден шыққан. Өзінің поэтикалық шығармаларын суырып салып айту жолымен жасаған адамдарды солай атаған. Олар толғау деп аталды, нақылды болды және ғибраттық сипатта болды.

Сондай-ақ Бұқар жыраудың мұсылман дінінің өкілі екені, сөз өнерін жетік білгені белгілі. Өз заманының өте білімді адам бола тұрып, ол араб тілінде жазған.

Бұқардың жас кезінде-ақ би (қазылар) ретінде танылуы оның әлеуметтік белсенділігі туралы айтады.

Тәуке хан кезінде (1680-1718) ықпалды билердің біреуі болды. Бұқар жырау Қазыбек бимен, Төле бимен және Әйтеке бимен бірге Тәуке ханның «Жеті Жарғысы» жинағын құрастыруға қатысты.

Өзінің ұзақ жылдық өмірінде Бұқар-жыраудың қазақ халқының өміріндегі көптеген тарихи оқиғалар мен өзгерістердің куәгері мен оларға қатысушы болуына тура келді. Өзінің ғұмырында ол феодалдық бытыраңқылықтың, тайпа аралық өзара қырқыстардың куәгері болды. Ол қазақ хандарының, сұлтандардың билігін, олардың саясатын және т.б. таныды.

Материалдық-тұрмыстық қиындықтарды бастан кешіріп және "Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама" жылдарындағы өзінің бұрынғы ықпалынан айырылып, билік басына Абылай ханның келуімен Бұқар жырау мемлекеттік істерге қайтып келеді. Ханның бас кеңесшісі және беделді билердің бірі болып табылып, Бұқар жырау қазақ халқының өміріндегі ірі проблемаларды шешуде маңызды роль атқарды.

Оның поэтикалық мұрасынан 1200-ге жуық жолдар бізге дейін жетті. Бұқардың бізге дейін жеткен шығармаларын халық сақтап қалып, XIX ғасырдың аяғында және XX ғасырдың басында жазып алды.

Бұқар жыраудың шығармаларынан және олардағы идеялық қарама-қайшылықтардан сол заманның көптеген қарама-қайшы мақсаттары айқындалады. Өз заманының тұрақсыз және құбылмалы сипатын Бұқар жырау толық заңды құбылыс ретінде қабылдайды. Ол әлемде мәңгі ештеңе жоқ, адамзат өмірі ғана емес, сонымен бірге табиғаттың өзі де өзгерістерге ұшырайды дейді.

Өзінің толғауларында ол өз заманының барлық маңызды мәселелерін қозғады және оларға жауап беруге тырысты. «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама», қалмақтар шапқыншылығы жылдарында, Бұқар жырау үнемі бірігуге — біріккен ірі қазақ хандығын құруға шақырды. Ол оның кеңесшісі болған Абылай ханға үлкен сенім артты, оны мақұлдап, саясатын қолдады. Бұл оның «Игілік тілеу», «Абылай, сен 11 жасыңда», «Мен сені көргенде», «Ханым менің, алаңсыз ұйықтап жатырсың» және басқа өлеңдерінде көрініс тапты.

Бұқар жырау бір орталығы бар бірыңғай мықты мемлекеттің бастауымен қазақ халқының үш жүзін біріктіру туралы армандады. Сондықтан, Абылай ханды осы арманды іске асыруға қабілетті деп санап, Бұқар жырау оны өзінің әрекеттері мен өлеңдерінде барлық жағынан қолдайды, хандық биліктің дамуы және нығаюы үшін аянбай күреседі.

Бұқар жырау орыс халқымен достық қатынастарды орнатудың қазақ халқының өмірлік мүдделеріне жауап беретінін түсінеді. Бұқар жырау қазақтардың Ресеймен бейбітшілікте өмір сүруге тырысуын жақтайды және ханды өз халқының еркіне қарсы шықпауға шақырады. Осыған байланысты ол Абылай ханға белгілі бір ықпал етеді. Сонымен қатар Бұқар жырау патша үкіметінің негізгі мақсаты отаршылдық саясатты іске асыру болып табылады.

Өз заманының аса маңызды проблемаларын қозғап, Бұқар жырау адамдарды бірлікке, достыққа және батырлыққа шақырған.

Бұқар жырау шығармаларындағы негізгі тақырыптар – бұл халықтың өмірінің күйсіздігі, хандық биліктің халықпен өзара қатынастарының күрделілігі, жүз арасындағы ұрыс-таластар, хандықты нығайту және шетелдік басқыншылар күресу үшін күштерді біріктіруге шақыру, өжет батырларды мадақтау. Осының барлығы оның «Тілек», «Шіркін, уақыт, уақыт», «Құлар алдында», «Абылай», «Бояуы жарқыраған гүл», «Биік тау жойылды», «Абылай ханды жоқтау» және т.б. толғауларында көрініс тапты.

Бұқар жырау қазақтардың дәстүрлі дидактикалық поэзиясының дамуына қомақты үлес қосты. Мысалы, «Күннен кейін айға не керек?», «Бұрынғы жау дос болмайды» шығармаларында ол этика, халық бірлігі мәселелерін қозғайды.

Басқа толғауларда ақын адамның өмірге деген махаббатын, оның оптимизмін және болашаққа деген сенімін, білімге деген ұмтылысын, дүниенің құпияларын білуге ұмтылуды дәріптеді.

Абылайдың бейнесінде Бұқар жырау жомарт және әділ ханның бейнесін құруға тырысты. Қазақтардың Қалдан-Серен әскерімен жеті күндік шайқасын көрсетіп, ақын қазақ жасақтарының жеңісі туралы ғанибетпен әңгімелейді, ал Абылай ханды осы жеңістің рухы мен туы деп атайды. Ол Абылайдан қуаттың, ойдың, мейірімділік пен адамшылықтың символын көреді. Әділдік үшін мынаны атап кету керек, ханның халыққа көзқарасы туралы айта отырып, ол

оның озбырлығын, ашкөздігін әшкерелеген, халықтың мұқтажына назар салуды талап еткен («Мен сөйлеймін», «Өз халқыңа қамқор бол» және басқа өлеңдер). Ол Ресеймен бейбітшіліктің қажеттілігін көрсетті («Абылай хан кезінде» және т.б.).

Өзінің көптеген толғауларында ақын адамдардың өзара қатынастары туралы, болашақ туралы моральды-этикалық проблемаларды көтереді («Егер ханға жауап бермесем», «12 айдан кейін жаз қайтып келеді» және т.б.).

Бұқар жыраудың қызметі мен шығармашылығының ролі мен маңызы туралы айта келе, Ғ. Есім өзінің «Қазақ философиясы. Сарыарқадағы пирамида, немесе махаббат философиясы» кітабында өте қызықты және негізделген ой айтады, «Бұқардан кейін де ұлы жыршылар, жыраулар болған, Абылай ханның артынан да қазақ хандары пайда болған, бірақ бүкіл қазақтың мүддесін білдірген, Абылай хан сияқты хан және Бұқар жырау сияқты жырау болмаған. Егер Қазақ хандығының соңғы ханы Абылай болса, онда соңғы жырауы Бұқар жырау болған».

Өз заманының барлық зәру мәселелерін оларға арқау еткен Бұқардың шығармалары, баспа беттерінде революцияға дейін пайда бола бастаған. Оның шығармалары бірнеше рет жинақтарда, антологияларда және хрестоматияларда шыққан. Олар 1970 жылы шыққан, «Алдаспан» антологиясында аса толық берілген. 2002 жылы «Нар заман мен заман поэзиясы» жинағы шықты, онда жырау шығармаларының едәуір саны ұсынылған.

### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Бұқар жырау Қалқаманұлы // Павлодарское Прииртышье: Энциклопедия. Павлодар, 2003.
2. Есім Г. Казахская философия. Пирамида в степи, или философия любви.
3. Жаксыбаев С. Бард великой степи // Звезда Прииртышья. 1993, 21 августа.
4. Михайлов В. Люди помнили поэта, забытого государством // Казахстанская правда. 1993, 13 августа.



**Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би –  
қазақ даласының ұлы билері**

*Қарағанды мемлекеттік  
техникалық университетінің  
«Қазақстан тарихы» кафедрасының  
доценті, тарих ғ.к.  
Сүлейменова М.Ж*

Қазақтың атақты үш биінің есімдері – Төле би Әлібекұлы (1663-1765), Қазыбек Келдібекұлы (1665-1765) және Әйтеке Байбекұлы (1682-1766) – олардың мемлекеттік және қоғамдық қызметінің маңыздылығы тұрғысынан, шешендік өнерінің және поэтикалық шеберлігінің күші жағынан халықтың жадында мәңгілік сақталып қалды және тек Қазақстанда ғана емес, сонымен бірге одан тыс жерлерде де танылды.

Сондай-ақ, осы жерде біздің Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың 1993 жылғы 28 мамырдағы демократиялық жаңарулар кезінде, Шымкент қаласының жанында, Ордабасы тауында оның екі көршілес мемлекет – Қырғызстан мен Өзбекстанның Президенттерімен кездесуі кезінде айтқан сөздерін еске алу керек: «Біз халықтың әйгілі үш ұлы, үш даңқты данасының аттарын білеміз: Төле би, Қазыбек би және Әйтеке би. Олар қазақтар үшін бірліктің ауыспайтын нышаны болды. Олардың армандаған сөздері Қасиетті кітаптардан алынған нақыл сөз сияқты ұрпақтардың ақылын жаулап алды. Олардың қазақ халқы үшін тарихи маңызын, олардың біздің тарихымыз үшін маңыздылығын асыра бағалау мүмкін емес. Және біздің халық ретінде сақталып қалғанымыз, егеменді мемлекетке атау бергеніміз, қазір тәуелсіздік туын көтергеніміз, қасиетті жерде игілікте, бейбітшілікте және келісімде өмір сүріп жатқанымыз үшін, біздер, қазақтардың қазіргі ұрпағы оларға толық міндеттіміз. Және олардың құдай берген өшпес жадының алдында басымызды төмен иеміз.

Н.Ә. Назарбаевтың өз әріптестерін Ордабасы тауына шақырғаны кездейсоқ емес. Атап айтқанда осы жерде екі ғасырдан артық уақыт бұрын, қазақтарға жоңғарлар тобыры шапқыншылығының барған сайын көбею қаупі төнген кезеңде, үш жүздің жоғарғы билері осы уақытқа дейін бытырап кеткен халықты топтастырған сөздер мен дәлелдер таба білді.

Бәлкім би термині "біліг" ежелгі түркі сөзінен шыққан болар, оның екі мәні бар: «билеу» және «білу». Шыңғыс дәстүрінде ол сондай-ақ нақыл сөздер, афоризмдер, өсиет әңгімелер мағынасын иеленеді. Шеберлерді олардың айтуы, нұсқауы және мәселелерді өнеге боларлық негізде шешу бойынша өте жоғары бағалаған. Шешендік, өткір тілділік, тойтарыс бере білу, айтқан сөзді құр жібермеу, онымен кей кезде шайқастың сипаты мен нәтижесі анықталған, батырлар жеке жарысқа түсу маңыздылығы бойынша жиі жол бермейтін, халықаралық саясат пен дипломатияның елеулі бөлігі болды. Би –

проблемаларға терең ене білетін, түйіндерді бағалай және шеше білетін, осының арқасында істің барысына хандар мен заңды билеушілерден кем емес әсер ететін адам.

Би дегеніміз жай ғана қазы емес, осы құрметті лауазымға сайланған, өзінің бүкіл өмірінің мысалымен қазы болу құқығын дәлелдеген адам. Даналық, аңғарғыш ақыл, аналитикалық ойлау қабілеті, ата-бабалармен жинақталған заң білімдерінің жиынтығын иелену, тайпаның, рудың, ауылдың, қаланың, аймақтың, жүздің, бүкіл Ұлы даланың өмірінің дәстүр-салттық тәртібінің егжей-тегжейінде бағдарлану және міндетті түрде – жеке тұлғаның дақ түспеген моральдық-адамгершілік қасиеттерімен бірлескен шешендік өнердің жоғары деңгейі адамға таңдаулы би болу құқығын берген.

Төле, Қазыбек және Әйтекені халық барлық билердің биі деп атаған. Олар замандастар болған. Олардың әрқайсысы туралы академик С. Зиманов былай дейді:

Уәлихановтың 1860 жылғы 4 мамырда өткен жиналыстағы хабарламасы «Жоңғария очерктерінің» негізіне жатты, ол 1861 жылдың басында «Орыс географиялық қоғамы жазбаларының» 1-ші және 2-ші кітаптарында жарияланды. Онда автордың суреттері, сондай-ақ оның дайындаған Семей облысының Жетісу және Іле өлкесінің және Қытайдың Іле провинциясының картасы да болды. Бұл, сол кездегі түсініктер бойынша Жоңғария болды.

«Очерктердің» артынан «Орыс географиялық қоғамы жазбаларының» 3-ші кітабында 1861 жыл ішінде Ш. Уәлихановтың географиялық шолуы және тарихи очеркі пайда болды. Әрине, География қоғамының кеменгерлері мұның үлкен еңбектің бір бөлігі ғана екенін білді. Ш. Уәлиханов сол кезде Петербургте «Орыс географиялық қоғамының жазбалары» үшін дайындаған Қашқарға және одан кері, Алатау округіне жолдың сипаттамасы, біршама кейінірек, 1868

жылы пайда болды. 1860 жылы Әскери министрдің шақыруымен Қашқария зерттеушісі Петербургке келді, онда оны Орта Азия мен Қазақстан халықтары өмірінің білгірі және батыл саяхатшы ретінде қарсы алды, әрі Қасиетті Владимир орденімен марапатталып, штабс-ротмистр шеніне дейін жоғарылатылды [4].

Петербургте болуы (онда ол бір жылдан артық уақыт болды) Ш.Уәлихановты рухани байытты және оның демократиялық көзқарастарын нығайтты. Ол қоғамдық өмірдің қайнаған ортасына кіріп, қызметін кеңінен жайды, Бас штабтың әскери-есеп комитетінде, Азия департаментінде және география қоғамында жұмыс істеді. Орта Азияның және Шығыс Түркістанның карталарын құрастыру, Риттердің еңбектерін шығаруға дайындау, энциклопедия шығарудағы ынтымақтастық (онда алғаш рет оның белгілі «Абылай» мақаласы жарияланған, 1861), шығыс қолжазбаларын зерделеу, Орыс географиялық қоғамындағы Шығыс тарихы бойынша дәрістерді оқу — осының барлығы оның Петербургтегі өмірінің мазмұнын құрады.

Осы кезеңде Шоқанға «Орыс география қоғамы жазбаларының» редакторы, профессор А.Н. Бекетов, шығыстанушы, дипломат және публицист Е.П. Ковалевский, белгілі ориенталист-ғалымдар В.В. Григорьев, В.П. Васильев үлкен әсер етті. Уәлихановқа Орыс география қоғамының вице-президенті П.П. Семёнов-Тянь-Шаньский үнемі қолдау көрсеткен және онымен достық қарым-қатынаста болған. Петербургте Уәлиханов өзінің жазушы досы Ф.М. Достоевскиймен қайта кездеседі. Оның Петербургтік достарының арасында ақындар А.Н. Майков және Я.П. Полонский, «Жер және ерік» қоғамының мүшелері болған, ағалы-інілі В.С. және Н.С. Курочкиндер болды [5]. Әр түрлі шенді әдеби орта қазақ ғалымының ой-өрісін кеңейтті, оның Ресейдің революция жағдайынан кейінгі қоғамдық өміріндегі оқиғаларды жақсы түсінуіне көмектесті. Уәлихановтың зиялылардың тарихи көзқарастарын құру тарихына қоғамдық мүддені дамытуда үлкен роль атқарған «Современник», «Русское слово», «Эпоха», «Отечественные записки», «Время» және т.б. әдеби-көркем, қоғамдық-саяси журналдарды оқуы, Уәлихановтың демократиялық көзқарастарының бекітілуіне мүмкіндік туғызды.

Кейбір деректер бойынша (достардың естеліктері мен хаттары), Ш.Уәлиханов Ұлыбритания мен Францияның География қоғамдарының еңбектерінде өз мақалаларын жариялау үшін осы кезеңде қысқа уақытқа Лондон мен Парижге барып келеді.

Штабс-ротмистр Ш. Уәлихановтың еуропалық ғылымда Орта Азия құпияларын ашқан, батыл саяхатшы ретінде даңқы бекіді. Ол Петр Петрович Семеновтың көмекшілерінің шеңберіне кірді, Риттердің орыс тілінде шыққан еңбектерін оқыды және салыстырды. Ол әскери-ғылыми комитетте Орта Азия мен Түркістан карталарын дайындауға жетекшілік етті. Ш. Уәлихановтың қатысуымен «Балқаш көлі мен Алатау жотасы арасындағы кеңістік картасы», «Іле өлкесінің батыс бөлігінің рекогносцировкасы», «Құлжа қаласының жоспары», «Ыстықкөлге экспедициялар нәтижелері туралы есепке сызылған карта», «Қытай империясының Батыс өлкесінің картасы» орындалды [6].



1861 жылғы күзде Шоқан елге оралады. Оның ресми себебі Петербургтің климатынан нашарлаған денсаулығын таза ауамен және қымызбен жақсарту қажеттілігі болды. 1862 жылы Ш. Уәлиханов Атбасар уезінің аға сұлтаны қызметіне сайланды.

1863 жылғы жазда ол сот реформасының жобасы туралы халықтың пікірін жинау үшін елге кеткен комиссияның жұмысына қатысты. 1864 жылдан бастап Уәлиханов Шығыс Түркістан халықтарының азаттық қозғалысымен байланысты қызметпен айналысты. Ол штабс-ротмистр шенінде аудармашы болып қызмет атқарды, онда қызметтік міндеттерін орындай жүріп, орыс билігінің жергілікті халықпен достық өзара қатынастарының орнатуына, қазақтар мен қырғыздар арасындағы жайылымдардан туған дауларды әділ шешуге мүмкіндік туғызды.

Алайда 1864 жылы Пішпек пен Әулие Ата бекіністерін алғанда әскерлердің бейбіт халықты жәбірге ұшыратуы Ш. Уәлихановтың тыныштығын бұзды, полковник Черняевпен бірнеше рет қатты дауласқан соң, отставкаға шығып, Жетісуға кетіп қалады.

Өмірінің қалған аз мерзімінде Шоқанның уақыты қарқынды өтті. Ол оның саяхаттары мен еңбек еткен жылдарында халқының өміріндегі өте маңызды кезеңмен сәйкес келгенін білді, ол кезде бүкіл жүздің қазақтары өздерінің Ресей құрамына енуін және бір үлкен халыққа - бейбіт және поэтикалық, көңілді және атақ құмар, күші мен қуаты мол, дамуынан үлкен үміт күтетін халыққа бірігуін аяқтаған.

Ол 1865 жылғы 10 сәуірде, отыз жасқа дейін жетпей, Көшен-Тоған мекеніндегі Тезек ауылында қайтыс болған.

Оның ешқашан да мансап құмарлық ниеті болмаған және де ол өзін қатаң мінеген, бірақ ол осының барлығын білген. Сондай-ақ өз халқын шынайы білім жолымен жүргізу үшін және аяқталмағанның барлығын аяқтау үшін, Достоевскийдің күні ілгері болжағыштығын орындау – көп тілді Ресейге Даланың не екендігін және оның көшпелі халқының кім екенін түсіндіру, бүкіл адамзатқа қазақтардың өмірін, олардың өткенін, олардың бүгінгісін, олардың болашақ туралы күні ілгері болжағыштығын ашу үшін, өз уақытының келгенін өте өткір сезінген. Қорқынышты ауру оған не бары отыз жыл ғана өмір берді, бірақ осы «құйрықты жұлдыздай» ағып өткен кезеңде ең әйгілі этностық қазақтардың бірі, батыс дәстүрлерінен нәр алған тұңғыш ғалым болды. Оның көбінесе ағартушылық деп аталған үлесі, мәні бойынша, өз халқының тарихы туралы деректерді қажымай-талмай жинайтын нағыз ғалым-этнографтың жай ғана ермегі болды. Отыз жыл өмірінде осы ұлы адам басқа адам бүкіл өмірі бойында жасайтын істерді атқарды. Бірақ, сонымен қоса ол тіпті ол үшін өзін құрбан ету керек болса да, ең алдымен, өз Отанының мүдделерін қорғаған, өз уақытының адамы болды. Бұл біздің есімізден ешқашан шықпауы тиіс.

Орыстың көрнекті шығыстанушысы академик Н.И. Веселовский ол туралы былай жазған: «Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов шығыстану әлеміне құйрықты жұлдыздай жарқ етіп шыға келгенде, орыстың шығысты зерттеуші ғалымдары оны ерекше құбылыс деп түгел мойындап, түркі халқының тағдыры туралы

онан маңызы зор, ұлы жаңалықтар ашуды күткен еді. Бірақ Шоқанның мезгілсіз өлімі біздің бұл үмітімізді үзіп кетті» [7].

«Оның есімі қырғыз-қайсақтар мен қара қырғыздар тарихынан өшпейді, оның есімі екі халықтың жадында сақталады» (Ф.М. Достоевский) [8].

Шоқан Уәлихановтан кейін көп ұзамай Іле өлкесінде болған көрнекті саяхатшылар А.Ф. Голубев және М.И. Венюков, оның ашқан жаңалықтарының мәні туралы бірінші болып айтты. Оның беделін барлық кейінгі Түркістанды зерттеушілер, соның ішінде 1879 жылы шыққан «Қашқария» кітабының авторы, Бас штаб полковнигі, Орыс географиялық қоғамының толық мүшесі А.Н. Куропаткин де бағалады [9]. Орыс географиялық қоғамы (ОГК) өзінің 1865 жылға арналған есебінде Уәлихановтың мезгілсіз қазасы жайында хабарлама жарияланды және онда оның ғылым алдындағы еңбегі туралы мақалалар басылған болатын. 1867 жылы ОГК оның барлық қолжазбаларын басып шығару шешімін қабылдады, ал 1868 жылы «Жазбаларда» Қашқарға және кері Алатау округіне жолдың сипаттамасы қысқартылған түрде және Уәлиханов туралы мақала пайда болды.

Ш.Ш. Уәлиханов шығармаларының жинағы 1904 жылы профессор Н.И. Веселовскийдің редакциясымен жарыққа шықты және «Императорлық Орыс географиялық қоғамы жазбаларының» этнография бойынша бөлімінің ХХІХ-томын толығымен алды.

### Әдебиеттер тізімі:

1. Валиханов Ч. Ч. Собрание сочинений в пяти томах. Алма-Ата, 1961—1972.
2. Валиханов Ч. Этнографическое наследие казахов. Астана: Алтын Кітап, 2007.
3. Забелин И. М. Чокан Валиханов. М., 1986.
4. Ауэзов М. О. Ф. М. Достоевский и Чокан Валиханов, Алма-Ата, 1981.
5. Хасанов К. Чокан Валиханов как уйгуровед. Алма-Ата, 1993.
6. Марков С. Н. Идущие к вершинам (историко-биографическая повесть). М., 1993.
7. Муқанов С. Промелькнувший метеор. Роман-трилогия. Алма-Ата, 1997.
8. Бегалин С. Чокан Валиханов (повесть). М., 1996.
9. Стрелкова И.И. Валиханов (серия ЖЗЛ). М., 1983.



## Абай – философ, ағартушы. «Накыл сөздері»

*Қарағанды мемлекеттік  
техникалық университетінің  
«Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер»  
кафедрасының аға оқытушысы  
Сәрсенбеков Н.Ж.*

Абай Құнанбаев - ұлы ақын, жазушы, композитор, қоғамдық қайраткер, қазақ жазбаша әдебиетінің негізін қалаушы және оның тұңғыш классигі, білімді либералдық ислам негізінде орыс және еуропа мәдениетін жақындастыру рухындағы мәдениет реформаторы.

Абай қазақ халқы мәдениетінің тарихында ерекше орын алады. Ол оған дейін жинақталған рухани мұраны өзіне қабылдап, ұлттық мәдениетте жаңа бағытты құрады.

Абай көзқарасының қалыптасуына гуманистік идеяларды ұстанған, Шығыстың ақындары мен ғалымдары (Фирдоуси, Әлішер Науаи, Низами, Физули, Ибн Сина және т.б.), сондай-ақ орыс классиктерінің шығармалары, ал олар арқылы жалпы еуропалық әдебиетте ықпал етті.

Абайдың заманы күрделі және тынышсыз болды. Даладағы ғасырлық патриархалды-феодалдық құрылыс ауылға келе бастаған тауар-ақша қатынастарының тегеурінімен шайқала бастады, феодалдық және отаршылдық езгі күшейді. Хандықтардың таратылуы және болыстық басқарманың орнатылуы билік үшін күресті, өшпенділікті күшейтті, «бөліс және билік ет» принципінің нағыз қызған кезі болды. Сонда да жергілікті және отаршылдық биліктер қазақтың прогрессивті қоғамдық ойды және көркем әдебиетті тоқтата алмады. Бұл уақыт негізін қалаушы Абай Құнанбаев болып табылған, ұлттық реалистік әдебиеттің қалыптасуына және әрі қарай дамуына байланысты болды.

Сөз тартыстарында жеке талантты билердің – шешендердің өткір сөздерін жиі естуге тура келген айтыс-тартыстарды талқылағанда Абайдың үнемі болуы, әкесінің елшісі ретінде ауылдарға жиі баруы болашақ ақын үшін пайдасыз болмады. Абайдың алдында күрделі әлемнің, қоғамның әр түрлі топтары өмірінің, заңсыздық пен әділетсіздіктің есігі ашылды. Абай 15 жасында-ақ, дауларға түсіп, күрделі істерді талқылауға қатысып, өзінің білімі мен біреуге тартпаушылығын көрсете білді.

Абайдың Семейге жер аударылған орыс революционерлерімен достығы, оның жеке тұлға ретінде қалыптасуында, сондай-ақ ұлы ағартушының қоғамдық қызметінде үлкен роль атқарды. Абай оны жаңа идеялар әлеміне ғана емес, сонымен бірге жаңа адамдар әлеміне енгізген Е.П. Михаэлиспен аса жақын болды. Михаэлис оны саяси жер аударылғандар Н.И. Долгополовпен, С.С. Гросспен, А.П. Леонтьевпен және басқалармен таныстырды, олар Абайға көп ықпал етті. 1883 жылы Семейдегі жер аударылғандардың күшімен қоғамдық

кітапхана және өлкетану мұражайы ұйымдастырылды. Аймақ үшін және жалпы алғанда Қазақстан үшін соншалықты маңызды істерге тартылған Абай өзінің ақыл-кеңестерімен оларға баға жетпес көмек көрсетті. Жақындарының естеліктері бойынша ол өлкетану мұражайына қазақ халқының қолданбалы өнерінің және тұрмысының 60-тан артық затын берді.

1885 жылғы жазда Абай халық арасында «Абайдың 96 мақаласы» немесе «Шар ережесі» деген атпен белгілі дала ережесін әзірлеуге қатысты, өйткені оның биі Абай болып сайланған «төбенің» төтенше съезі Шар өзенінің жағасында (Семейден 70 шақырымда) Қарамола жерінде өткен. Съезге Қарқаралы, Павлодар, Семей, Өскемен уездерінен және Зайсан жасауылдығынан 100-ден артық би – Орта жүздің барлық руларының өкілдері қатысты, оларға Абай бірауыздан қабылданған кәдімгі құқық реформасының өз жобасын ұсынды.

Абай өмір бойы шындықты іздеді, бірақ шындық деген ол процесс. Осы себепті оны барлық іс жасалды деген сезім ешқашан билемеген. Сондықтан да оның өмірі – бұл толастамайтын рухани даму, мәңгі ізденіс, рухани қауырт жұмыс.

Абай өзінің шығармашылығымен туған елін әлемдік өркениеттің байлықтарына жақындатты және сонымен бірге оған қазақ этносының үздік рухани құндылықтарын енгізді. Ойшылдың қазақтардың ұлттық санасының оянуына, олардың әлеуметтік-саяси және философиялық-этикалық ойын дамытуға, жаңа қазақ әдебиетін қалыптастыруға және қазақ әдеби тілін бекітуге, ұлттық поэзия мен музыкаға, ғылым тілінде «Қоғамдық сана» деп аталатынның барлығына қосқан үлесіне баға жетпейді.

Абай осы ұғымның ең жоғары мазмұнында өз халқының ағартушысы болды. Ойшылдың гуманизмі және ағартушылығы, олардың қазақ қоғамының тіршілік әрекетінің барлық салаларына ықпал етуі, халық мүдделерін нәзік және терең сезіну, оларды жүзеге асыру бойынша риясыз, табанды қызмет ету ұлы ойшыл-ақынның жеке тұлғасына шынайы құрмет сезімін тудырды.

Даулы істерді өз бетімен талқылаған кезде Абай өзін шындықты, әділеттілікті жақтаушы ретінде көрсетті. Заңсыздық пен қылмыстардың нақты кінәлыларын айқындап, ол оларды жазалауды талап етті. Абайдың мұндай тәртібі, оның біреуге тартпаушылығы қазақ феодалдарының наразылығын тудырды, бұл Абайдың қазақ феодалдарының табынан идеялық алшақтауына әкелді. Ол енді заңсыздыққа, патриархаттықтың қатаң дәстүрлеріне шыдағысы келмеді және өз халқының даму, оның экономикалық тоқыраудан шығу жолдарын іздей бастады. Абай ағарту ісін, білімді, мәдениетті таратуды қоғамдық даму құралы деп санады.

Абайдың шығармалары мен аудармалары халық арасында қолжазба түрінде және ауызша түрде жылдам таралды. Таңқаларлық поэтикалық талант, ашық ой, ізгілік, әділеттілік және халыққа деген сүйіспеншілік — Абайдың осы тамаша қасиеттерінің барлығы оны таңқаларлық танымал адам етті. Одан феодалдардан, шенеуніктерден қысым көрген адамдар, ешқайдан әділдік таппаған адамдар көмек сұраған, одан білім алу және поэтикалық шеберлікке үйрену үшін ойшыл, зерек жастар келді.

Абайдың мұндай танымалдығы жаңашылдықтың қарсыластарына: Абайды оның демократиялық сенімдері және ағартушылық қызметі үшін жек көрген отарлаушы-шенеуніктерге, моллаларға ұнамады. Оның сыртынан өсек айтып, «халықтың арасына іріткі салушы», «салт-дәстүрлерді, әкелер мен аталардың құқықтары мен заңдарын тынымсыз бұзушы» деп атаған. Істің арты Абайдың ауылында тінту жүргізіп, полицияның оның орыстың саяси жер аударылғандарымен кездесуіне тыйым салуымен аяқталды, оны құпия бақылау жүргізілді.

Осының барлығы Абайға рухани жара салды. Және де ол әрбір қадам аттаған сайын болмыстың жағымсыз кемістіктерімен, әлеуметтік және адамгершілік езгімен қақтығысты.

«Болыс болдым, мінеки», «Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман» өлеңдерінде ақын еңбекші халық жауларының: болыстардың, екі жүзді старшиналар мен дүниеқор байлардың, билердің, «екі жүзді жемқорлардың халықты тонағанын» дала шонжарларының портреттерін бірнеше мәнерлі штрихтармен суреттейді.

Ақын өлеңдерінің арасында «Болыс болдым, мінеки» («Күлембайға») өлеңі аса үлкен әлеуметтік өткірлігімен ерекшеленеді. Өлең 1889 жылы онда болыстар сайланған, Семей және Жетісу облыстарындағы қазақ руларының төтенше съезінен алған жаңа әсермен жазылған. Бұл өлең — билікке қолы жеткен екі жүзді жемқор болыстың бейнесін, сол кездегі әлеуметтік-саяси тәртіптерді «улы сия, ащы тілмен» шенеп, сықақ ету. Бұл өлеңнің болыстың өзінің монолог түрінде өз аузымен баяндалуының арқасында, бұл сықақ одан да өткір бола түседі.

Абай болыс жайында айқын көрініс жасай алды. Бұл ХІХ ғасырдың екінші жартысының ел билеушісінің типтік сипаты. Ақынның болыстың есімін атамауы кездейсоқ емес, өйткені бұл жинақталған бейне.

Абай не жайында жазса да, ол өзін ойшыл ақын, философ, ағартушы-гуманист ретінде, өз халқын сүйетін және оған сенетін адам ретінде көрсете білді. Абай бүгінгісі мен болашағы туралы, қоғамдағы жастардың орны туралы көп толғанады. Абайдың пікірінше, жастық шақ адам өміріндегі ең жақсы кезең, бұл кезеңде оның жеке тұлғасының аса құнды қасиеттері қалыптасады.

Абайдың жастық шаққа арналған өлеңдерінде кемшіліктерімен және жетістіктерімен бірге олардың өмірінің бейнесі, мінезі, ақылы мен ойының жүйесі бойынша әр түрлі ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы жастардың галереясы құрылады. Үлкен сезімдер мен игі ұмтылыстар ақыны, Абай өзінің ұрпағын барлық құдыреттіге, ізгілік пен зұлымдыққа, поэзия мен өнер туындыларына ұятты немқұрайдылықта жазғырады. Сезімдердің суықтығы, жүрексіздік әрекетсіздікке, рухтың сөнуіне әкеледі.

Бірақ Абай жастарға, «жас өскінге» сенген, және өз жолдарының жалынын ойшыл, саналы жастарға арнаған («Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат», «Әсемпаз болма әрнеге», «Ғашықтық құмарлықпен – ол екі жол»). Мұнда Абай адамның идеалын суреттейді. Нағыз адам болып аталу үшін, адамгершілік, шынайылық, рухани тұрақтылық, сезімге берілгендік, махаббат үшін құрбан болуға қабілеттілік қажет. Егер адам еңбек пен білім жолымен жүрсе, онда адамда осы адамгершілік қасиеттер қалыптасуы мүмкін.

Абай Құнанбаевтың қазақ пен орыс халқының достығын нығайтудағы еңбегі орасан зор. Өз халқының экономикалық және мәдени даму жолын ұлы гуманист ақын білім тарату ісінен, озық демократиялық орыс мәдениеті және ол арқылы жалпы адамзат мәдениеті арқылы білім беруден көрген. «Бастысы — орыс ғылымын үйрену. Ғылым, білім, молшылық, өнер — осының барлығы орыстарда. Кемістіктерді болдырмау және ізгілікке қол жеткізу үшін, орыс тілі мен орыс мәдениетін білу қажет»,— деп жазған Абай. Сондықтан Абай ұлы орыс жазушылары — Крыловтың, Пушкиннің, Лермонтовтың және т.б. шығармаларын аударумен айналысқан.

Орыс классикалық әдебиетіне қатысты Абай өзінің гуманистік, білім таратушы міндеттеріне сенімді болып қалады. Ол өзінің идеясы мен көңіл-күйіне қарай өзіне жақын шығармаларды аударды. Абай Пушкиннің ең сырлас шығармаларының бірі — «Евгений Онегинді» жанына жақын көрді, онда ұлы орыс ақынының құпия ойлары мен сезімдері, оның қазіргі өмір жайлы толғануы, оның адамгершілік идеалы үйлескен. Абай Пушкин шығармашылығынан орыс халқы рухының ұлылығы, орыс мәдениетінің байлығы айқын байқалған ұлттық ақынды көрген. Сондықтан Абай танысуды «Евгений Онегиннен» бастап, қазақ халқын Пушкиннің шығармашылығымен таныстыру шешімін қабылдады.

Абай Лермонтовті де сүйіп оқыған. Ол оның 30-дан астам шығармасын аударды. Олардың арасында «Дума», «Выхожу один я на дорогу», «Исповедь», «И скучно, и грустно», «Парус», «Кинжал», «Горные вершины», «Бородино», «Демон» поэмасынан және «Вадим» романынан үзінділер.

Абай И.А. Крыловтың көптеген әлеуметтік және адамгершілік-философиялық мысалдарын қазақ тіліне аударған: «Бақа мен өгіз», «Шегіртке мен құмырсқа», «Қарға мен түлкі», «Піл мен қанден», «Есек пен бұлбұл» және т.б. Бұл мысалдарда орыс қоғамының кемшіліктері әшкереленіп, азаматтық және патриоттық парыз туралы үнемі оқырманның есіне салып отырған, қазақ халқына білім тарату ісіне арналған.

Орыс әдебиетінің арқасында Абай батыс-еуропалық классикамен танысты. Ол Шиллердің, Гетенің, Байронның, Мицкевичтің кейбір өлеңдерін қазақ тіліне аударды. Абайдың шығармашылығына және Пушкин, Лермонтов, Крыловтың шығармашылығына, батыс-еуропалық классикасына ортақ гуманистік бағытталғандық тән.

Өмірінің соңғы онжылдығында Абай прозаға көңіл аударды. Ол «Қара сөздерін» жазады. Олардың барлығы қырық бес сөзді құрайды. Бұл болмыстың, адамдар өмірінің, қоғамның, табиғаттың көптеген құбылыстары туралы өзіндік лирика-публицистикалық, әлеуметтік-философиялық, қоғамдық-саяси, моральдық-этикалық этюдтер. «Қара сөздер» ойшылдың аса маңызды проблемаларға көзқарасын ашады.

Абайдың тақырыбы әр түрлі прозасының оның поэзиясымен көп параллельдері бар. Өлеңдері сияқты, Абайдың «Сөздерінде» феодалдық-патриархат қоғамын сынау, халықтың тағдыры туралы, адамның адамгершілігі туралы, жеке тұлғаның қалыптасуындағы еңбек пен ақылдың ролі туралы, қоғамның дамуы үшін білім мен мәдениеттің мәні туралы ойлар бар.

Абайдың «Қара сөздері» терең философиялық сипатты иеленеді. Ол табиғаттың және қоғамның, қоршаған ортаның құбылыстарын, құпияларын тереңінен тану қажеттілігі туралы жазады. Бірқатар «Қара сөздері» өмірдің заңдарын таныған кемеңгердің өсиеттерін білдіреді. Ойшыл еңбек, ғылым, білім, мәдениет туралы, ана тілі және орыс тілі туралы көп және құштарлықпен жазады.

Абай «Қара сөздерінде» не туралы жазса да, не туралы ойласа да, біз өз халқын сүйген және оның тағдырына қатты алаңдаған ойшыл азаматтың, ағартушының бейнесін көреміз. Абайда ақынның еріксіздік пен зомбылықтан, халықтың надандығынан туған терең қайғысы, қасіреті оның халқына, туған еліне деген сүйіспеншілікпен жалғасады.

Абай халықтың өз тағдырын қолына алуы үшін қандай жолды таңдауы керектігін көрсете алмаса да, ол оның болашағына, келешектегі жарылқаушы өзгерістер болатынына сенді. «Кім зұлымдықты басынан кешірген жоқ? — деп жазды Абай. — Жігерсіз ғана үмітін жоғалтады. Әлемде тұрақты ештеңе жоқ деген ақиқат қой, ендеше, зұлымдық та мәңгі емес. Қатал, қары көп қыстан кейін гүлденген, суы мол, тамаша көктем келмейді ме?» «Сөздерінің» бірі: «Мен болашаққа сеніммен қарап өмір сүрген жақсы шығар деп ойлаймын» - деген оймен аяқталады.

Кез келген халықтың рухани байлығы өз қоғамына аса көп ізгілік әкелгендердің іс-әрекеттерімен өлшенеді. Халықтың адамгершілік санасы онда тіршілік нәрін алатын қорек көзін, әлеуметтік және моральдық жетілдірудің сарқылмас қайнар бұлағын табады. Қазақ халқының осындай ұлы, әрі сарқылмас рухани қайнар бұлақтарының бірі Абай болған және Абай болып қалады.

### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Есим Г. Философский трактат об Аббае. Алматы, 2006.
2. Энциклопедия «Абай» /Под ред. Р.Н. Нурғалиева. Алматы, 1995.



**А. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов,  
Ш. Құдайбердиев – ХХ ғасыр басындағы либералдық-  
демократиялық зиялы қауым өкілдері**

*Қарағанды мемлекеттік  
техникалық университеті,  
«Қазақстан тарихы» кафедрасының  
оқытушысы  
А.Е. Тұяқова,*

ХХ ғасырдың басы Қазақстанда халықтың ұлттық сана-сезімінің өсуімен белгілі болды. Қазақ қоғамында ұлттық қозғалыс біртекті болған жоқ, оның түрлі ағымдары болды, оның өзегі ұлттық зиялы қауым болды.

Сол кезеңдегі Қазақстан тарихында көрнекті саясаткер, ғалым, публицист А.Н. Бөкейхановтың (1866-1937 жж.) қызметі ерекше орын алады. Орта жүз сұлтандарының ұрпағы Семей облысы Қарқаралы уезінде туған. Білімін Петербург орман техникалық институтында алған. 1896 жылы 3-курс студенті болып жүріп, Қазақстанды зерттеу бойынша белгілі зерттеуші Ф. А. Щербина басқарған экспедицияға қатысушы болды. Экспедиция барысында А.Н.Бөкейханов Қазақстан экономикасын, этнографиясын, мәдениетін жоспарлы түрде зерделеу негіздерін салды. Ол «Россия. Полное географическое описание нашего отечества» басылымының редакциялық-авторлық ұжымы құрамына кездейсоқ енген жоқ. Әсіресе Қазақстанға арналған XVIII томды құрастыруда оның ролі айтарлықтай.

ХХ ғасырдың басында Ресей империясында, «қанды жексенбі» оқиғасына енген орыс-жапон соғысында жеңілу нәтижесінде күшейе түскен саяси дағдарыстың өршуі, либералдық-демократиялық зиялы қауымды - П. Б. Струве, М. И. Туган - Барановский, П. Н. Миллюков, А. И. Гучков, В. И. Вернадский және т.б. сияқты Ресей ғылымы мен мәдениетінің белгілі өкілдерін Ресей либералдарының партиясын құруға итермеледі. 1905 жылы 11-18 қазанда Мәскеуде құрылтай съезі өтті, онда Конституциялық-демократиялық партия құрылды. Осы съездің делегаты ретінде Омбыдан А.Н. Бөкейханов болды. 1905 ж. желтоқсанда А.Н. Бөкейхановтың бастамасы бойынша Уралда Қазақстанның бес облысы өкілдерінің съезі өтті, онда кадеттер партиясы қазақ ұлттық филиалын құру шешілді. Алайда осы бастама партияның ОК –да да, партияның екінші съезінде де қолдау таппады, себебі кадеттер Ресейді «біртұтас және бөлінбес» деп санады, ал ұлттық филиалдарды құру осы тұжырымдамаға қайшы келді.

I Госдумада сайлау туралы патша жарлығы жарияланғаннан кейін А.Н.Бөкейханов сайлау компаниясына енді және оның депутаты болды. Бірақ 1906 жылы 6 шілдеде II Николай жарлығы бойынша Бірінші Дума таратылды. А.Н.Бөкейханов Думаны таратуға қарсы Выборг манифестіне қол қоюға қатысканы үшін тұтқындалды. Түрмеден босатылғаннан кейін ол Самараға



қоныстанды, онда Донск жер банкінің статисі болып жұмыс істеді. Самара тұсында ол энциклопедия шығарушылар Ф.А.Брокгаузбен және И.А.Ефронмен қызметтес болды, 4-21 томдарды шығаруға қатысты. Қазақтар этногенезіне, мәдениетіне, олардың мемлекеттерінің құрылуы мен даму мәселелеріне арналған «Қазіргі мемлекеттердегі ұлттық қозғалыс түрлері» жинағында қазақтар туралы очерк жазды. Ол мұнда Кенесары Қасымовтың тарихымен жұмыс істеді, Абай өмірі туралы очерк жариялады.

А.Бөкейханов ұлттық-демократиялық партияны құру жоспарларын көтерді. Ол қоғамдық-саяси өмірде басылымға маңызды роль бөлді. Жалпы ұлттық газет ұйымдастыру шешілді, ол жалпы ұлттық байланыстың, қазақ халқының өркендеу рупоры болды. Газет шығару орны ретінде Орынбор таңдап алынды, ал газет «Қазақ» (1913-1918 жж.) деп аталды. Редакция жұмысына ұлттық зиялы қауымның көрнекті өкілдері жұмылдырылды. Олардың арасында – ақын, прозаик М.Дулатов (1885-1935жж.). Оның алғашқы «Оян, қазақ» атты өлеңдер жинағы 1909 ж. шықты. Кітаптың тақырыбы ХХ ғасырдың басындағы ұлттық-езілген халықтың манифесті болды, барлық тиражды патша үкіметінің тәркілеуі тегін емес еді. М. Дулатов езілген қазақ әйелінің қасіретті тағдырына арналған 1910 жылы жарық көрген «Бақытсыз Жамал» романының авторы. Ол сонымен қатар «Азамат» (1913 ж.), «Терме» (1915 ж.) өлеңдер жинағының авторы. Ақын, аудармашы, лингвист, педагог А.Байтұрсынов «Қазақ» газетінің редакторы болды.

А.Бөкейхановпен бірге Уралда Қазақ съезіне шақыру және кадет партиясының ұлттық филиалын құру бастамашылы Әбілқайырдың ұрпағы Б.Қаратаев (1860-1934 жж.) болды. Б.Қаратаев 1890 жылы Петербург университетінің заң факультетін бітіріп, тамаша білім алды. Ол Урал облысынан ІІ Мемлекеттік Думаның депутаты болды, оның Мемлекеттік Думада 1907 жылы 16 мамырда сөйлеген сөзі белгілі, ол оны былай бастаған еді: *«Қырғыз-қайсақ халқының атынан бұл мінбеден ешкім сөйлеген жоқ: соған қарамастан, мемлекетіміздегі шиеленісіп отырған аграрлық мәселені шаруаларды Далалық облыстар территориясына қоныс аудару арқылы шешкісі келетіндер бар...»* [1]. Өз сөзінде ол барлық өткірлікпен аграрлық және ұлттық мәселені көтерді, Столыпіннің орыс және украин шаруаларын Қазақстанға қоныс аударту жоспарларының халыққа қарсылығын көрсетті.

«Қазақ» газеті мен «Айқап» журналы (1911-1915 жж.) ұлттық зиялы қауым арасында түрлі идеялық-саяси пікірлер мен ағымдардың анықтағышы болды. Газет либералдық-демократиялық бағыттар идеяларын білдірді, оның айналасында А. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов және басқалары шоғырланды. «Айқап» баспагері және редакторы М. Сералин болды, журналда Ж. Сейдалин, Б. Қаратаев, С.М. Торайғыров, С. Сейфуллин, Б. Майлин қызмет етті. Осы басылымдар жалпы ұлттық идеяларды, қазақ халқының отарлық күйдегі жағдайында мүдделерін білдіру арқылы бірікті.

Революциядан кейін 1905-1907 жж. Қазақстанда қоныс аудару саясаты айтарлықтай жанданды, бұл аграрлық мәселеленің күрт асқынуына, отаршылықтың күшеюіне алып келді және ХХ ғасырдың екінші он жылдығының басы қайтадан еңбекшілердің ұлттық және әлеуметтік езгіге

қарсы шығуларымен белгілі болды. 1911 жылы мамырда «Атбасар мыс кеніштері» акционерлік қоғамы жұмысшыларының ереуілі өтті. 1912 жыл демократиялық қозғалыстың жаңа өрлеу кезеңі болды: Байқоңыр көміршілерінің ереуілі болды, көтерілістер мен митингтер Семейде, Торғай уезінде, Омбыда, Орыборда, Петропавлда, Өскеменде, Доссор, Ембі кәсіпшіліктерінде өтті.

**Ахмет Байтұрсынов** – қазақ қоғам қайраткері, ағартушы, ғалым-лингвист, әдебиет танушы, түркітанушы, аудармашы, араб графика негізінде қазақ алфавитін құрастырушы. Оның әкесі тәуелсіз және тәкаппар адам болды. Ахмет он жасар жасөспірім кезінде-ақ, каторгаға айдалған әкесінен айрылып өмірдің оған ащы дәмін тартты. Бұл, атақты батыр Үмбетейдің ұлы Байтұрсын Шошақұлы уезд бастығына полковник Яковлевке бағынбағай, оны аттан құлатып түсіріп, ұрғаны үшін болған еді. Ахмет сауатын ауыл молласынан ашты. Орыс-қазақ училищесін бітірген соң, ол Орынборға барады да, қазақ мұғалімдері мектебіне түседі. 1895–1909 жылы Ақтөбе, Қостанай, Қарқаралы уездеріндегі ауылдық болыстық училищелерде сабақ береді. Ғалымның әйелі орыс болды. Қостанай уезінде жұмыс істеген кезде Ахмет Байтұрсынов орманшының үйінде тұрды, онда Александра Ивановнаға ғашық болады. Олар үйленеді. Олардың некесі Қостанайда мұсылманша қиылады және әйелі өзінің тегі мен атын өзгертеді де, Бадриссафа Мұхамедсадыққызы Байтұрсынова болып аталады. Олар Қостанайда өмір сүрді, онда ол орыс-қазақ мектебінде мұғалім болып жұмыс істеді. Сосын Омбыға, кейін Қарқаралыға көшіп келді, онда 1907 жылға дейін болады.

А. Байтұрсынов оқытушылық міндеттерімен шектеліп қалған жоқ. Ол ауылдарға барып, адамдарды ағарту ісінің пайдасына үгіттеді, олармен арманы туралы бөлісті. Байтұрсынов, патша үкіметінің аяусыз отарлық саясаты қайда апаратынын түсінді және өз сөздерінде халық алдында оны батыл әшкереледі. 1905 жылғы революция оны белсенді әрекеттерге итермеледі. Осы кезден бастап ол саяси қызметке белсенді араласады. Осындай бірінші акция петиция құрастыруға қатысуы болды, онда қазақтардың жеріне экспроприацияны тыю, қоныс аударушылар ағынын тоқтату, халық земствосын ұйымдастыру талаптары деклорацияланды. Сонымен қатар мұсылман халқын православие орнату саясатына қарсы бірігуге шақырды. Петиция ағарту жүйесінің жаңадан ұйымдасуын да, қазақ халқының ойы мен арманын бейнелейтін цензурасыз газет басылымына рұқсат етуді, мемлекеттік аппаратта және сот органдарында қазақ тілінде іс қағаздарын жүргізуді енгізуді қарастырды. Осы ойлар қазақ халқына тұқымын шашты және зиялы қауым өкілдерінің көбісі қолдау жасады.

Осы уақыттан бастап А.Байтұрсыновтың ойлағандары халық санасын оятуға бағытталды. Еске салынған петиция 1905 жылы 26 шілдеде атақты Қоянды жәрмеңкесінде қазақтың бірінші заң магистрі Жақып Ақпаевпен және ірі саясаткер, ғалым-экономист Әлихан Бөкейхановпен бірлесіп жазылды. Әділдік іздеу және патша әкімшілігі әрекетін сынау ізсіз өте алмады. 1909 жылы мұғалімдікпен айналысқан Ахмет Байтұрсынов Семей түрмесіне сотсыз 8 айға қамалады. Сол уақыттан бастап ол озбырлыққа қарсы ашық күреске

көшеді, халық езгісіне қарсы күреске шақыратын, бостандық туралы өлеңдер жазады.

1913 жылы А. Байтұрсынов Орынборда «Қазақ» газетін ашады. Жуық арада оның басылымына Әлихан Бөкейханов қосылады және жетекші авторлардың бірі болады. Орынбор губерниясының жандармдар басқармасының бастығы генерал-майор Бабич өзінің 1914 жылы 24 қарашада Торғай губернаторына «Қазақ» газеті туралы жазған хатында былай дейді: «Газеттің ірі қызметкерлерінің ішінде: I мемлекеттік Думаның бұрынғы мүшесі, далалық облыстардың аграрлық мәселесі жөнінде маманы Әлихан Бөкейханов»[2].

Ахмет Байтұрсыновқа «Қазақ» газетінің айналасына Міржақып Дулатов, Шәкәрім Құдайбердиев, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов және т.б. сияқты көрнекті қайраткерлер мен ақындарды біріктіре алады. Осындай көрнекті қайраткерлердің қуаты мен күштерінің арқасында, қазақ халқының санасын оятуда айтарлықтай роль атқарып, газет қоғамдық басылым болды. Газеттің сегіз мыңдық тиражы (сол уақыт бойынша аз емес) халыққа толқытар мәселелерді жеткізуге мүмкіндік берді.

«Қазақ» газеті (1913 ж.) номерлерінің бірінде Ахмет Байтұрсынов: «Қазақ ұлтының болғанының өзі өткер мәселе болды» деп жазды [2]. Осы өжет сөздері оның аузынан кездейсоқ шығып кеткен жоқ. XX ғасырдың басында азиялық Шығысты отарлау және шаруаларды еліміздің Еуропалық бөлігінен қарқынды қоныс аударту үдемелі қадамдармен жүріп жатты. Нәтижесінде 1916 жылы қазақтар жақсы жерлерінің 40 млн. гектарынан айрылды және құнарсыз дала мен тауларға ығыстырылды.

Әсіресе бірінші дүниежүзілік соғыс жылдары Дала өлкесін тонау ашық, хайуандық болды, сол кезде далалы жерлерден мәжбүрлі бағалармен көп малдарын айдап әкетіп жатты. Патша әскері үшін күймелі арбалар мен киіздер реквизициясы жүргізілді. Бір мезгілде орыс колонистері үшін жаңа жерлерді тартып алуға дайындық жүрді. Егер осыған әлеуметтік қанауды, жазасыздықты және шенеуліктердің алым-салықтарын қоссақ, онда Ахмет Байтұрсынов сияқты жеке тұлғалар болып жатқан оқиғалардан тыс қала алмағаны түсінікті болады. Газет 5 жыл – 1917 жылға дейін қызмет етті. Осы уақыт ішінде басты ұлттық-қоғамдық-саяси және ғылыми-әдебиет басылымы болды. Сталиндік тазарту жылдары «Қазақ» газеті қызметкерлеріне қатаң жаза тағылғаны кездейсоқ емес.

Азаматтық соғыс барысында кеңес үкіметі, революция жағына білікті мамандарды тартуға тарасып, 1919 жылғы 4 сәуірден бастап БРАК қаулысын жариялайды, онда, жеке алғанда: «кеңес үкіметіне қарсы азаматтық соғысқа қатысқан қырғыздар (қазақтар), сонымен қатар бұрынғы «Алаш орда» ұлттық қырғыз үкіметінің мүшелері мен қызметкерлері өзінің бұрынғы контрреволюциялық қызметі үшін ешқандай қуғындауға және жазалауға жатпайды» делінген [3]. Осы қаулыдан кейін «Алаш орда» үкіметінің көптеген көшбасшылары кеңес үкіметінің жағына көшеді. 1919 жылы тамызда «Революция және қырғыздар» мақаласында Ахмет Байтұрсынов: «Ресей халықтары құқықтарының деклорациясын» жариялау қазақтың ұлттық

мәселесіне назар аударып бастауы деп санауға болады, мен шын жүректен жолдастарымды, кеңес үкіметін Колчаковтан артық көре отырып, біз қателескен жоқпыз деп жұбата аламын» [3].

Кеңес үкіметі ағарту ісінің дамуына күшін аямағанын атап өткен жөн. Қазақ әйелдеріне ерекше назар аударылды. 1930-31 оқу жылында - отырықшы аудандарда, ал 1931 жылдан бастап көшпенді халқы бар аудандарда жалпыға міндетті оқу енгізілді. Мәдени өрлеуді жеделдетуге ұлттық зиялы қауымның көптеген қайраткерлері көп көңіл бөледі. Сол жылдары Ахмет Байтұрсыновтың ана тілі бойынша жазған оқу құралы, ликбездер жүйесіне арналған оқулықтар, 20-жылдары бірнеше басылымнан өткен иллюстрациялы әліппе үлкен танымалдықпен пайдаланылды. 20-30-жылдар Қазақстанда ғылымның орнаған кезеңі болды. Өлке тарихын, этнографиясын, экономикасын және жаратылыстану ғылымдарын зерделеудің ірі орталығы Қазақстанды зерделеу қоғамы болып табылды. Жаратылыс-географиялық, этнографиялық және тарихи-археологиялық секциялар жұмысына көрнекті ғалымдар С. Асфендияров, А. Затаевич, А. Байтұрсынов, Ж. Аймауытов және басқалары қатысты.

Алайда КСРО-да басталған қатыгез репрессия толқыны Қазақстанға төніп келді. 1920 ж. Ахмет Байтұрсынов тұтқындалды. Оны - Архангельскіге, ал әйелі мен қызы Шолпанды жер аударды. Бірақ 1934 жылы сол кездері Қызыл Крест комиссиясында жұмыс істеген Е. Пешкованың қолдауы бойынша босатылды. Алайда 1937 жылы қазанда оны қайтадан тұтқындап, атып тастайды.

**Дулатов Міржақып** - ақын, жазушы, публицист, ағартушы-педагог, Бөкейханов және Байтұрсыновпен бірге, ХХ ғ. қазақтардың ұлттық сана-сезімінің жаңару кезеңін білдірді.

Ол 1885 жылы 25 қарашада Қостанай облысының Сарықопа ауылында туған. Өзінің балалық шағының қысқа суреттемесінде ол былай жазады: «Орта Азияның тумасымын, руым Арғын, туа сала 2 жастан бастап – анамнан, 12 жаста әкемнен айрылдым. Мен 8 жасқа толғанда, әкем мені ауыл молласына, өте надан адамға оқуға берді. Мен онда қанша уақыт оқығаным есімде жоқ, бірақ араб құрандарын жаттаудан басқа ештеме үйренбегенімді ғана білемін» [4]. Сосын ол ауыл мектебінде орыс және қазақ тілдерінде екі жыл, тағы екі жыл орыс-қазақ училищесінде оқиды және ауыл мектебі мұғалімінің атағын алады. Алғашқы өлең тәжірибесі қазақ газеті «Серкенің» алғашқы номерінде Петербургте басылады (барлығы екі номері шығады).

Алғашқы «Оян, қазақ» өлеңдер жинағы 1909 жылы шықты, елге таралды және 1911 жылы қайтадан басылып шықты. Кітаптың тақырыбы ХХ ғ. басындағы зиялы қауымның сол буынының халқына манифест, ұран болып қызмет етті, оның жетекші рухтандырушыларының бірі шынында да Міржақып Дулатов болып саналады. 1911 жылы «Оян, қазақ» жинағы баспа істері жөніндегі бас басқарма тәркілеуге алды. Смағұл Садуақасов «Жас Қазақстан» (1928 ж.) кітабының алғысөзінде: «Осы жүз жылдықтың басында Абайдың алғашқы ісбасарлары пайда бола бастады. Оларға қазіргі өмір сүріп жатқан

А. Байтұрсыновты, М. Дулатовты, М. Жұмабаевты атауға болады. «Бақытсыз Жамал» атты бірінші романы қазақ тілінде 1910 жылы жарық көрді. Оның авторы - жоғарыда аталған М. Дулатов. Роман езілген, зат ретінде қалың малға сатылатын қазақ әйелінің өмірін сипаттайды және авторға керемет атақ бере отырып, үлкен жетістікке жетті» [4].

1914 жылы түркітанушы В.В. Гордлевскийдің бастамасы бойынша қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдері ретінде Абай мен Міржақып есімдері «А.И.Веселовский құрметіне Шығыс жинағына» енді. Дулатов өлеңдерінің екінші жинағы «Азамат» атауымен 1913 жылы Орынборда басылып шығады. Онда орыс ақындарының бірнеше аудармалары басылған еді. Оған эпитафия ретінде кітап сыртына шығарылған бірнеше жолдар болды:

«Мен біткен ойпаң жерге аласа ағаш,  
Емеспін жемісі көп тамаша ағаш  
Қалғанша жарты жаңқам мен сенікі —  
Пайдалан шаруаңа жараса, алаш!

М.Дулатов, қоғамдық-саяси басылымның ролін атқарған және 1918 жылдың қазанына дейін болған «Қазақ» газетіне көп көңіл бөлді. А.Байтұрсыновтың өмірі мен шығармашылығына очерк арнайды (1922 ж). 1911 жылы Міржақып бірінші қазақ журналында белсенді қызмет атқарды, онда оның әңгімелері мен өлеңдері жарық көрді. 1915 жылы «Терме» атты жалпы атаумен өлеңдер жинағы шығады. М. Дулатов революциядан кейін түрлі редакцияларда жұмыс істейді, жазуын жалғастырады, қазақ халқының тарихы жөнінде еңбекті ойластырады. 1928 жылы ол тұтқындалады, екі жыл түрмеде отырады, сосын Соловецк лагеріне жөнелтілді, онда 1935 жылы 5 қазанда қайтыс болды.

**Шәкәрім Құдайбердіұлы** – қазақ ақыны, жазушысы, аудармашы, композитор, тарихшы және философ. Абайдың рухани мұрагері және шәкірті, ойшыл философ, тарихшы ғалым, ақын Шәкәрім Құдайбердіұлы 1858 жылы 11 шілдеде Семей уезі Шыңғыс болысы (Семей облысы Абай ауданы) Кен бұлақта Құбайбердінің әкесі – Абайдың ағасы Құнанбай билеген Тобықты руында дүниеге келген. Шәкәрімнің анасы - Алдабергеннің қызы Төлебике, қаракесек руынан. Шәкәрім шығармалары оның өмірлік жолы және шығармашылық қызметі туралы мәліметтер мен дәлелдерді сақтайды.

Шәкәрімнің әкесі Құдайберді оны ауыл молласына оқуға береді, одан ол араб және парсы жазуын үйренеді. Шәкәрімнің балалық шағы, ересектік және жасөспірім шағы, 7 жасында жетім қалғанына қарамастан, қамсыз, жеткілікті және молшылықта, құдіретті Құнанбай атасының қамқорлығының астында өтті. "Мен пақыр өз әкем өлген соң ұлық атамыз хажы марқұмның тәрбиесінде қалсам да, бұрыннан ауылымыз, қыстауымыз бөлек болғанда хажы марқұм мені "жетім" деп аяп, қысып оқыта алмай, жетімді сылтау қылып, ойыма не келсе, соны істеп ғылымсыз өстім" – деп Шәкәрім еске алады.

Атасының қамқорлығындағы Шәкәрімнің шын мәніндегі тәлімгері Абайдың өзі болады. Шәкәрімнің жасөспірім шағы сөз өнері, ғылым мен білімді қадір тұтатын атмосферада өтті. Қажы Құнанбайдың ауылы, ақиқат, білім іздеуді, басқаша айтқанда, барлық жаңашылдықты жоғары қоюмен

атақты болды. Шәкәрім Абай мектебінің шынайы шәкірті болды, онда шешендік шеберлікті, кез келген шығармашылықты және музыкаға құмарлықты құдіреттей санаған.

Шәкәрім 14-15 жасында Абайдың ықпалымен өлең шығара бастайды. Оның философиялық ойлау тақырыбы - табиғат пен этика, жақсылық пен зұлымдық. "Менің жас кездегі өлеңдерімді жастар ерекше құрметтеді. Бірақ мен өз халқымның мұқтаждығын білмедім, сондықтан да сол тұста керекті сөзді айта алмадым» деп еске алады. Бірақ сол кездері Құдайбердіұлы толығымен жазушылық қызметке кірісе алмады. Ол 20 жасқа толар-толмастан, өз халқының мол үлеске қол жеткізуіне көмектесу үшін саясатпен айналасуға бел буды, ол дала өмірінде бейбітшілік пен береке орнауы үшін рулар арасында, қоғамның түрлі таптары арасында өзара қарым-қатынасты жолға қоюға тырысты. Сайлауларда Шәкәрім өз кандидатурасын ұсынды және болыстық билікке сайланды.

Ол үшін өзіндік мектеп талас-тартыстармен және дау-шарлармен танысу болды. Көптеген шағымдар қоршаған ортада көп әділетсіздік ретінде ашылды. Ол басқару жүйесіне енді, онда қазақ халқына үстемдік жасауға және құқығын шектеуге негізделген патша үкіметінің отарлау саясаты басты орын алды. Кейін, сол оңайлыққа түспеген күрес жылдарын еске алып, үлкен өкінішпен жазады:

*«Жиырма мен қырық арасы -  
Жас өмірдің сарасы,  
Бос өткенін қарашы  
Жүрекке төгіп қанды ірің».*

Шәкәрім шамамен 1998 жылы, қырық жастан асқаннан кейін, толығымен және үзілді-кесілді шығармашылыққа берілді. Белгілі бір жүйе бойынша батыс және шығыс әдебиетін зерделей бастады. Осы тұста ол Хафиз, Физули, Навои сияқты ақындар мен ойшылдардың мұрасымен, сонымен қатар Байрон, Пушкин, Толстойдың шығармаларымен танысты. Оның қызығушылық аясына әдебиет, тарих, философия, музыка, риторика, жаратылыс ғылымдары, география – бәрі енді. Шәкәрім өз бетінше араб, парсы, түрік, орыс тілдерін игерді. Ғылым мен білімге толығымен берілген ол халықпен жақын танысу үшін, саяхатқа шығады. 1903 ж. Императорлық орыс географиялық қоғамының Батыс-Сібір бөлімшесі Семей бөлім ішілік мүшесі болып қабылданды.

XX ғ. басы Шәкәрімнің шығармашылық қызметінің өрлеу кезеңімен белгілі болды. 1906 жылы ол Меккеге, Мысырға, Стамбулға барды, өзі алған кітаптарды Семейге поштамен жібере отырып, кітапханаларда жұмыс істеді. Оның өмірінің соңғы кезеңі 1905-1907 жж. революциясына, Столыпын реакциясына, бірінші дүниежүзілік соғысқа, Қазақстанда 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысқа, ақпан және қазан революциясы, азаматтық соғыспен, кеңес үкіметінің орнауымен, коллективтендірумен сәйкес келді. Шәкәрім Ресей мен Қазақстан арасында болған көптеген маңызды оқиғалар мен өзгерістердің куәсі болды. Ол "Алаш" ұлт-азаттық қозғалысына қатысты. Қазақстанда кеңес үкіметінің орнауы, 1920-1921 жылы 1930-1931 ашаршылық жылдары, 1928

жылы жаппай тәркілеу – осының бәрі ақынның көзқарасына үлкен әсер етті. Сол уақыттың шындығы туралы ақын былай жазады:

*Сыртымнан қарап сын беріп,  
«Бай», «жуан» десе, шын көріп,  
Сырласа алмай жиреніп,  
Қашады тағы жаңа жас.  
«Алжыды», - деп ел де айтты,  
«Дін бұзды», - деп молда айтты,  
«Ескішіл», - деп ол да айтты,  
Жалғыз қалдым жалаңаш.  
Бәрің кеттің, мен қалдым,  
Неңді жұттым, неңді алдым,  
Басыңа пәле не салдым,  
Жолдасым - қағаз, қарындаш.*

1912-1922 жылдары Шәкәрім Кеңқоныс мекенінде тұрды, өзін ғылым мен шығармашылыққа түгелдей арнады. 1922 жылы ол Шақпан мекенінде мүлдем жалғыз тұрды. 1931 жылы 2 қазанда Шәкәрім кінәсіз сотталды және құпия түрде атылды. Ұлы талант, үлкен ғалым көп жылдар бойы ұмыт қалды.

Құдайбердіұлының көзі тірісінде оның «Қазақтар айнасы» сияқты кітаптары, "Қалқаман-Мамыр" және "Еңлік-Кебек" поэмалары басылып шықты. Жеке өлеңдері, мақалалары, эссесі 1913-1924 жылдары "Абай", "Айқап", "Шолпан" журналдарында, "Қазақ" газетінде жарияланды. Хафизден "Абай" және "Шолпан" аудармаларын және Физулидің "Ләйлі мен Мәжнүн" басып шығарды. Пушкиннің "Дубровский" және "Метель" поэтикалық аудармасы 1936 жылы Алматыда «Әдебиет майданы» журналында жарияланды.

Бұрынғы КСРО прокуратурасы 1958 жылғы 29 желтоқсан шешімі бойынша қылмыс құрамының болмауына байланысты Шәкәрімді ақтап шығарғанына қарамастан, «буржуазиялық ұлтшылдықпен» және басқа қисынсыз күнәлармен айыпталған ақынның шығармашылығына тиым салды. Бірақ халық бұрынғыша ақынның шығармаларын есте сақтады. Қазақ зиялы қауымы Құдайбердіұлы шығармашылығына ресми көзқарасты қайта қарастыруды талап етті. Тек 1986 жылдан бастап Шәкәрім поэзиясының халыққа қайтарылуы мүмкін болды. Оның 1918 жылы Семейде алаштықтар съезін өткізу жөнінде қызметі, мақалалары, философиялық эсселері, өлеңдері мен поэмалары, очерктері және т.б. жария болды. Ақын, әрі композитор Ахат Құдайбердіұлының (1900-1984) жазбасы бойынша, Абайдың рухани мұрагерінің дүниетанымында музыканың алар орнына шырақ қоя аламыз. Абай исламдығына бұрынғыша өте айыпты нәрседей, оның үстіне Шәкірім іліміне тұтас мистикалық діншілдік ретінде көзқарасына қарамастан, Абай-Шәкәрім сабақтастығына объективті қарау қажеттігі туады. Шәкәрімнің назарын Шығысқа аударған, оның тарихи орындармен, ғалымдармен танысуы, кітапханаларға баруы үшін оның Меккеге, Мәдинаға, Мысырға, Стамбулға саяхат шығындарын төлеген нақ Абай Құнанбаевтың өзі болды. Онда Шәкәрім

құнды кітаптар алды және ноталар жазбаларының шығыс жүйесін меңгерді. Шәкәрім "Жастық", "Сегіз аяқ", "Ажалсыз әскер" өлеңдерін, жас ақын алдына музыкалық өлең қатарына үйлестіру үшін түрлі өлең өлшемдерін іздестіру мәселесін қойған композитор Абаймен авторлас болып шығарған. Шәкәрімнің музыкаға қайта салынған өлеңдерінде, өз уақытында И.Кант: «Мен қайдан келдім? Не істеуім керек? Неге сенуім керек?» деген сұрақтарын еске салатын принциптік дүниетанымдық сұрақтары өз бейнесін тапты. Шәкәрім Абай ізбасары ретінде, қазақ халқының жүрегінен тарихи жаралған поэтикалық және музыкалық стихияны терең қабылдады, оларда қалыптасқан діншілдік пен ұғым қабаттарын ол өзінің философиялық дүние қабылдаудың негізін салушы принциптерде жүзеге асырды.

Н.Ә. Назарбаев атап өткендей, Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздікті алуы және демократиялау процестерін жандандыруы мұрағат құжаттарының құпиясын ашуға және «бүгінгі таңда жаңа заманғы қазақ зиялы қауымының ұрпақтары лайықты бағасын беруге тиіс, сол аты шулы есімдердің парасаттылық және азаматтық сабақтарын» зерттеуді қол жетерлік етуге мүмкіндік берді.

#### **Әдебиет тізімі:**

1. История Казахстана: белые пятна. Алма-Ата, 1991.
2. История Казахстана в 5-ти т. Алматы, 1996.
3. Козыбаев М.К. История и современность. Алма-Ата, 1991.
4. Асфендияров С., Кунте П. Прошлое Казахстана в источниках и в материалах. Т. 1. Алма-Ата, 1935. Алматы, 1998.
5. Назарбаева Н.А. На пороге XXI века. Алматы, 1996.
6. «Казахи», девяти томный популярный справочник, том II, «Исторические личности». – А., 1998.





## **Қ. Аманжолов – жаңашыл ақын, қазақ поэзиясында лириканың негізін салушы**

*К.С. Тілеуғабылова,  
Қарағанды мемлекеттік  
техникалық университеті  
«Қазақстан тарихы» кафедрасының  
аға оқытушысы*

Қасым Рақымжанұлы Аманжолов 30-жылдардың басында әдебиет саласына енді. Ол 1911 жылы Қарағанды облысы Қарқаралы ауданында дүниеге келген, ата-анасынан ерте айрылады да, интернатта тәрбиеленеді. 1927 ж. бастап 1930 жылға дейін мал дәрігерлік техникумда оқиды. 1932 жылы журналистика саласында – «Лениншіл жас» республикалық жастар газеті редакциясында жұмыс істейді. Ұлы Отан соғысы басталғаннан бастап 1946 жылға дейін ақын Кеңес Армиясы қатарында шайқасты. Әскерден қайтқаннан кейін біраз уақыт «Әдебиет және өнер» журналының поэзия бөлімін басқарады.

Қ.Аманжолов алғашқы өлеңдерін жиырма жасында жасөспірім кезінде жариялайды. 1938 жылы оның, ақынның замандастары – коммунизмнің жас құрылысшыларының өмірі мен еңбегі туралы әңгімелейтін «Өмір сыры» өлеңдер жинағы - бірінші кітабы басылып шығады. Осы жылы Ленин комсомолының жиырма жылдығына арналған әдеби конкурста Қ.Аманжоловтың «Құпия қыз» поэмасы екінші сыйлықпен атап өтілді. Сонымен қатар ол Пушкин, Лермонтов, Маяковскийдің шығармаларын; кейінірек Шевченко мен Некрасов шығармаларын аударады. Аудара жүріп, ол орыс поэзиясы классиктерінен көптеген нәрселерді үйренеді.

Қ.Аманжоловтың осы кезеңдегі, социализм құрылысына, кеңес адамдарының ойлары мен сезімдеріне арналған өлеңдері ой тереңдігімен, поэтикалық шеберлігімен ерекшеленеді. Енді оның лирикалық шығармалары сөзшеңдіктен арылады, олардың негізінде нақты ойлар мен сезімдер жатыр. Поэзияда, егер оған жарқын бейнелерге оранған жоғары идеялар сінбеген, ойлармен рухтанбаған, сезімге қанықпаған болса, көпшіліктің үгіттеушісі және тәрбиешісі бола алмайды. Қ. Аманжолов поэзияның осы ерекшеліктерін тамаша түсінді және көркем сөздің күшімен оқырмандар санасына әсер етуге талпынды.

Қ. Аманжолов біздің халқымыздың табыстарын ғана емес, социалистік құрылыстағы кеңес адамдарына кедергі болған кемшіліктерді де соққыға алды. «Бидайдың» арызы өлеңінде Калинин атындағы колхозда орын алған кемшіліктерді сынайды, қамсыз басшыларды соққыға алады.

30-жылдары Аманжолов кеңес жастары, олардың адамгершілік бейнесі туралы, достық және махаббат туралы көп жазды. Жастар туралы шығармаларында ақын оларға бірде қуанышты және бақыт сезімдерімен

(Колхоздан келген қыз) жазады, бірде жас буынның өз Отанына шексіз берілуі туралы (Алма бағында, Отан үшін жан пида және т.б.) баяндайды.

Қ.Аманжоловтың «Дауыл» атты екінші өлеңдер кітабы 1941 жылы шығады, оған көбінесе соғыс жылдарындағы өлеңдері мен «Біздің дастан» поэмасы енеді. Ақын В.Маяковскийдің «Бар дауыспен» поэмасын қазақ тіліне аударды.

Қ.Аманжоловтың көзі тірісінде көпшілігіміз оны көбінесе азаматтық тебіреністегі ақын, ақын-публицист деп санадық. Бірақ Қ.Аманжоловтың толық шығармалар жинағы жарық көрген кезде, көп қырлы, өзінің шығармашылық ізденістерімен өте қызықты ақынды көрдік. Осындай жаңа қырын түсіну оңай - мұнда оның кейбір сатиралық және лирикалық өлеңдері алғаш рет басылды. Алғаш рет болатын себебі – социалистік өнер туралы жұпыны ұғым, сындағы көркемдік талғамның нашарлығы, қазақ әдебиетінде орын алған түпнұсқалы, өзіндік дүниеге новорапповтық бүйірден шабуылдар жасау, жалғыз Қ.Аманжоловқа қана оқырман досының алдында өзінің жүректен шыққан ойларын ашуға кедергі жасап қойған жоқ.

«Ләйлі мен Мәжнүн», «Фархад пен Шырын», «Ромео мен Джульетта», «Қозы Көрпеш пен Баян сұлу» поэмаларын, Татьянаның Онегинге хатын толғаныспен және сүйіспеншілікпен оқитын біздің халқымыз, бақытты кеңес уақытында өмір сүретін жас буынның еңбек қажырын да, сонымен қатар сәулелі махаббатын да жырлайтын өлеңдер мен поэмалар шығарылуына қызығушылық танытты. Қ.Аманжоловтың тамаша лирикалық өлеңдері оқырмандардың осы заңды талаптарына жауабы болды. Адамгершілік тазалық, махаббатқа адалдық, сезімдердің тереңдігі – оның лирикалық кейіпкерлерінің тұрақты қасиеттері міне, осындай. Осындай поэзия оқырманның жағымды сезімдерін тудырады, оны эмоциялық тәрбиелеуге қызмет етеді. Шыншыл ақын Қ.Аманжолов солдаттың сезімін: қайғысын, сағынышын, қуанышын жан-жақты суреттей білді. Сонымен, мысалы, сағынышпен толғандырар әуені оның көптеген майдандағы өлеңдері арқылы айтылады. Мұнда ешқандай өрескелдік жоқ. Өмір мен өлім арасында жатқан адам туған үйін, өз отбасын, сүйікті әйелін, анасын сағынбауы мүмкін емес. А.Сурковтың, К.Симоновтың майдандағы бір қатар өлеңдерінің тақырыбы солдаттың туған жеріне, сүйікті қызына және достарына деген сағынышы болып табылады.

Бірақ кейбір майдандағы өлеңдерінде Аманжолов осы сезімді арттырады, оны пессимизмге дерлік жеткізеді.

Соғыс күндері әр халық өзінің ерлік дәстүрлерін және ұлттық намысын жоғары көтергені белгілі. Бірақ біздің елімізде халықтардың ұлттық мақтанышы баяғыда-ақ интернационалды болған. Алайда Аманжолов соғыс жылдары осы шындықты онша айқын түсінбеген. Бұған көзімізді жұмып қарауға болмайды.

1943 жылы Аманжолов, Қиыр Шығыстан Батысқа өтіп бара жатып, «Сарыарқа» өлеңін (Арал-Ертіс су бөлігі, ауыспалы мағынада – Қазақ жері) жазды. Мұнда әңгіме дала табиғатының сұлулығы туралы, бірақ өлең келесі таң қаларлық жолдармен аяқталады, сіздердің көздеріңізді жеткізу үшін төменде келтірілген:

*Сарыарқа, сағындырдың, атамекен,  
Сар дала, анам едің, құшағың кең.  
Тұсыңнан тоқтай алмай барам өтіп,  
Артта – сен, алда – майдан, қайтсем екен?! –*

Соғыс жылдары көптеген патриоттық өлеңдерден басқа Қ.Аманжолов, майданда қаза тапқан қазақ ақыны Абдолла Жұмағалиевтің жарқын бейнесін жандандыратын «Ақынның өлімі» поэмасын шығарады.

Қ. Аманжоловтың соғыстан кейінгі жылдардағы өлеңдері өзекті, оперативті, замандастарымыздың толық еңбегі мен өміріне, олардың бейбітшілік үшін күресіне арналған. Сонымен қатар ол балаларға арналған нәзік, тартымды өлеңдер жазады.

Осы соғыстан кейінгі жылдары ол кеңестік мемлекет табыстарын, Коммунистік партияның, құдіретті кеңес халқының ұлылығын жырлайтын үлкен ойлар мен сезімдердің шығармаларын жазады. Осы жылдардағы шығармаларда Коммунистік партияның ұлы көсемдерінің де, қарапайым кеңес адамдарының да колориттік бейнелері сомдалған. Осы күрделі мәселені шешу кезінде ақын поэзияның барлық құралдарын – жүректен шыққан лирикадан бастап азаматтық, мінбелік интонацияға дейін қолданады. Нақ осындай қорытпа Аманжоловқа үлкен эмоциялық қызба шығармалар шығаруға көмектесті.

Қ. Аманжолов жан-жақты дарынды адам болған. Ол, мысалы, өз мәтіндеріне бірнеше әуендер шығарды. Қазір оның өз сөздеріне жазған «Қайдасың, қайда дариға, сол қыз» өлеңі өте атақты. Үлкен мәнерлілік, жаңа түрлер іздеуде ақын қазақ өлеңіне он буынды жол енгізгенін атап өтпеуге болмайды, оны біз қазір түпнұсқалық шығармашылықта да, аудармада да пайдаланамыз. Дәл осылай ол алғаш рет сегіз және тоғыз буын жолды кезектестіріп қолданды, бұл сөйлеу интонациясын беру үшін өте қолайлы.

Қ. Аманжолов өлеңдер ғана емес, фельетондар да, бір актілі сатиралық өлеңдер де жазды. Олар да автордың үлкен және жан-жақты таланты, тіл байлығы мен дәлдігі туралы куәландырады. Оның әдеби-сыни мақалаларында өнердің ерекшелігін өзінше, шебер түсіну байқалады. Ақын аударма саласында да жемісті еңбек етті.

Оның көптеген аударма жұмыстарын аударма өнерінің үлгілері деп санауға болады. Қ.Аманжолов түпнұсқаны оның астарымен терең түсіне, оның идеялық сапасын, көркемдік ерекшеліктерін, ойлары мен тілінің өзіндігін шеберлікпен сақтай отырып, бір мезгілде қазақ тілінің ішкі заңдарына адал болды. Нақ сондықтан бірқатар өлеңдері мен Шевченко, Лермонтов, Пушкин, Твардовский поэмаларының аудармалары оқырмандар арасында кең танымалдыққа ие болды.

Қазақ халқының үздік ақындарының бірінің, осы кітапта толық берілмеген зор мұрасының мағынасы мен сипаты осындай. Қ.Аманжоловтың әдеби мұрасы әлі өзінің зерттелуін күтуде. Осы мұраны қолына алған әдебиет танушы да, оның алдында үлкен, толғантарлық және жемісті еңбек күтіп тұрғанына сенімді бола алады.

1940 жылы жазылған «Орамал» романсында ақын махаббаттың сұлулығын және тұрақтылығын сипаттайды. Майданға бара жатқан жауынгерге естелікке орамал сыйлайды. Мұндай жағдайда ешқандай жаңа және көңіл аударарлықтай ештеме жоқ сияқты. Оның үстіне түрлі бояудағы орамалды кімдер жырламады! Бірақ Қ.Аманжолов осы қарапайым сыйлық туралы айта отырып, өзінше лирикалық, сүйкімді, достық парызына адал, махаббатқа тұрақты қыз бейнесін жасай алды. Қ.Аманжоловтың шығармашылық биографиясында Ұлы Отан соғысы жылдары ерекше орын алады. Соғыс кезінде ақын біршама уақыт Қиыр Шығыста қызмет етеді, сосын майданға аттанады. Оның ең құдіретті өлеңдері сол қаһарлы күндері жазылған. Олардың арасында екі өлеңі - «Байқал» және «Орал» шеберлікпен ерекше көрінеді.

«Байқал» — бұл үлкен лиро-эпостық хикая.

*«Торғын тұман жамылып,*

*Байқал жатты көсіліп:*

*Таң сәріден сабылып*

*Жәрмеңкеге жосылып*

*Кернейлеткен көп өзен*

*Жатты құйып тұс-тұстан*

*Ерте оянған Таң жеңгең*

*Тұрды қарап шығыстан.*

*Ой тастап бір Байқалға*

*Ғашық болған Таң сұлу,*

*Айнала асқар тауларға*

*Қойды қадап алтын ту».*

Қасым Аманжолов 1955 жылы шығармашылық күшінің толысқан кезінде қайтыс болды. Ол өзінің туған халқына, туған әдебиетіне асыл мұра – жарқын және шабытты поэзия қалдырды. Ақынның көз жұмуы қазақ кеңес әдебиеті үшін орны толмас қаза болды. «Қазақ әдебиеті» газеті былай жазды: «Қазақ кеңес әдебиеті өзінің ең үздік ақындарының бірінен айрылды. Коммунист ақын Қ.Аманжолов, өзінің алғашқы өлеңінен бастап, соңғы – өлер алдындағымен аяқтай отырып – өзінің кеңестік Отанын жырлады, Коммунистік партия идеяларына шексіз берілген болатын».

Оқырмандар қауымы, ақын естелігіне құрмет көрсетіп, оның шығармаларын сүйіспеншілікпен оқып, өзінің шығармашылығымен қазақ кеңес әдебиетінің дамуына үлкен үлес қосқан Қ.Аманжолов бейнесінде біздің әдебиетіміздің ірі талантты ақыны болғанын түсінеді.

### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Т. Абдрахманова. Поэтика Касыма Аманжолова. - Алма-Ата, 1985.
2. Писатели Казахстана: справочник Алма-Ата, 1982.
3. Память о нем не меркнет. К 110-летию поэта Касыма Аманжолова// Казахстанская правда. 2011. 8 сентября.
4. Попов Ю.Г. Календарь Касыма Аманжолова// Индустриальная Караганда. 2011. - 14 мая;21 мая.
5. К. Аманжолов. Стихи и поэмы. Алма-Ата, 1958.



## Қазақстандықтар – Ұлы Отан соғысының қаһармандары (1941-1945 жж.)

*Қарағанды мемлекеттік  
техникалық университетінің  
«Қазақстан тарихы» кафедрасының  
доценті, т.ғ.к.  
М.Ж. Сүлейменова*

1941 жылы 22 маусымда Германия Кеңес Одағына тұтқиылдан шабуыл бастады. КСРО-ға шабуыл жасау үшін құрылған фашисттік блоктың Қарулы күштерін топтастыру саны 5 млн. адамнан астам 190 дивизияға есептелген. Фашисттік блок әскерлеріне саны 3 млн. адам болатын 186 дивизиясы бар Кеңестік қарулы күштері қарсы тұрды.

Фашист идеологтары өз «империясының» шығыс жағында «Түркістан», «Еділ-Орал» деп аталатын буржуазиялық мұсылман мемлекеттерін құру жоспарын жасады. Келешектегі «Үлкен Түркістан» колониясы картасының жобасы әзірленді. Жобаға Қазақстан, Орта Азия, Татарстан, Башқұрстан, Азербайжан, Солтүстік Кавказ, Қырым, Синьцзян, Ауғанстан мен Иранның солтүстік бөлігі енді. Фашист әскерінің жоспарының жүзеге асуына Кеңес одағының бүкіл халқы көтерілді. Бұл соғыс тарихқа Ұлы Отан соғысы деген атаумен енді.

Қазақстан соғыста КСРО құрамдас бөлігі ретінде қатысты. Сондықтан көптеген ғалымдардың көзқарасы тұрғысынан тәуелсіз Қазақстан үшін Ұлы Отан соғысы біздің тарихымыздың бір бөлігі болып табылады. Қазақстандықтар Ұлы Отан соғысының алғашқы күндерінен бастап барлық маңызды шайқастарға қатысты.

Бастапқыда шекарашылар дұшпан әскерлерімен, сондай-ақ Кеңес Армиясының батыс шекарашылар әскери округінің құрамасы мен бөлімдерінің солдаттары мен офицерлері қоян-қолтық ұрысты. Солардың қатарында мыңдаған қазақстандықтар болады.

Брест маңындағы ұрысқа бірінші болып қатысқандардың қатарында шекарашылар Г.Әбдірахманов пен В. Лобанов, атқыштар В.Горянов пен К.Иманқұлов, артиллерист Г.Жұматов, минометші В.Фурсов болды. Еліміздің солтүстігінде болған шайқаста Кеңес Одағының батыры С.Гуденко, пулеметшілер К.Қайдаров, Г.Оқасов, К.Теміржановтар батыл ерлік жасады. Киев бағытындағы ұрыста Павлодар облысының тумасы генерал-майор К.А.Семенченконың басшылығымен 19-танк дивизиясы табан аудармай шайқасты, ал генерал-майор К.А.Семенченкоға Кеңес Одағының батыры атағы берілді.

1941 жылы маусымда Минск облысының Радошковичи кентінде екі бомбалаушы экипаждың – Н.Ф.Гастелло мен А.Маслов (оның құрамында біздің жерлесіміз Б.Бейсекбаев та бар) дұшпан әскеріне бомба жаудыра отырып,

зақым алғаннан кейін өздерінің ұшақтарын немістің танк колоннасы шоғырланған жерге бұрып жіберді, осылайша дұшпан әскерін елеулі шығынға соқтырды. Н.Ф.Гастеллоға қаза тапқаннан кейін Кеңес Одағының батыры атағы берілді. 1951 жылы басқа экипаждың сүйектері табылды. Тек 1990 жылдардың соңында ғана тарихи әділеттілік қалпына келтіріліп, Б. Бейсекбаевқа Ресей Қаһарманы және Қазақстан Республикасының Халық Қаһарманы атағы берілді [1].

Қазақстандық батырлар Мәскеу түбінде жан аянбай шайқасты. 1941 жылдың күзіне қарай дұшпан әскері Прибалтиканы, Белоруссияны, Молдавияны, Украинаның біраз бөлігін басып алды, Ленинград пен Қырымды қоршауға алды. Неміс әскері жедел әдістермен басты бағыттағы кеңес әскерін талқандау мақсатында «Тайфун» операциясына дайындықты бітіруге және қыс түскенге дейін соғысты жеңіспен аяқтауға жанталасты. Сол кезде Германия әскері Кеңес әскерінен 1,4 есе, танкіде – 1,7 есе, қару-жарақ пен миномет бойынша – 1,8 есе, ұшақтар бойынша – 2 есе артық еді [2].

Мәскеу қаласын қорғауға әскери бөліктерге бөлінген Можайск қорғаныс сызығы маңызды роль алды. Малоярославский әскери бөлімде полковник А.Ф.Наумов басшылығымен Ақтөбелік 312-атқыштар дивизиясы орналасты. Дивизия бір апта бойы үш-төрт дивизияға қарсы табанды қорғаныста шайқасып, Нара өзеніне қарай шегінді, сол кезде оның құрамынан екі атқыштар полкі шығып қалды, ал үшіншісінде үш жауынгер ғана қалды. Басқа екі құраманың қалған әскерлерімен бірге 312-дивизия бөлімшесі жаңа 53-дивизиясы болып құрылды, соғысты Вена түбінде аяқтады.

Мәскеуді қорғауда генерал-майор И. В. Панфилов және полк комиссары А. С.Егоровтың басшылығымен 316-атқыштар дивизиясының атағы кеңінен жайылды. Жеке құрам дұшпан әскерінің танктеріне тегеурінді қарсылық көрсетті. 1941 ж. 16 қарашада Дубосеково разъезінде 18 әскери машинаның көзін жойған және шығысқа қарай жауды жібермеген 1075-атқыштар полкінің танкіге қарсы жойғыш әскери тобының ерлігі бүкіл әлемге аян.

Осы топта болған ротаның саяси жетекшісі В. Г. Клочков барлық майдан даласына тараған жалынды сөз айтты: «Ресей кең-байтақ, шегінуге болмайды, артымызда — Мәскеу». 316-атқыштар дивизиясының әскері дұшпан әскерімен 26 қазан мен 18 қараша аралығында батыл шайқасты. 1941 ж. 18 қарашада генерал-майор И.В. Панфилов мина жарықшағымен жараланып, госпитальға апара жатқан жолда қайтыс болды. 1942 ж. 12 сәуірде оған Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

Мәскеу үшін шайқаста И. В. Карпов басшылығымен атқыштар полкінің және аға лейтенант Бауыржан Момышұлы басшылығымен батальонның панфиловшы-жауынгерлері айрықша төзімділік пен табанды ерлік көрсетті. 1073-атқыштар полкінің 1-атқыштар батальонының командирі Момышұлы өзінің табандылығымен және қайсарлығымен генерал Панфиловтың және қол астындағы адамдардың жоғары сеніміне ие болды. Ол соғыстың аяғына қарай 9-гвардиялық атқыштар дивизиясының командиріне және полковник атағына дейін көтерілді. Бауыржан Момышұлы Қызыл Ту орденімен және 1 дәрежелі Отан соғысының орденімен, «Ұрыстағы ерлігі үшін», «Мәскеуді қорғағаны

үшін», «Германияны жеңгені үшін» медальдерімен марапатталды. Ленин орденіне және Кеңес Одағының батыры атағына ұсынылды. 1990 ж. 11 желтоқсанда Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың және ҚазКСР әскери комитетінің генерал-майор Б.Ярмухамедовтың ұсынысы бойынша бұл атақ даңқты айбынды батырға тек қайтыс болғаннан кейін ғана берілді [3].

Дивизия дұшпанның қарулы күштерімен төрт рет шайқасқа түсті. Панфиловшылар бір ай бойы Мәскеу түбіндегі үздіксіз шайқаста гитлерлік армияның 2-танкілі, 29- моторлы және 11 мен 110-жаяу әскерінің дивизиясын талқандады.

Мәскеу түбіндегі шайқастағы аңызға бергісіз ерліктерін Үкімет жоғары бағалады, 316-атқыштар дивизиясын 8-гвардиялық дивизияға ауыстырды, Қызыл Ту орденімен марапаттады. Жеке құрамның өтініші бойынша өздерінің даңқты командирінің атымен аталды. Дивизияға Старой Русстан Холмға дейінгі «қар жорығындағы» батыл әрі айлалы әрекеттері үшін (1942 ж. қаңтар-ақпан) Ленин ордені берілді, ал шығыс және орталық Латвиядан жауды тас-талқан етіп қуып шыққаны үшін - «Рижская» құрметті атағы, Риганы азат еткені үшін 2-дәрежелі Суворов орденімен марапатталды.

Генерал-майор И.В. Панфилов атындағы 8-гвардиялық дивизияның 23-гвардиялық атқыштар полкінің автоматшысы Төлеген Тоқтаровтың ерлігі ел есінде мәңгі сақталады. 1942 ж. 10 ақпанда Т.Тоқтаров Бородино селосында орналасқан неміс штабына баса-көктеп кіріп, 4 неміс офицерінің көзін жойды. Шайқастардың бірінде жүздеген офицерлердің көзін жойды, өзі қаза тапты. Қазақстанның ұлттық батыры Төлеген Тоқтаровқа қаза тапқаннан кейін Кеңес Одағының батыры атағы берілді. Батырдың атымен Өскемен және Лениногорск қалаларындағы орталық көшелердің бірі аталады.

Ротаның саяси жетекшісі Мәлік Ғабдуллиннің басшылығымен автоматшылар тобы жау танктерінің көзін жойып, өз бөлімшесін қоршаудан алып шықты. Неміс фашисттерімен болған ұрыстардағы әскери ерлігі үшін М. Ғабдуллинге Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

Ока өзінің маңында, Серпуховтың түбіндегі Воронин деревнясында жас коммунист, автоматшы Рамазан Амангелдіұлы қаза тапты, ол қазақ халқының ұлттық батыры Амангелді Имановтың ұлы еді. Дұшпан әскерімен соңғы шайқасында 13 фашисттің көзін жойды. Амангелдиев 238-атқыштар дивизиясының жауынгері еді, шабуылдағы батыл шешімі мен қайсарлығы үшін, жеке құрамды ұйымдастыруы мен тәртібі үшін 1942 ж. 3 мамырында Қызыл Ту орденімен марапатталды. «Блицкригтің» құлап қалуы, гитлерлік армияның жеңімпаздығы туралы аңыздың тас-талқан болуы, Кеңес Армиясының стратегиялық бастамасы Ұлы Отан соғысының барысы туралы түбегейлі бетбұрыстың басталғанын растайды. Бұл фашистік Германия үшін ұзаққа созылған әрі көзін жоятын сипаттағы процесс еді.

1941 ж. қыркүйек айынан бері Ақмолалық 310-атқыштар, Ақтөбелік 312-атқыштар дивизиясы, кейін Қазақстанда жасақталған 314-атқыштар дивизиясы Ленинград қоршауында және сол қоршауды бұзуда ерен ерлік көрсетті. Қазақстандық жауынгерлер гитлер басқыншыларымен үздіксіз ұрыс жүргізе отырып, дұшпанның әскеріне де техникасына да орасан соққы берді. Олар

Ленинград облысының 22 елді мекенін босатты, қоршауда қалған қаланың «Үлкен жермен» байланысын қамтамасыз етуге белсене қатысты.

Полковник Н.В.Рогов басшылығындағы 310-атқыштар дивизиясы «Новгородской» деп аталды. Дивизия Волхов майданының құрамында солтүстік Новгород жақтан қорғанысты бұзып, немістерге шабуыл жасады, Псков түбіндегі ұрыстарға дейін жетті. Кейін Карель майданындағы басқа әскерлермен бірге қоян-қолтық ұрыс жүргізе отырып кеңес-фин шекарасына жақын Лоймола станциясы маңындағы Свирь өзеніне дейін жетті.

2-Прибалтика майданы құрамында Ленинград-Новгород операцияларына 391-, 30-гвардиялық және 8-гвардиялық Панфиловтық атқыштар дивизиясы қатысты. Новоскольникови қаласында оңтүстік-батысқа қарай 1-атқыштар дивизиясы шайқасты, оның құрамында 100-ші қазақ ұлттық және қостанайлық 151-ші атқыштар бригадасы да болды. Жаудың теміржолға жақын жерде шоғырланған күштерін талқандағаны үшін М-13 184 жеке гвардиялық минометті дивизияның «Катюша» батареясының командирі аға лейтенант К.Түсіпов Қызыл Ту орденімен марапатталды. Ленинград қаласын қоршаудан азат ету жолында пулеметші Мәншүк Мәметованың аты аңызға айналды. 1943 жылы 16 қазанда аға сержант фашистермен соғыса отырып, қаза тапты. 1944 жылы 1 наурызда КСРО Жоғарғы Кеңесінің Президиумының Жарғысымен аға сержант Мәншүк Мәметоваға қаза тапқаннан кейін Кеңес Одағының батыры атағы берілді және Ленин орденімен марапатталды.

Кеңес Одағының Батыры атағы тағы бір батыр қызымыз Әлия Молдағұловаға берілді. 1943 жылы Орталық снайперлік дайындық мектебінің әйелдер бөлімін бітірді. Ол дұшпанның 30-дан астам солдатты мен офицерінің көзін жойған. 1944 жылы 14 қаңтарда солтүстіктегі Новоскольникови қаласында қаза тапты. 1944 жылы 4 маусымда Ә.Молдағұловаға қаза тапқаннан кейін Кеңес Одағының батыры атағы берілді және Ленин орденімен марапатталды.

Қазақстан Республикасының алтыншы жылдығын мерекелеу кезінде, яғни 23 қазанда Алматы қаласында Әлия Молдағұлова мен Мәншүк Мәметоваға ескерткіш қойылды [4].

Ленинград қаласын азат еткен мыңдаған қазақстандықтар ордендер және медальдермен марапатталған. Олардың арасында К.Әлкенов, О.Л.Бекишев, Г.Гусманов, М.Зайцев, Т.Құрманов, С.Рахметов, «Киров» крейсері командасындағы алғашқы 49 ерікті-комсомолдар бар. Кировшылар бас калибрдің және зениттік қарулардың атысымен фашисттердің доталары мен дозаларының көзін жойды, қаһарман қалалардың аспанын жау әскерінің авиациясынан қорғады. Ал төрт қазақстандық атқыштар – А.Алиев, С.Бекбосынов, В.Малышев пен И.Паньков Лодейное қ. жанындағы Свирь өзені арқылы жасанды көпір жасап, жау әскеріне орасан зор шығын әкелді. Осы ұрыста атқыштар взводының командирі лейтенант С.Я. Киреев те көзге түсті. Барлық аталған жауынгерлерге Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

Ленинград үшін шайқастағы ауыр күндерде парторг Сұлтан Баймағамбетов Александр Матросовтың көзсіз ерлігін қайталады, оған қаза тапқаннан кейін Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Блокаданы бұзу үшін болған шайқастарда, Нева өзені маңындағы қаланы қорғау үшін әскери ұрыстарда



комсомол жауынгер 372-атқыштар дивизиясының 1236-атқыштар полкінің 5-атқыштар ротасының бөлімше командирі Қойбағаров көзге түсті.

Ленинград маңында болған шайқастарда қазақстандық әскери құраманың үштен бір бөлігі қатысты. Олардың арасында 48-атқыштар дивизиясының атақты снайпері - Дүйсенбай Шыныбеков бар. 314-дивизияның снайперлік қозғалыстың басында Солтүстік Қазақстан облысының Степан Разин атындағы ауылшаруашылық артелінің бұрынғы колхозшысы қатардағы жауынгер Г. П. Зубков бар. Ленинград қаласы үшін ұрыста артиллериялық бақылау аэроstatsы дивизионы командирі С.Жылқышев ерекше көзге түсті.

Ленинград блокадасының қиын күндерінде қала тұрғындарына және қаланы қорғаған жауынгерлерге Кеңес Одағының барлық халқынан тұрақты қолдау көрсетілді. 1941 ж. қыркүйек айында қазақтың халық ақыны Жамбыл Жабаев қала тұрғындарына «Ленинградтық өрендерім, менің!» деген атақты өлеңін арнады, ол арнауда біздің көп ұлтты еліміздің барлық еңбекшілерінің ойы, сезімдері мен сенімдері, бастан кешіп жатқан жағдайы суреттеледі.

1942 жылдың жазы мен күзінде Кеңес Одағының тағдыры Сталинград түбіндегі қанды шайқаста шешілді. Неміс басқыншылары Еуропадағы екінші майданның болмауын пайдалана отырып, еліміздің оңтүстік бөлігінен батыл шабуыл жасауға көшті, яғни еліміздің ауыл шаруашылық өнімдері мол Дон, Кубань, Кавказ өңірлерін жаулап алмақшы болды. Сталинградқа шабуыл жасау үшін неміс армиясының «Б» тобы құрамынан 6-армия бөлінді (генерал-полковник Ф. Паулюс).

Сталинград бағытына қарай Ставка ВГК өз резервінен 62-, 63- армияны жылжытты. 12 шілдеде Сталинград майданы құрылды. Майдан құрамына қосымша 21-, 28-, 38, 57-армия мен 8-Әуе армиясы енді.

Сталинград үшін болған шайқаста Қазақстанда жасақталған бөлімдер де қатысты. Олардың бірі 38-атқыштар дивизиясы еді, дивизияға генерал-майор Сафиуллин басшылық етті. Дивизия Сталинград үшін болған шайқаста табанды ұрыс жүргізіп, аты аңызға айналды. 1942 жылдың 1 тамызынан бастап оның жеке құрамы қажырлы ерлік көрсете отырып, асқан төзімділікпен фашист әскерімен үздіксіз ұрыс жүргізді. Сталинград үшін ең қауіпті кезеңдер болса да дивизия бірде бір жауды өткізбеді.

Қорғаныс Халық Комиссарының бұйрығымен 38 атқыштар дивизиясы 73 гвардиялық дивизия деп қайта өзгертілді, Сталинград қоғамдық ұйымдарының өтініші бойынша дивизияға Сталинградской атағы берілді.

Сталинградты азат ету жолындағы кеңес әскерінің қарсы шабуылы 1942 жылы 19 қарашада Оңтүстік-Батыс әскерінің, Дон және Сталинград майданының 65-әскерлерінің соққыларымен басталды. 23 қарашаға қарай Калач ауданында кездесіп, дұшпанның 6-армиясы мен 4-танкілі армиясын қоршауға алумен аяқталды (22 дивизия, 160-тан астам жекелеген бөлімдер мен 330 мың адам). 1943 жылдың 31 қаңтарында ген-фельдм. Ф.Паулюс бастаған 6-армия әскерінің оңтүстік бөлігінің қарсылық көрсетуі тоқтатылды, ал 2 ақпанда солтүстік бөлігі тізе бүкті. Жаудың 91 мыңнан астам солдаты мен офицері тұтқынға алынды, соның ішінде 2500 офицер мен 24 генерал бар, шамамен 140 мыңдайы шабуыл барысында қаза тапты.

Паулюс әскерін қоршауға және тұтқынға алынуына қазақстандық 27-гвардиялық, 29 және 38 –атқыштар дивизиясы мен майор Г.Н Бутнев басқарған 129-минометші полк те қатысты. 2-гвардия армиясы құрамында қоршауды бұзып жарып шыққысы келген жау әскерін талқандау кезінде полковник А.К. Макарьев басшылығымен ақмолалық 387-атқыштар дивизиясы бар. Бұл шайқаста оралдық 152-атқыштар бригадасы, жамбылдық 81-кавалериялық дивизия шайқасты, 1942 жылы күзде Сталинградтың оңтүстік аудандарын қорғады.

Сталинград үшін болған ұрыста жау әскерін қоршауға алып және көзін жойғандары үшін төрт қазақстандыққа Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. 61-кавдивизияның атты-артиллериялық дивизионының минометшісі К.Сыпатаев 1942 ж. 26 қарашада Шарнутовский хуторында болған ұрыста (Сталинградтың оңтүстігі) жалғыз өзі ұрысты жалғастыра берді. Неміс танкісінің көзін жойып, өзі де қаза тапты. 17-гвардиялық танк полкінің командирі подполковник Т.С.Позолотин 1942 ж. желтоқсанында жау әскерінің тылына батыл рейд жасады, бұл жолды бірнеше мың оккупанттардың көзін жойды, 500 тұтқынды айдап әкелді.

Сталинград үшін болған шайқаста жерлесіміз, ұшқыш Н. Әбдіров жанқиярлық ерлік көрсетті. 1942 жылдың 12 қазанында әуе ұрысы кезінде жау зениткасының снаряды ұшқыштың ұшағының моторына тиді. Жанып жатқан машинаны өз әскері орналасқан жерге дейін апара алмайтынын білгендіктен жау танкісінің көп шоғырланған жеріне қарай бұрып жіберді. Аспандағы 16 әскери ұрыс кезінде 12 танк, 28 автомашина, 18 арбаны және бірнеше жүздеген неміс солдаттарының көзін жойды. КСРО Жоғары Кеңесі Президиумының Жарғысымен 1944 жылы 31 наурызда Н.Әбдіровке Кеңес Одағының батыры атағы қаза тапқаннан кейін берілді.

Г.Г.Рамаев 29-атқыштар дивизиясының 128-атқыштар полкінің барлау взводына басшылық етті. 1943 ж. 16 қаңтарда Песчанка селосында жауынгерлерімен бірге оншақты жаудың көзін жойып, 4 қару-жарақты қолға түсірді. Ұрыста қаза тапты [5].

Көптеген қазақстандықтар Курск доғасы үшін болған шайқаста Брянск, Орталық, Воронеж және Стпеной майданының әскери құрамалары мен бөлімдерімен қатар шайқасып, неміс-фашист әскерін талқандауда үлкен үлес қосты. Жаудың шабуылын талқандауға полковник П.М. Гудзя басқарған семейлік 8-атқыштар дивизиясы, оңтүстік-шығыс Белгородта шайқасқан 72 және 73-гвардиялық атқыштар дивизиясы қайқасты. Бұл құрамалар Орлов және Белгород-Харьков шабуылдау операцияларда ұрыс жүргізе отырып, мыңдаған километр жүріп, Крома қаласын, Ресей мен Украинаның көптеген қалаларын жаудан азат етті. Харьков қаласын азат ету кезінде біздің жерлесіміз қарағандылық В.Е.Бреусов айрықша көзге түсті, бір төбені алу кезінде 112 фашистің көзін жойды. Ротаның 16 жауынгерінен тек төртеуі ғана тірі қалды. 1943 жылдың 1 қарашасында В.Е.Бреусовке Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Сонымен қатар Ленин орденімен, 1-дәрежелі Отан соғысы орденімен, «Ерлігі үшін» медалімен марапатталды [6].

Курск шайқасы кезінде осы уақытқа дейін тек жекелеген операцияларда және белгілі бір бағытта әрекет етіп келген КСРО-ның Әскери-Әуе Күштері аспанда ерекше басымдылыққа ие болуымен атағы шықты. Мұндай нәтижеге қол жеткізуге қазақстандық ұшқыштар да өз үлестерін қосты, олардың қатарында истребитель С.Д.Луганский бар, ол әуе шайқастарында жаудың 37 ұшағын жалғыз өзі жойған, сондықтан оған екі мәрте Кеңес Одағының Батыры атағы берілген – 1943 жылдың 2 қыркүйегінде және 1944 жылдың 1 шілдесінде. Шабуылшы Т.Я.Бигелдинов 1944 жылдың маусым айына қарай жау әскерінің үстінен 155 әскери ұшып шыққан. Ол 1944 жылдың 26 қазан айында Кеңес Одағының Батыры атанды. Соғыстың аяғына қарай оның есебінде 305 әскери ұшып шығу, әскери ұрыста 7 ұшақтың, оншақты танкі мен машинаның, жүздеген жау солдаттары мен офицерлердің көзін жойған. 1954 жылдың 27 маусымында Т.Я.Бигелдиновке екінші мәрте Кеңес Одағының Батыры атағы беріледі. Қазіргі кезде генерал-майор отставкада. Ақтөбе жоғары әскери авиациялық училище батыр ұшқыштың атымен аталады [7].

Курск шайқасы аяқталғаннан кейін кеңес әскері Днепр үшін болған шайқасты құрайтын басқа операциялар сериясын өткізді. Десна, Днепр мен Припяти үшін болған шайқастарда Воронеж майданының 13-армиясы құрамында шайқасқан 8-атқыштар дивизиясына алғыс жарияланды, ал оның 43 жауынгеріне – А.Әлімбетов, Ж.Сүлейменов, К.Шакенов, П.Петров, Қарағанды қаласының бұрынғы кеншісі – Мартбек Мамыраевқа Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Алтын Жұлдыз кавалерлері болып тағы да генерал-майорлар А.И.Лосев пен С.А.Козак басшылық еткен 72-гвардиялық атқыштар дивизиясының 20 жауынгері мен 73-гвардиялық атқыштар дивизиясының 20 жауынгері ие болды. Украинаның оңтүстік жағалауын, Молдавияны және Белоруссия ормандарын азат еткендері үшін 112 қазақстандыққа Кеңес Одағының Батыры атағы берілді [8].

Соғыстың алғашқы күндерінен бастап жаудың әскері басып алған аумақтарда партизан қозғалысы пайда болды, партизан қозғалысы жаппай жұмыла әрекет етуінің, ұйымдаса білуінің, Кеңес Әскерінің басшылығының міндеттеріне бағына білуінің арқасында стратегиялық маңызға ие болды. Оған қазақстандықтар қатысты: Ленинград облысында 220 қазақстандық, Смоленск түбінде — 270, Украинада, Белоруссияда — шамамен 3000 қазақстандық қатысты. 300-ге жуық қазақстандық Қарсылық қозғалысының қатысушылары болды.

Басқыншылардың гарнизонына шабуыл жасауға торуылда отырғанда, жолда диверсиялық әрекеттер жасау кезінде батыл әрекет жасаған И. С. Арыскина, А.Жұмағалиева, К. Г. Омарова, З. У. Хусановалардың республикада атағы кеңінен жайылды. Қазақстандық саяси жетекшілер Г. Акмолинский, Т.Жангелдин, Ж. Саин, В. Оразбаев және т.б. партизандар мен жергілікті халық арасында үлкен жұмыс жүргізді. Партизан отрядтары мен құрамаларына Г. Ахмедияров, Қ. Қайсенов, Н. А. Морогов, С. А. Олексенко, С.О. Төлешев, В. И. Шаруда басқарды. Партизан командирлері А. С. Егоровқа, Н. В.Зебницкийге және Ф. Ф. Озмительге қаза тапқаннан кейін Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

Ұлы Отан соғысындағы ерліктері үшін 11600 мыңнан астам адамға Кеңес Одағының Батыры атағы берілді, соның ішінде 497 қазақстандық бар, олардың арасында 97 қазақ бар. 1941 ж. 22 маусымда қазақстандықтардың ішінде бірінші болып Кеңес Одағының Батыры 19-танк дивизиясының командирі генерал-майор К. А.Семенченкоға берілді.

Кеңес Одағының Батыры атағы төрт қазақстандыққа екі мәрте табыс етілді: шабуылшы-ұшқыш Т. Я. Бигелдинов, Л. И. Беда, И. Ф.Павлов және истребитель-ұшқыш С. Д. Луганский. Батырлар арасында пулеметші М. Ж. Мәметова, снайпер Ә. Н. Молдағұлова, атқыштар С. Баймағамбетов, С. Лутфуллин, Мин Сен Юр, артиллеристтер С. Муткенов, И. К. Новиков, сауыт бұзушылар П. К. Миллер, минометші К. Сыпатаев, кавалерист М. М.Катаев, сапер П. И. Гончар, торпедалық катердің командирі Б. П. Уцев, атқыштар дивизиясының командирі Г. Б. Сейфуллин, старшина И. Я. Съяновтар бар. 110 қазақстандық үшінші дәрежелі Даңқ орденімен, КСРО ордендері мен медальдерімен марапатталған. Олардың арасында лейтенант Р.Кошқарбаев, капитан Б. В. Чупрета, взвод командирі аға лейтенант К. А. Метов, минометші А. Бахтыгереев, пулеметші П. Е. Вицько, байланысшы К. М. Волочаев және т.б. бар.

Қазақстандықтар Қиыр Шығыстағы соғыстың соңғы ошақтарын жоюға белсене қатысты. 9 тамызда 52-шекарашылар отрядының топ капитаны Г. А. Голубев қысқа ұрыста 20 жапон солдатаның көзін жойып, Аргуни жағалауында төрт жапон солдатын тұтқынға алып, атқыштар бөлімшесіне жол ашып берді. Шабуылшы-ұшқыш Е. Янко (қаза тапқаннан кейін) Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

Квантун армиясына қарсы күресте қазақстандықтар батыл ерлік пен батырлық үшін 2027 адам ордендер мен медальдермен марапатталды.

Құрамында қазақстандықтар болған Кеңестік Қарулы Күштер өз елінің еркіндігі мен тәуелсіздігі үшін күресті, Еуропаның 11 елінің халқын фашистерден азат етуге қатысты, Солтүстік-Шығыс Қытай мен Корейден жапон басқыншыларын қуды. Кеңес халқының фашистік Германияны жеңген ұлы жеңісі дүниежүзілік тарихи маңызға ие болды. Ұлы Жеңіс әлемдік дамудың әрі қарай дамуына үлкен әсер етті.

### Әдебиеттер тізімі:

1. Казахстанская правда, 21 февраля и 27 июня 1998 г.
2. История Второй мировой войны 1939-1945 гг. М. 1975, т.4. с. 93.
3. Казахстанская правда, 12 декабря 1990 г.
4. Козыбаев М.К. История и современность.- Алматы, 1991.
5. Герои Советского Союза.Краткий биограф.словарь, т.2, с. 510, 365, 289.
6. Герои Советского Союза – карагандинцы. Караганды, 1990, с. 15.
7. Герои Советского Союза. Краткий биограф. словарь, т.2, с. 21-22.
8. Белан П.С. Казахстанцы в боях за свободу Украины и Молдавии. 1941-1944 гг. Алма-Ата, Наука, 1984, с. 72-76.



**Қ.И. Сәтпаев, Д.А. Қонаев –  
Қазақстанның ұлы ғалымдары**

*Қарағанды мемлекеттік  
техникалық университетінің  
«Қазақстан тарихы»  
кафедрасының профессоры, тарих ғ.к.  
Шаймұханова С.Д.*



*Қарағанды мемлекеттік  
техникалық университетінің  
«Қазақстан тарихы»  
кафедрасының аға оқытушысы  
Волкова А.В.*

**Академик Қаныш Имантайұлы Сәтпаев** - көрнекті геолог, ғалым және ірі ғылым ұйымдастырушысы, Қазақ КСР республикалық геология қызметінің және ғылымдар Академиясының негізін қалаушы, қазіргі уақытта оның атымен аталатын, Үлкен Жезқазғанды және Геология ғылымдары институтын құрушы. Ол – Қазақстан ғылымдар Академиясының тұңғыш Президенті және тұңғыш одақтық қазақ академигі (1946 ж. бастап). Оның есімімен геологиялық зерделеу және Қазақстанның жер қойнаулары байлықтарын ашу тарихының, пайдалы қазбалар кен орындарын жылдам айқындауға және елдің минералдық-шикізат базасын кеңейтуге бағытталған, кең кешенді зерттеулерді ұйымдастырудың жарқын беттерінің бірі байланысты.

Қ.И. Сәтпаев 1899 жылғы 12 сәуірде көшпелі қазақтың отбасында Павлодар облысы Баянауыл ауданының № 4 ауылында дүниеге келген. Ауыл мектебінде, сонан соң Павлодардың орыс-қазақ училищесінде оқыды және 1918 жылы Семей мұғалімдер семинариясын сәтті бітірген соң, Семейде педагогикалық курстарда жаратылыстану мұғалімі болып жұмыс істеді, ал 1920 жылы халық судьясы болып тағайындалады. Қ.И. Сәтпаевтің өтініші бойынша, Семей ревкомы 1921 жылы оны Томск технологиялық институтына жібереді, онда ол тау-кен факультетінің геологиялық барлау бөлімшесінің студенті болады.

Атап айтқанда, студенттік жылдарда Сібір геологтар мектебінің және әсіресе оның сүйікті ұстазы және тәлімгері профессор М.А. Усовтың пайдалы әсерінен Қ.И. Сәтпаевтің ғылыми-инженерлік дүниетанымы қалыптаса бастады, М.А. Усовтың терең ғылыми идеялары мен білімдері кейінірек Қ.И. Сәтпаевтің барлық шығармашылық қызметінің негізіне жатты.

Оның көп қырлы жеке тұлғасының қалыптасуына тамаша педагогтар ғана емес, сонымен бірге академиктер М.А. Усов және В.А. Обручев сияқты ұлы ұстаздар да мүмкіндік туғызды. Қ.И. Сәтпаев ХІХ ғасырдағы қазақ ағартушыларын: тұңғыш қазақ ғалымы Шоқан Уәлихановты, қазақ әдебиетінің негізін қалаушы Абай Құнанбаевты, ағартушы-педагог Ыбырай Алтынсаринді жоғары бағалады. Адамзаттың ғылым мен техника, әдебиет пен өнер саласындағы ұлы жаналықтарымен байланысты сол кезеңнің рухани атмосферасының өзі, талантты адамды тәрбиелеу мен қалыптастыруға ұтымды мүмкіндік туғызды.

Оқуын бітірген соң, Мәскеуде біраз уақыт жұмыс істеп, 1926 жылғы күзде, жас инженер-геолог Қаныш Сәтпаев Қарсақпайға кетеді. Оның үлесіне бүкіл Жезқазған-Ұлытау ауданындағы пайдалы қазбалар қорларын жоспарлы айқындауға бастама болған, Жезқазған мыс және Байқоңыр көмір кен орындарында алғашқы тұрақты геологиялық барлау жұмыстарын ұйымдастыру мен жүргізу міндеті тиеді. Жемісті жұмысының нәтижесінде 1928 жылы Қ.И. Сәтпаев мынадай батыл және негізделген шешімге келеді: «Жезқазған ауданы аса бай мыс провинцияларының бірін білдіреді, болашақта оның пайдасына Уралдың кен орындары ғана емес, сонымен бірге Американың белгілі мыс провинцияларының көпшілігі біріншілік пальмасын беруі мүмкін» [1]. Жезқазғанның үлкен болашағына деген қайсар сеніммен рухтанатын және Қ.И.Сәтпаевтің табандылығы мен қажымас энергиясының арқасында, ол басқарған жас барлаушы-геологтар ұжымы үлкен энтузиазммен жұмыс істеді және, сол жылдардың үлкен қиындықтарына қарамастан, үш жыл ішінде тамаша нәтижелерге қол жеткізе алды. 1931 жылдың аяғына қарай Жезқазғанның жер қойнауларында руданың орасан көп қоры табылды және бұрынғы Одақтың мыс кен орындарының арасында бірінші орынды мықты иеленді. 1938 жылы Жезқазған кен-металлургия комбинатының құрылысын жобалау және бастау туралы шешім қабылданды. 1940 жылы Жезқазған-Ұлытау ауданын геологиялық зерделеудегі көрнекті жетістіктері үшін Қ.И.Сәтпаев Ленин орденімен марапатталды. Жас тау-кен инженері-геолог Қаныш Сәтпаев Жезқазған-Ұлытау ауданындағы кешенді геологиялық қызметті он бес жыл басқарды. Үлкен Жезқазғанды академик Қаныш Сәтпаевтің төл тумасы деп орынды айтады [2].

Өмірлік жолын әрдайым гүл шоқтары жауып жатпады, әділетсіз қуғындау, қынжылу мен ауыртпалықтар жылдары болды. Сонымен, отызыншы жылдары үш бірдей Сәтпаев қуғын-сүргінге ұшыратылып, қаза болды. Сәтпаевтың туған ағасы Ғазиз (1892-1937) революцияға дейін Семей гимназиясында білім алды, медицина қызметкері болуға даярланып жүрген. Қаныш оны жақсы көретін және құрметтейтін, оның парасаты мен рухани қасиеттерін жоғары бағалаған. Кәрім Жәмінұлы Сәтпаев та (1897-1936) әділетсіздіктің құрбаны болды. Замандастарының куәлік етуі бойынша, бұл білімді, сүйкімді адам, талантты скрипкашы, этнографиялық кештерді ұйымдастырушы болған. Және үшіншісі – ірі педагог, қазақтардың арасындағы тұңғыш орыс тілі және әдебиеті, жаратылыстану жөніндегі маман, Семей семинариясының және Семей педагогикалық техникумының тұңғыш директоры А.З. Сатпаев (1881-1938).

Бірақ Қаныш Имантайұлы ылғи да көзі жеткен оптимист болған, ешқашан өзіне деген сенімін жоғалтпаған және шындық үшін шыдамды түрде күрескен.

1941 жылғы күзде Қ.И. Сәтпаев КСРО ҒА Қазақ филиалының Төралқасы төрағасының орынбасары, ал бір жылдан кейін төрағасы болып тағайындалды. Қ.И. Сәтпаевтің басшылығымен республика геологтарымен шешілген маңызды проблемалардың арасында соғыс жылдарында майданды металлмен, көмірмен, мұнаймен толассыз қамтамасыз ету болды. Майданға қазақстандық көмек көрсетудің маңызы және мұндағы Қ.И. Сәтпаевтің ролі орасан зор болғаны сөзсіз. Ол түсінікті мақтанышпен бірнеше рет айтқан болатын: «Гитлер басқыншыларын ойсырататын он оқтың тоғызы Қазақстанда өндірілген қорғасыннан соғылады» [3].

Фашизммен жүргізілген соғыс жетекшісі Қ.И. Сәтпаев болып табылған, Қазақ Ғылымдар Академиясы филиалының қызметін қайта құруды талап етті. Осы ауыр кезеңде оның бастамасы бойынша Жезқазған рудасын қайта өңдеуге тарту есебінен Балқаш зауытында мыс балқыту қарқындалады, ол отандық зерттеушілердің қызметін шебер бағыттап білген және Рудалы Алтай мен Оңтүстік Қазақстанның металлургия кәсіпорындарының шикізат базасын кеңейту және оңтайландыру жұмысына белсенді қатысады.

Қаһарлы соғыс жылдары Қ.И. Сәтпаев және оның қызметтестері осы ғылыми ерлікті жасады. Жау сол кезде жалғыз жұмыс істеп тұрған Украинадағы Никопольск марганец кен орнын жаулап алғанда, Кавказдағы Чиатураға жолды жауып тастағанда, Уральск танк зауыттары сауытты болат өндіру үшін шикізатсыз қалды. 1942 жылдың басында Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің төрағасы И. Сталиннің қолы қойылған шифрланған жеделхат алынды, ол геологтарды сауытты болатты шығару үшін талап етілетін марганец кен орнын жедел табуға міндеттеді. Дәл сол күні Үкімет үйіне Алматыда болған барлық геологтар мен ғалымдарды шақырды, ОК бірінші хатшысының атынан келесі күні таңертең осы себепті дайын ұсыныстармен келу тапсырмасы берілді. Қ.Сәтпаев орнынан тұрып, майдан үшін қажетті ферромарганец рудасы Жезқазған станциясынан не бары 45 шақырым ара қашықтықта Жезді деген жерде айтарлықтай жеткілікті мөлшерде бар деп жауапты мәлімдегенде, залда үнсіз отырған, қайта жиналған мамандардың таң қалғаны қандай болды десеңізші.

Осы уақытқа дейін белгісіз болған кен орнының рудалы үлгілерін тексерген соң, тәулік бойы бір күнге де тоқтамаған, руда өндіруге дайындық басталды. Мемлекеттік қорғаныс комитеті, әскери әрекеттер майданынан алған сияқты, Жезді құрылысшыларынан күн сайын мәліметтер алып отырды. Қабылданған қатаң шаралар мен жезқазғандықтардың батырлық әрекеттері нәтижесінде дайындық жұмыстары басталған соң, 38 күннен кейін бағалы марганец рудасының алғашқы тонналары тиелді, үш ай ішінде темір жолдың, онымен бірге кеніштің және жұмысшылар кентінің құрылысы аяқталды.

1946 жылғы 1 маусымда Қазақ КСР Ғылымдар Академиясы құрылды, оның салтанатты ашылуында Қ.И. Сәтпаев тұңғыш Президенті болып тағайындалды, сонымен бірге Геология ғылымдары институтының директоры болып қалды. Ұлттық ғылымдар Академиясының құрылуы үлкен саяси маңызды тарихи акт және қазақ халқының ғылымы мен мәдениетін дамытудағы үлкен

қадам болып табылды. Бұл уақытта республиканың ғылыми орталығында 1500-ден астам адам, оның ішінде 78 ғылымдар докторы мен профессорлар, 200-ге жуық ғылымдар кандидаты болды. Қ.И. Сәтпаевтің көрнекті еңбектерінің бірі – бұл «қазақстандық геологтар мектебін» құруы, оның ізі қазіргі уақытқа дейін геологиялық ғылым мен практикада сенімді көрініп келеді. Қысқа мерзім ішінде осы жас ұйым 200-ден астам қызықты жұмысты әзірледі және халық шаруашылығына ендіру үшін берді, олардың көпшілігінің авторы мен қосалқы авторы Қ.И. Сәтпаев болған. Оның бастамасы бойынша бірқатар жаңа академиялық институттар ашылды: ядролық физика, математика және механика, гидрогеология және гидрофизика, Атырауда мұнай мен табиғи тұздар химиясы, Қарағандыда химия-металлургия, Өскеменде Алтай кен-металлургия, Балқашта ихтиология және балық шаруашылығы, эксперименттік биология, экономика, философия және құқық, әдебиет және өнер, тіл білімі институттары және т.б.

Ғалым көптеген жылдар бойы көпшіліктің назарында болды. Ғылымдар Академиясының Президенті бола тұрып, Қ.И. Сәтпаев ғылыми-ұйымдастыру қызметімен бір мезгілде мемлекеттік және қоғамдық жұмысты белсенді атқарды: 1946 жылдан 1964 жылға дейін бірнеше рет КСРО Жоғарғы Кеңесінің және 1947 жылдан 1959 жылға дейін Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайланды. 1962 жылдан 1964 жылға дейін КСРО Жоғарғы Кеңесінің Кеңес Одағының алтыншы шақыруы Төрағасының орынбасары қызметін атқарды. Екі ондаған реттен артық үкіметтік наградалармен, соның ішінде төрт рет Ленин орденімен марапатталды. Қаныш Имантайұлы көптеген мемлекеттік комитеттер мен комиссиялардың, ғылыми журналдардың, саяси және ғылыми қоғамдардың редакциялық алқаларының мүшесі болды. Қазақстан ғылымдар Академиясының халықаралық байланыстарын қалыптастыру мен дамытуға, Ресейден, Украинадан, Өзбекстаннан, Грузиядан, Қырғызстаннан, Тәжікстаннан және басқа республикалардан әріптестермен ынтымақтастығын нығайту мен тереңдетуге айтарлықтай күші мен қуатын жұмсады. Қ.И. Сәтпаев өте көп жазған. Оның қаламынан орыс, қазақ, қытай, араб, ағылшын және басқа тілдерде жарияланған, 800-ден астам баспа жұмыстары шыққан.

Тұңғыш қазақ инженер-геологының Жезқазған кен орнын ашумен, металлогенияны – геология тарихының негізгі кезеңдерімен байланысты рудалы кен орындарын құрудың аймақтық шарттарын және оларды орналас-тыру заңдылықтарын зерттейтін геология бөлімін дамытумен, және ақырында, әлемде тұңғыш рет Орталық Қазақстанның металлогениялық болжамдық карта-сын жасаумен байланысты жарқын еңбектерін бүкіл әлем таныды. КСРО ҒА тұңғыш академигі және шығыс ғалымдары қатарынан КСРО ҒА Төрағасының мүшесі, Қазақстан ҒА тұңғыш Президенті ретінде осы тамаша ғалым мен ойшылдың, ірі мемлекеттік қайраткердің есімі оның көзі тірі кезінде шынайы даңқ пен танылу құрметіне бөленді. Қ.И. Сәтпаев, академик В.М. Келдыштің сөздері бойынша, жетекші геолог-теоретиктердің бірі, ғылымды және геология-лық қызметті ірі ұйымдастырушы болды, қазақстандық геологтар мектебін басқарды. Оның қажымас еңбегі және оның ізбасар геологтарының арқасында Қазақстанның жер қойнауларында Менделеевтің периодтық жүйесінің барлық дерлік элементтері ашылған. Жер асты қойнауларын барлаушы мамандығы



еліміздің экономикасын көтеру және өндірістік күштерін дамыту үшін маңызды мәнге ие болды.

Қ.И. Сәтпаев ұлы, сонымен бірге қарапайым, қарым-қатынасқа жеңіл, байсалды адам болған. Табиғат оған шешендікті, ұзын бойды, келбетті сымбатты сыйлаған. Ол кез келген қалың топтың ішінен ерекшеленіп тұратын, ол бірінші болып есте сақталып қалатын. Мысалы, 1947 жылы қазақ ғалымы Англияға кеңестік парламентарийлердің құрамында келгенде осы елде мынадай жағдай болған. Ресми емес қабылдау кезінде Ұлыбританияның экс-премьер-министрі У. Черчилль оған қалжындап: «Барлық қазақтар Сіз сияқты батыр тұлғалы, денелі ме?», - деп сұрақ қояды. «О не дегеніңіз, Черчилль мырза, қазақтардың арасында мен ең кішкентайымын, менің халқым менен биік!» - деп жауап беріпті академик Қ.И. Сәтпаев [4].

Ұлы орыс ғалымы Сергей Есенин: «Бетпе-бет қарасаң, бетін көрмейсің - үлкен нәрсе ара қашықтықтан көрінеді», - деген екен. Сол айтпақшы, біз де Қаныш Имантайұлы Сәтпаевтің Қазақстанның бүкіл аумағындағы табиғи қоймалар байлықтарын зерттеуге қосқан орасан зор үлесін қазір ғана сезініп, лайықты бағалап жатырмыз.

Қ.И. Сәтпаев 1964 жылғы 31 қаңтарда Мәскеу ауруханасында 65 жасында қайтыс болды. Оның көп қырлы қызметінің материалдық жағынан жүзеге асырылуының нәтижесі Үлкен Жезқазған және Жезді ғана емес, сонымен бірге Орталық Қазақстанның, республиканың шығысы мен оңтүстігінің ірі кен-металлургия кешендері болды, оның батыстың мұнай және газ кен орындарын қазудағы еңбегі ерекше. Жақында оның есімімен аталатын, ҚазҰТУ жанында ескерткіш ашылды. ЮНЕСКО академиктің 100 жылдық мерейтойын тойлауды осы ықпалды халықаралық ұйымның басшылығымен және қатысуымен білім, ғылым және мәдениет саласындағы мәселелер бойынша атаулы және мерейтойлы күндер күнтізбесіне енгізді.

Академик Қ.И. Сәтпаевтің гуманитарлық ғылымдар бойынша мұрасының елеулі бөлігін Қазақстан тарихы жөніндегі еңбектері құрайды. Қ.И.Сәтпаев Ұлытау, Жезқазған аудандарының археологиясы және ежелгі металлургиясы мәселелеріне қызығушылық танытқан, Ұлытау төңірегінде, Арғанаты тауларында және Торғайдың бастауларында көптеген ескерткіштерді ашқан, Жетіқыз өзеніндегі - тас мүсіндерді, Жыланшық (Сырлытам) өзеніндегі - сәулеттік ескерткіштерді, Бұланты өзенінің оң жағалауындағы тасқа салынған суреттерді зерттеген [5].

Қ.И. Сәтпаевтің тапқан маңызды жаңалығы Алтын Шоқы тауының оңтүстік-батыс баурайында байқалған, Темірдің жазуы бар тақта болып табылады. Бұл тау Ұлытаудың бас жотасынан солтүстік-батысқа қарай 30-40 км-де орналасқан. Мұнда Орта Азиядан Оңтүстік Уралға керуен жолы өткен. Жазу 1391 жылы Темірдің Дешті-Қыпшаққа жорығы кезінде ойып түсірілген. Академик И.А. Орбелидің өтініші бойынша тақта Ленинградқа әкелініп, Эрмитаж залдарының біріне қойылған. Енді Қарсақпай деген атпен белгілі, атақты Ұлытау жазбасы шифрланып, ғылым әлемінде лайықты бағаланған.

Академик Қ.И. Сәтпаевтің есімімен ҚР ғылымдар Академиясының Геологиялық ғылымдар институты, Қарағанды облысында қала, Жезқазған кен-

металлургия комбинаты, Торпақ шоқжұлдызындағы кіші планета, минерал, Жоңғар Алатауының мұздығы және тау шыңы, гүлдердің сорты, Қазақстан Республикасының қалалары мен кенттеріндегі көшелер мен мектептер аталған.

Қазіргі уақытта ҚР БҒМ жаратылыстану ғылымдары саласындағы көрнекті жетістіктері үшін академик Қ.И. Сәтпаев атындағы сыйлықтар тағайындайды. 2008 жылы осы бірінші дәрежелі сыйлықты марқұм профессор А.Н. Данияровтың жетекшілік етуімен жұмыс жасаған ҚарМТУ ғылыми мектебі иеленді.

Сонымен, академик Қ.И. Сәтпаевтің ғылыми-ұйымдастырушы және қоғамдық қызметі өзінің қарқындылығымен ерекшеленді және өмір сүру нормасы болып табылып, адамдарға қызмет етуге арналған. Ғылымға және шындыққа ұмтылысы ғалымның ғылыми-зерттеу мұрасының алуан түрлі аспектілерінде өрнектеліп, оған табыс әкелді.

Қазақстан тарихында **Дінмұхамед Ахмедұлы Қонаевтың өмірі мен қызметі** халық үшін қалай өмір сүру мен еңбек ету керектігінің тамаша үлгісі болып қалады. Үш мәрте Социалистік Еңбек Ері, 8 Ленин орденімен, КСРО, шетелдік мемлекеттердің басқа ордендерімен және медальдарымен марапатталған.

Қазақстанның көрнекті мемлекеттік және саяси қайраткері, ғалым, Дінмұхамед Ахмедұлы Қонаев 1912 жылғы 12 қаңтарда Верный (қазіргі Алматы) қаласында дүниеге келген. Чернышевский атындағы № 19 бірінші сатылы мектепте оқыды. Төртінші сыныпты бітірген соң 14-ші мектепте оқыды. Дінмұхамед оқу озаты болмаған, бірақ қиын ғылымдарды үлкен сүйсінушілікпен меңгерген. Мектептегі сабақтарынан кейін республика Мемлекеттік жоспарының аудандандыру секторында статист болып жұмыс істеген, ал кешке институтқа даярлық курстарында білім алған.

1931 жылы жас Д.А. Қонаев Мәскеуге Қазақстан өлкелік комсомол комитетінің жолдамасымен М.И. Калинин атындағы Мәскеу түсті металдар және алтын институтына оқуға түсу үшін барады. 1936 жылғы шілде айында Д.А. Қонаев институттың тау-кен факультетін бітіріп, Қоңырат-Балқаш құрылысына жіберіледі. Өзінің Балқаш-Қоңыратқа жіберілгені туралы кейіннен былай деп жазған: «Мұнда менің еңбек жолым басталды. Мен бұл өлкеге бөтен емес едім. Осы жерде бес айлық практикадан өткенде, Қоңыратпен және оның адамдарымен танысқан болатынымын. Ол кезде мен жаңа ғана құрылған шығыс үйіндінің ондығы болып жұмыс істегенмін. Жұмыс істеп жүріп, «Жылына 90 мың тонна қара мыс өндіру үшін Қоңырат карьерінің қуатын анықтау» тақырыбына арналған дипломдық жұмысыма материал жинадым. Дипломымды «өте жақсы» деген бағамен қорғадым. Менің еңбек жолындағы алғашқы қадамдарым Қазақстанның түсті металлургиясымен байланысты болды. Мен өзімнің елімізде Орталық Қазақстандағы қуатты мыс өнеркәсібінің, сонан кейін Рудалы Алтайда қорғасын-мырыш өнеркәсібінің қалыптастыруға қатысушылардың бірі болғанымды осы күнге дейін мақтаныш етемін» [6]. Осында болғанда, Д.А.Қонаев бұрғылау станогының машинисі, шебер, ауысымдық инженер, Қоңырат кенішінің директоры қызметтерін атқарды. 1938

жылғы қараша айында тұңғыш Балқаш мысы алынды. Д.А. Қонаев мемлекеттік награда – «Еңбектегі озаттығы үшін» медалін иеленді.

1939 жылғы қыркүйек айында Дінмұхамед Ахмедұлын Риддер руда басқармасының директоры ретінде Риддер полиметалл комбинатына жібереді. Соғыс алдындағы КСРО шекараларындағы жағдай стратегиялық мақсат – металлургия өнеркәсібіне қойылатын талаптарды күшейтті. Қысқа мерзім ішінде кеніштің жаңа директоры өндіріс көлемдерін көп есе ұлғайтып, оны артта қалушылар қатарынан озықтар қатарына шығарды. 1941 ж. Риддер Лениногорск деп қайта аталды. Соғыс жылдарында жауға атылған 10 оқтың 9 оғы Лениногорск қорғасынынан балқытылды.

Д.А. Қонаевтың жеке тұлғасының қалыптасуы, оның дамуы сталиндік дәуір, қатаң орталықтандырылған әкімшілік жүйесі жағдайларында болған, бұл Қазақстанның болашақ көшбасшысының саяси социализациялануының себебі болды. Д.А. Қонаевтың тағдыры әлеуметтік-саяси процестердің әсерімен қалыптасты, оларға бір жағынан - жалпыға ортақ оптимизм және халықтың социализм мұраттарына мұқалмай сенуі, екінші жағынан, қуғын-сүргін, - тарихты, этникалық мәдениетті және дәстүрлерді «күйдіретін» жүйенің қатаң еріктік шешімдері тән болды, бұл Қазақстанның болашақ басшысына әсерін тигізбей қоймады.

1942 ж. сәуірде Д.А. Қонаев ОК билігіне шақырылып, онда 20 сәуірде республиканың Кеңестік халық комитеті төрағасының орынбасары болып тағайындалады. 1942 ж. 6 маусымнан бастап Д.А. Қонаев ҚазКСР Халық Комиссарлары Кеңесінде жұмыс істей бастады. Оның міндеттерінің шеңбері түсті металлургия кәсіпорындарының, көмір және мұнай өнеркәсібінің, электр станцияларының, темір жолдардың, автокөліктің, қорғаныс зауыттарының жұмысын үйлестіру болып анықталды. 30 жасында Д.А. Қонаевқа мемлекеттік басқарудың аса жауапты бөлігі, қазіргі шамамен - Премьер-министр орынбасарының постысы тапсырылған. 1949 ж. ақпанның аяғында Қазақстан коммунистерінің 6-шы съезінде Д.А. Қонаев алғаш рет ОК мүшесі болып сайланды [7].

1951 ж. желтоқсан айында Д.А. Қонаевты сол кездегі ҚКП ОК бірінші хатшысы Ж.А. Шаяхметов шақырып алып, Қазақстан тарихын идеологиялық жариялау бойынша жағдайды түзету қажеттілігіне байланысты ғылымдар Академиясын басқаруды ұсынды, ол ұсыныстан бас тартты. 2 айдан соң ОК-ға шақыру қайталанды. Бұл жолы Ж.А. Шаяхметов Д.А. Қонаевтың ғылым басқармасына ауысуға келісімін алды [8]. 1952 жылғы 16-17 сәуірде республиканың ғылымдар Академиясының жалпы жиналысының сессиясы өтті. ОК идеология жөніндегі хатшысының қысымымен бірінші күні академиктер М.П.Русаков және А.К. Жұбанов, корреспондент мүшесі К.Д. Жұмалиев атақтарынан айырылды. Кейіннен оларға қатысты әділдікті орнату мүмкін болды. 17 сәуірде ірі қазақ ғалымы Қ.И. Сәтпаев құпия дауыс берумен Ғылымдар Академиясы Президенті қызметінен және Төралқасының мүшесінен босатылды. Оның орнына бірауыздан Д.А. Қонаев сайланды.

Сталиннің өлімінен кейін елді Н.С. Хрущев басқарды. Л.П. Берия қамауға алынып, атылды, Г.В. Маленков – КСРО Министрлер Кеңесінің Төрағасы қызметінен босатылды және біртіндеп саяси бейболымға жіберілді.

Н.С.Хрущев партияның және елдің толық билеуші қожайыны болды. Ол кезде Орталықта Қазақстандағы экономиканың, әсіресе ауыл шаруашылығы саласындағы жағдайға наразылық өрби берді.

ҚКП ОК Пленумында 1954 ж. ақпанда селоны қанағаттанарлықсыз басқарғаны үшін бірінші хатшы Ж.А. Шаяхметов өз орнынан босатылды. Көп ұзамай Қазақстанның КП VII съезінде бірінші хатшы - П.К. Пономаренко, екінші хатшы Л.И. Брежнев болып сайланды. Алғашқы жұмыс күндерінен бастап ғылымдар Академиясының Президенті мен партияның жаңа басшылығы арасында іскерлік, ізгі қатынастар қалыптасты, олар академиялық институттардың материалдық-техникалық базасын нығайтуда елеулі роль атқарды. 1954 жылғы 30 қарашада республикалық ғылымдар Академиясы жалпы жиналысының сессиясы өтті, оған 13 академик және 17 корреспондент мүшесі сайланды, ал Қ.И. Сәтпаев Геологиялық ғылымдар институтының директоры қызметіне бекітілді.

1955 ж. наурызда Мәскеуде КСРО Жоғарғы Кеңесінің сессиясы өтті, онда ҚазКСР ғылымдар Академиясы Президентінің сөз сөйлеуі жоспарланды. Қазақ тұрақты өкілеттігі ғимаратында баяндама жасауға дайындалып жатқанда, Д.А. Қонаев шұғыл түрде П.К. Пономаренкоға және Л.И. Брежневке шақырылды. Мұнда оның ОК бюросында республиканың Министрлер Кеңесінің Төрағасы қызметіне бекітілгенін және ғылымдар Академиясының Президенті қызметінен босатылғанын хабарлайды. Д.А. Қонаевтың табандылығымен республикалық ғылымдар Академиясының Президенті болып оның негізін қалаушы Қ.И. Сәтпаев сайланды.

1955 жылғы 1 сәуірден бастап ҚазКСР Министрлер Кеңесінің Қазақ республикасы құрылғаннан бастап сегізінші Төрағасы Д.А. Қонаев өзінің лауазымдық міндеттерін орындауға кірісті. Ол республика үкіметінің басшысы болғанда түсті металлургия, құрылыс-жинақтау жұмыстары, геология, энергетика және т.б. министрліктер ұйымдастырылды.

1960 ж. 19 қаңтарда Д.А. Қонаев ҚКП ОК Бірінші хатшысы болып бірауыздан сайланды. 1962 ж. желтоқсан айында мақта өсіру аудандарын Өзбекстанға беру туралы Н.С. Хрущевпен келіспеушіліктерден, Д.А. Қонаевты ҚКП ОК Бірінші хатшысы міндеттерінен босатып, Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің Төрағасы етіп тағайындайды.

1964 ж. қазан айында Д.А. Қонаев Мәскеуде болып, Бірінші хатшы қызметінен Н.С. Хрущевті босатып, осы постқа Л.И. Брежневті сайлаған, КОКП ОК Пленумына қатысады. 1964 жылғы қараша айында Қазақстан Компартиясы ОК бюросының барлық мүшелері мен ҚазКСР Министрлер Кеңесі Төрағаларының орынбасарларын Мәскеуге шақырып, Д.А. Қонаевты ҚКП ОК Бірінші хатшысы етіп тағайындайды.

КОКП ОК қазан және қараша айларындағы пленумдарының қорытындыларын қарастырып, Қазақстан Компартиясы ОК мүшелері партия жұмысының түрлері мен әдістерін жетілдіруге, мәдени және шаруашылық құрылысының міндеттерін шешуде ұйымдастыру жұмысын күшейтуге әзірлігін білдірді. Қараша айындағы пленумның қаулысына сәйкес партияның ауылдық аудандық комитеттері қалпына келтірілді. Сондықтан Целинный, Батыс Қазақстан және

Оңтүстік Қазақстан өлкелері таратылды. Сондай-ақ кеңестік халық шаруашылықтары да таратылды. Өнеркәсіпті кеңестік халық шаруашылықтары арқылы басқаруға өту мәселесінің аяғына дейін ойластырылмағанын өмір дәлелдеді.

Жаңа бесжылдық басталды және оның бірінші жылы (1965) өте ауыр болды. Осыған қарамастан, өнеркәсіп пен құрылыс салалары бірқатар ірі түйінді міндеттерді шеше алды. Жасалған істердің барлығын атап шығу мүмкін емес. Сонымен, Қызылордада ірі целлюлоза-картон комбинаты және ЖЭО қатарға қосылды. Осының нәтижесінде республика орауыш материалды шығара бастады. Қостанай облысында Жетіқара асбест комбинатының бірінші кезегі пайдалануға тапсырылды. Жылдың ортасында Өзен мұнай-газ кен орнының бірінші кезектегі объектілерінің құрылысы аяқталды. Бұл республикадағы үлкен оқиға болды. Тұңғыш Маңғышлақ мұнайы алынды және Гурьев мұнай қайта өңдеу зауытына жіберілді.

10-12 наурызда ҚКП XII съезі өтті. Съезде республиканың жеті жылдық ішінде өткен жолына талдау берілді. Жеті жылдық ішінде республика картасында 20 жаңа қала пайда болды. Жеті жүзден астам ірі өнеркәсіптік кәсіпорын, бес жүзден астам цех іске қосылды, және де әрбір тұрғызылған кәсіпорында біздің еліміздің көптеген халықтарының еңбегі қаланған. Тек ауыр өнеркәсіп қана жаңа өнімнің 700 түрін шығара бастады. Жеті жылдық Қазақстанның халық шаруашылығын жеделдетіп, индустриялық дамуының сапалы жаңа кезеңі болып табылды.

Жеті жыл ішінде Қазақстанның экономикалық әлеуеті екі еселенді, ал өнеркәсіп Қазақстан құрылған күннен бастап барлық жылдар ішіндегіден көп өнім берді. Жоспарды мерзімінен бұрын орындағаны үшін Балқаш және Жезқазған кен-металлургия комбинаттары Ленин орденімен, Соколов-Сарыбай кен-байыту комбинаты, Ақтөбе химия комбинаты, Қарағанды синтетикалық каучук зауыты, Иртышуголь, Қарағанды ет комбинаты Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталды.

ҚКП съезі еңбекшілердің материалдық игілігінің жақсарғанын атап өтті. 1965 жылы 1958 жылмен салыстырғанда орташа еңбекақы 28 пайызға өсті. 1965 жылы 450 мың адам жаңа пәтер алды. Съезд республиканың табыстары — партияның ұлттық саясатының, КСРО халықтарының өзара көмегі мен бауырлас достықты нығайтудың тікелей нәтижесі екенін атап өтті. XXIII съезд директиваларының жобалары және Қазақстанның халық шаруашылығының сегізінші бесжылдықта даму жоспары бірауыздан мақұлданды.

1966 жылғы 29 наурызда КОКП XXIII съезін бастады. Оған Қазақстаннан 204 делегат қатысты. Пленумда Д.А. Қонаевты КОКП ОК Саяси бюросының мүшесіне кандидат етіп сайлады [9].

Сол жылы нан үшін күрес жаңа күшпен қарқын алды, бұл 1966 жылы республикада мемлекетке бір миллиард пұттан астам нан сатуға мүмкіндік берді. Д.А. Қонаев егін жинау кезінде бірқатар облыстарда совхоздар мен колхоздар еңбекшілерінің нан тапсыру үшін қалай күрескенін көрді. Бидай өсірудегі табысы үшін және экономиканы көтерудегі басқа көрсеткіштері үшін Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Ақтөбе, Алматы облыстары Ленин орденімен

марапатталды. Мелиорацияны дамыту және суармалы жерлерді жақсы пайдалану бойынша қабылданған шешімдер Қызылорда облысында күріш өндірісін әрі қарай ұлғайтуда, сондай-ақ Шымкент облысының оңтүстігінде, Алматы облысының Ақдала массивінде, Талдықорған облысының Қаратал ауданында күріш өсіруді әрі қарай ұлғайтуда маңызды роль атқарды. Нәтижесінде Қазақстан техникалық дақылдарды: қант қызылшасын, мақтаны, темекіні өсіру бойынша маңызды база болды. Жүзім шаруашылығы және бақша шаруашылығы табысты дамыды.

Д.А. Қонаев ҚКП ОК бірінші хатшысы болып қайта сайланғанда, ол алдағы жылдары республиканың алдында қандай орасан және ауқымы бойынша қандай күрделі проблемалар тұрғанын анық білді. Өнеркәсіптің алдында қолданылып жүрген қуатты барынша көп пайдалану, кәсіпорындардың аса жоғары техника-экономикалық көрсеткіштеріне қол жеткізу, аса бай табиғи ресурстарды шаруашылық айналымға белсенді жұмылдыру міндеті тұрды. Отын-энергетика ресурстарын дамытуға және оларды игеруге ерекше назар аудару керек.

Ауыл шаруашылығының еңбеккерлері астық өнімділігін арттыру есебінен бидай өсіруді ұлғайтуға, сондай-ақ суармалы егін шаруашылығының аудандарын жақсы пайдалану және кеңейту есебінен күріш, жүгері дәнін, техникалық дақылдарды, көкөністер мен жемістерді, мал шаруашылығы өнімін өсіруге міндетті болды. Басқа салалар да — күрделі құрылыс, көлік, байланыс, денсаулық сақтау және т.б. күнделікті мұқият назарды талап етті.

Бұл проблемалардың қаншалықты сәтті шешілгенін өмірдің өзі көрсетті. 1964 жылдан бастап 1986 жылға дейінгі кезеңде (Д.А. Қонаевтың зейнеткерлікке шығуына дейін) Қазақстан Компартиясының бес съезі өтті. Олардың әрқайсысында кезекті бесжылдықтағы халық шаруашылығы дамуының негізгі қорытындылары шығарылды. Бірақ, атап айтқанда, аталған кезеңде өнеркәсіптің, құрылыстың, көлік пен байланыстың, ғылым мен мәдениеттің, халық ағарту ісінің, денсаулық сақтаудың, сауданың, халыққа тұрмыстық қызмет көрсетудің көптеген салаларында республика еңбеккерлерінің қол жеткізген жетістіктері соншалықты көлемді және маңызды болмаған.

1982 ж. 10 қарашада Д.А. Қонаевты Мәскеуге Саяси бюроның мәжілісіне шұғыл түрде шақырды. Мәжілісті ашып, Ю.В. Андропов Саяси бюроның мүшелеріне Брежневтің қайтыс болғанын хабарлайды. Үнсіздікті К.У. Черненко бұзып, Ю.В. Андроповты КОКП ОК Бас хатшысы етіп сайлауды ұсынды. 12 қарашада КОКП ОК Пленумында жаңа Бас хатшыны сайлау өтті. Бұл геронтократияны – елді ақсақалдардың билеуін тоқтатудың басы болды. Ю.В. Андроповтың аз уақыт басқаруынан кейін КОКП ОК Бас хатшысы болып К.У.Черненко сайланды. 1985 ж. наурызда К.У. Черненко қайтыс болды және КОКП ОК Бас хатшысы постысына бірауыздан М.С. Горбачев сайланды. Елде «қайта құру» дәуірі басталды.

1985 ж. Қазақстан Компартиясының XVI съезі - Д.А. Қонаевтың басшылығымен өткен соңғы съезд болды, онда ол ҚКП ОК есептік баяндамасымен сөз сөйледі. Ол — ОК мүшесі, ал съезден кейінгі пленумда ҚКП ОК Бірінші хатшысы болып қайта сайланды. 1986 ж. күзде Д.А. Қонаев М.С.Горбачевке зейнеткерлікке шығу туралы мәселені қарастыру өтінішін

ұсынды. Бас хатшы оның өтінішін бірден қолдады. 1986 ж. 11 желтоқсанда Д.А. Қонаевтың қатысуынсыз Саяси бюроның мәжілісі болды, онда оның зейнеткерлікке кетуі туралы шешім қабылданды. 16 желтоқсанда таңертең Д.А.Қонаевты зейнеткерлікке шығарып салған және Бірінші хатшы етіп Г.В.Колбинді тағайындаған, ҚКП ОК Пленумы болды.

Партиялық және шаруашылық басқарудың барлық жолдары тоғысқан, Үкімет төрағасының және Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы постысында 30 жылдан астам уақыт болып, Д.А. Қонаев Қазақстанның гүлденуі, оның өндірістік күштерінің дамуы, халық игілін арттыру үшін өте көп еңбек етті. Өскемен қорғасын-мырыш және титан-магний, Соколов-Сарыбай, Лисаковск, Балқаш, Жезқазған кен-металлургия комбинаттары құрылды және дамыды. Оның көмегімен химия, металлургия институттары пайда болды, қазақстандық ВАСХНИЛ, Ақмоладағы Бураевский институты әлеуметтік тапсырыстар пакетін алды, ядролық физика саласында қарқынды жұмыстар басталды; Орта Азия әскери округі, әскери-инженерлік база құрылды.

Д.А. Қонаев республиканың ауыл шаруашылығының көтерілуіне үлкен көңіл бөлді. Ол агроөнеркәсіптік кешеннің техникалық қайта қарулануы қалай жүріп жатқанын, асыл тұқымды мал және тұқым өсіруді, өндіріске жаңа технологияларды ендіруді, ауылды қайта құруды және ауыл еңбеккерлерінің тұрмысын үнемі қадағалады. АӨК үшін жауап беретін министрлерді өзіне жиі шақырған, ғалымдармен, мамандармен және өндіріс озаттарымен кеңескен.

Д.А. Қонаевтың қамқорлығы мен қолдауын үнемі сезінген, ауыл еңбеккерлерінің екпінді еңбегінің арқасында республика Кеңес Одағының ірі астық және мал шаруашылығы базасына айналды. Тың игеру жылдарында Қазақстан елімізге бір миллиард пұттан астам нанды - 9 рет, ал оныншы бесжылдықта жыл сайын дерлік сатты. Астықтың жалпы өндірісі - 27-28 миллион тоннаға, ал кейбір жылдары 34 миллион тоннаға жетті. Халықтың жан басына 1500-ден 2000 килограмға дейін бидай өндірілді. Салыстыру үшін: КСРО-да бұл көрсеткіш 1984 жылы - 712, АҚШ-та - 1331, Францияда - 1075, ГФР-да 448 килограмды құраған. Мемлекеттік ресурстарға бидайдың күшті сорттарын жеткізу жалпы алғанда КСРО-да осы дақылды дайындаудың жалпы көлемінен 70 пайызға жетті.

1987 жылғы 1 қаңтарда ірі қара малдың басы - 9,5 миллионға, қойлардың басы 36,5 миллионға жетті. Ет, сүт, жұмыртқа, жүн және басқа өнім өндіру және дайындау көлемдері өсті. Ауылда күрделі құрылыстың ауқымы өлшеусіз артты, оған тыңды көтерудің алдындағы барлық жылдарда Қазақстанның бүкіл ауыл шаруашылығына салынған қаржыға қарағанда 7 есе көп қаржы салынды. Егер 1940 жылы республикада 194 совхоз болса, онда 1985 жылы оның саны 2 мыңнан асты. Тың игеруге жұмсалған шығындар артығымен өтелді. Жоғары өндірістік көрсеткіштерге қол жеткізгені үшін ауыл шаруашылығының жүздеген мың еңбек озаттары КСРО ордендерімен және медальдарымен марапатталды, ал олардың көпшілігі Социалистік Еңбек Ері атағын иеленді.

Д.А. Қонаевтың таза өзінің, «қонаевтық» жұмыс стилі болды, ол республиканың күрделі шаруашылық механизмінде ең бастысын «қағып алу», жағдайда жылдам бағдарлану сияқты сирек қабілетті иеленді, ылғи да сол

немесе басқа қабылданатын шешімнің неге апаратынын алдын ала білген, мемлекетке үлкен пайда әкелетін табыстарды дамыта білген. Экономика, өнеркәсіп, құрылыс, білім, денсаулық сақтау, мәдениет, идеология мәселелері үнемі оның қызметінің, сондай-ақ ОК Бюросының және Республика Үкіметінің назарында болған.

Ірі республиканың басшысы ретінде Д.А. Қонаев Қазақстандағы шаруашылық құрылысының көптеген проблемалары бойынша күрделі мәселелерді шешкен. Сонымен бірге КОКП ОК Саяси бюросының мүшесі ретінде оның орталыққа қарсы тұруы қиын болды, Мәскеуде әдептілік, икемділік, ал кейде кішіпейілділік танытуға тура келген.

Ол шетелде және кеңес мемлекетінде үлкен беделге ие болған. КОКП ОК Саяси бюросының мүшесі, КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты, үш мәрте Социалистік Еңбек Ері, сегіз Ленин орденінің кавалері, академик – міне, оның еңбегіне, талантына, ойы мен өзінің жарқын өмірін арнаған, ісіне берілгендігіне көрсетілген құрмет. Нағыз интернационалист ретінде Д.А. Қонаев өзінің көп ұлтты халқын жақсы біліп қана қоймай, сонымен бірге оны сүйген, оның патриотизмін, еңбек сүйгіштігін, өзін-өзі құрбандыққа шалуын және рухани ұлылығын жоғары бағалаған.

Д.А. Қонаев көрнекті мәдениет қайраткерлерімен, музыканттармен, композиторлармен, суретшілермен, сәулетшілермен достық қарым-қатынаста болған. Әдебиетті, өнерді жақсы білген. Атақты қазақстандықтарға таң қалудан шаршамаған. Ол ақын Олжас Сүлейменов, әртістер К. Байсейітова, Б. Төлегенова, Е. Серкебаев, А. Әшімов, сәулетші Ю.Г. Ратушный және көптеген басқа атақты адамдар туралы көптеген жақсы және ізгілікті сөздер айтқан.

Оның Алматыны салу және көркейтуде жасаған игі істері аз емес. Оның бастамасы бойынша тұрғызылған Республика Сарайы, Достық даңғылындағы тұрғын үйлер, Б. Шолақ атындағы «Медеу» спорт кешені, Республика алаңы, «Қазақстан», «Жетісу», «Алматы», «Алатау» қонақ үйлері, цирк, аэровокзал, әуежай және көптеген басқа ғимараттар Қазақстан Республикасының визит карточкасы болды. Д.А. Қонаев республиканың мәдениетін өте жоғары бағалаған және үнемі қолдаған.

Д.А. Қонаевтың Қазақстан экономикасы мен мәдениетіне қосқан үлесі орасан. Өзінің игі істерімен ол Отанының даңқын биікке асқақтатты, өзінің есімін мәңгі етті және Қазақстан деп аталатын елінің тарихында мәңгілікке қалды.

### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Қонаев Д.А. О моем времени: Воспоминания. Алма-Ата: Дәуір, МП Ынтымак, 1992.
2. Мейіржан Машан. Д.А. Қонаев. История в портретах (личности в истории). Алматы, 1999.
3. Толмачев Г. 50 встреч с Д.А. Қонаевым: воспоминания. Алматы, 1997.
4. Материалы XXIII съезда КПСС. М., 1966.
5. Мир Сатпаева / Составители: Каменев Е.А. и др. Алматы, 1999.
6. Сатпаева Ш.К. Веяние времени. Алматы. Ғылым, 2000.





## **Н.Ә. Назарбаев – Тұңғыш Президент және Қазақстан Республикасының негізін қалаушы**

*Қарағанды мемлекеттік  
техникалық университетінің  
«Қазақстан тарихы»  
кафедрасының аға оқытушысы  
Тұяқова А.Е.*

Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев 1940 ж. 6 шілдеде Алматы облысының Қаскелең ауданы (қазіргі Қарасай) Шамалған ауылында дүниеге келген. Днепродзержинск техникалық училищесін (1960 ж.), Қарағанды металлургия комбинатындағы жоғарғы техникалық оқу орнын (1967 ж.), КОКП ОК сырттай Жоғарғы партия мектебін (1976 ж.) бітірген. Экономика ғылымдарының докторы, академик.

Еңбек жолын 1960 ж. Теміртау қаласында Қарағанды металлургия комбинатында түрлі жұмыс атқарушы ретінде бастап, домна пешінің аға газдаушысына дейін жүріп өтті. 1969 ж. бастап комсомол және партия жұмысына ауысты.

Қазақстанның ЖОЛК Теміртау қалалық комитетінің бірінші хатшысы (1969–1971жж.), партияның Теміртау қалалық комитетінің екінші хатшысы (1971–1977жж.), партияның Қарағанды облыстық комитетінің екінші хатшысы (1977–1979жж.) қызметтерін атқарды.

Жоғары мемлекеттік және партия орындарында 1979 жылы Қазақстан Компартиясы ОК хатшысы (1979–1984жж.) сайланған кезден бастап, ҚКП ОК бірінші хатшысы (1989 ж. маусым – 1991ж. қыркүйек), бір мезгілде Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Төрағасы (1990 ж. ақпан–сәуір) болып қызмет атқарады.

1990 ж. 24 сәуірде Н.Ә. Назарбаев Қазақ КСР Тұңғыш Президенті болып сайланды. 1995 ж. 29 сәуірде бүкіл халықтық референдумның қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттігі 2000 жылға дейін ұзартылды.

Н.Ә. Назарбаев – ҚР Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас Қолбасшысы, ҚР Қауіпсіздік Кеңесінің Төрағасы, Қазақстан халқы Ассемблеясының Төрағасы, қазақтардың Бүкіл әлемдік Ассоциациясының Төрағасы. Қазақстанның, Ресейдің, Өзбекстанның және бірқатар шет елдердің жоғарғы ордендерімен және медальдарымен марапатталған.

Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевта айқын көрінетін көшбасшылық қасиеттері бар және өзін-өзі дәлме-дәл бағалай біледі. Бойында көшбасшылықтың харизмалық және дәстүрлі типтерінің сипаты үйлесім тапқан, прагматик.

Стратегия мен тактиканы талғаммен үйлестіреді, перспективті және бір сәттік мақсаттар арасында қайшылық туған жағдайда стратегиялық жоспарлауға жол береді. Сарапшылар Н.Ә. Назарбаевтың саяси өмірін талдай

отырып, нақ осындай саяси-психологиялық бейне жасады. Ол тек ұлттық қана емес, әлемдік ауқымдағы саясаткер болып табылады. 90-жылдардың басында Қазақстанның басшысы болған кезде КСРО атақты көшбасшылары рейтингінде бірінші орын алды.

Н.Ә. Назарбаевты бүкіл әлем біледі, мойындайды және құрметтейді. Біздің республикамыздың тәуелсіздік алуы, Қазақстан мемлекеттілігінің қалыптасуы мен нығаюу кезеңі соның есімімен байланысты.

Еліміздің тәуелсіздігінің алғашқы күндерінен бастап Нұрсұлтан Әбішұлы үнемі қазақ тілінің статусы мен беделін арттыру, оны қолдану аясын кеңейту бойынша жағдай жасап келеді. Өткен жылдардағы мемлекеттік тілді қолдану аясының айтарлықтай кеңеюі Президентіміздің табандылығының, талапшылығының арқасында мүмкін болды. Оның «Қазақ – қазақпен қазақша сөйлесу керек», «Қазақстан болашағы – қазақ тілінде» деген сөздері қанатты сөздерге айналды [3]. Биылғы жылы ол қазақ тілді басылымдардың басшыларымен сұхбаттасты, онда қоғамдағы қазақ тілінің орны мен ролі туралы, оны дамыту мен жетілдірудің негізгі жолдарына толығырақ тоқталды.

Егемендік алған жылдар ішінде біз көп нәрсеге қол жеткіздік. Президенттің аймақтық тұрақтылықты қамтамасыз ету жолдарында үнемі ізденісі Қазақстанның дамуына ғана ықпал етіп қоймай, басқа елдермен өзара қарым-қатынас кепілдігі ретінде де қызмет етеді. Біздің мемлекетіміз қазіргі таңда экономикалық реформаны жүргізу аймағында көшбасшы болып табылады. Қазақ халқында ежелден қоғам көшбасшысын сый-құрметке бөлеген. Н.Ә. Назарбаевты бүгінгі күні мемлекеттің негізін қалаушы, ұлт атасы ретінде мақтаныш етеді. «Назарбаев» пен «Қазақстан» деген сөз синоним болып қалды. Сондықтан Нұрсұлтан Назарбаевты халық жақсы көруімен қатар, мақтаныш та етеді!

Еліміздің Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев, тәжірибелі көшбасшы бола тұра, экономикалық және саяси жетілдіру арасында, сыртқы және ішкі саясаты арасында, еліміздің жуық және ұзақ мерзімді мүдделері арасында соншалықты қажет тепе-теңдікті таба білді. Бұл оған маңызды стратегиялық мақсаттардан ауытқымастан елімізді алып шығуға мүмкіндік берді. Басты мәселе ретінде Тұңғыш Президент берік экономикалық негіз салу міндетін алға қойды, онсыз кез келген демократиялық түрлендірулер үстірт және тіршілікке қабілетсіз болып қалу қаупі бар. Алдымен экономика, сосын саясат – президенттік бағыттың лейтмотиві осындай болды, әрі бұл бағыт өзін толық ақтады. Тұңғыш Президенттің күшті әрі сенімді қолы жетелеген Қазақстан - экономиканы реформалауда, жаңа заманғы банктік-қаржылық, салықтық жүйені, тұрғын үй коммуналдық шаруашылығын, зейнетақымен қамтамасыз ету жүйесін құрудың көптеген өзекті мәселелеріне алғашқы із салушының өзі болды.

Осы мазмұны мен рухы бойынша либералдық түрлендірулер нәтижесінде Қазақстанда жігерлі және жаңаша ойлайтын бизнес-элита қалыптасты, барлық қажетті экономикалық және қаржы институттары құрылып, нығайтылды, орта кластың қалыптасуы басталды, миллиондаған азаматтар жеке тұрғын үй алды. АҚШ пен ЕЕ алғашқылардың бірі болып Қазақстан экономикасының нарықтық

сипатын мойындауы тегін емес, ал Қазақстанның жинаған ең құнды тәжірибесі тек посткеңестік кеңістікте ғана емес, одан тыс алыс қияндарда да талап етілген болып табылады. Осының бәрі елімізге инновациялық экономиканы құру саласында анағұрлым күрделі және қиын міндеттерді жүзеге асыруға көшу және әлемнің 50 анағұрлым бәсекелестікке қабілетті елдерінің қатарына біртіндеп енуге талаптану мүмкіндігін берді.

Соншалық маңызды бастапқы тұрақтандыруға қол жеткізіп, стратегиялық жоспарлау бағытын алған Нұрсұлтан Назарбаевтың посткеңестік кеңістікте бірінші саяси көшбасшы болу фактісінің маңызы да аз емес. 1997 ж. қазанында-ақ Президент Н.Ә. Назарбаев еліміздің халқына жыл сайынғы «Қазақстан – 2030. Барлық қазақстандықтардың гүлденуі, қауіпсіздігі және тұрмыс жағдайын жақсарту» жолдауымен үндеу тастады [1]. Ол онда үшінші мыңжылдықта мемлекет пен қоғамның даму Стратегиясын белгіледі.

Осылайша, Қазақстан егеменді және тәуелсіз мемлекет болып құрылды, оның халықаралық аренада, әлемдік саясаттың ықпалды және беделді қатысушысы ретінде, жаһандық әлемдік шаруашылық байланыстарда маңызды рөл атқаратын ел ретінде өз келбеті мен тәртіп стилі бар. Қазақстан айтарлықтай күйзеліссіз, қан төгіссіз және азаматтық қайшылықтарсыз КСРО-ның құлдырауына байланысты дағдарыстық құбылыстарды қысқа тарихи мерзім ішінде жеңіп шығып, егеменді мемлекетке барлық қажетті атрибутын жасау фактісінің өзі - Тұңғыш Президенттің есімін отандық тарихтың анналдарына енгізуге жеткілікті негіз болып табылады.

Жаһандық дәуірдің күрделі дағдарыс жағдайларындағы жаңартылған түрлендірулерді табыспен жүзеге асыруы, күшті және динамикалық түрде дамыған мемлекет құруы Н. Назарбаевты - Мұстафа Кемал Ататүрік, Ли Куан Ю, Дэн Сяопин, Махатхир Мохамад және т.б. сияқты көрнекті реформаторлармен бір қатарға қояды.

Нұрсұлтан Назарбаевтың мемлекет қайраткері ретінде маңызды сипаты - стратегиялық түрде ойлай білуі, практикалық саясатта халықаралық өмірдің негізгі мегатрендаларын, оның ішінде әлемнің ЕЕ мен АТР бастап Латын Америкасы мен Таяу Шығысқа дейінгі барлық аймағында практикалық түрде байқалатын шоғырландыруға жалпыға бірдей бағытты сезімталдықпен түсініп, ескере білуі болып табылады. Осы қаталдықпен және прагматизммен ұштасқан көрегендік қасиеті оны, XX ғасырдың 90-жылдарының басында жаһандық дәуірдің толқынды теңізінде жалғыз-жалғыздан табыспен құлашын сермеу мүмкіндігіне қатысты кейбір елес қуған посткеңестік дәуір саясаткерлерінің үлкен саңлақтарының арасынан бірден ерекше етіп көрсетеді. Тұңғыш Президентіміздің сөзімен айтқанда «шапқылау инерциясы біздің шоғырлануға салған күшімізден күштірек болды» [4]. Сондықтан көптеген посткеңестік көшбасшылар 1994 жылы 29 наурызда Н. Назарбаевтың М.В. Ломоносов атындағы ММУ сөз сөйлеу барысында тұжырымдалған, түрлі жылдамдықтағы және көп деңгейлі шоғырландыру дамытуды, «шоғырландыру орталықтарын» өзінше қалыптастыруды болжайтын еуразиялық бастамасына толық сәйкес және уақытылы жауап берген жоқ. Н.Ә. Назарбаев шоғырландыру бастамаларын алға жылжытып қана қоймай, оларды практикада табанды түрде,

біртіндеп жүзеге асыратыны, әсіресе, маңызды. Көбінесе, оның беделі мен ықпалының арқасында Қазақстан еуразиялық шоғырландыру локомотивінің біріне айналды. Қазақстан, нақты жетістіктер мен шешілмеген мәселелердің көптігінен туған жүйелі дағдарысты өткерген ТМД-н реформалау инициаторы болды. Қазақстан ТМД мемлекеттері басшылары Кеңесінің отырысының күн тәртібін қалыптастыру кезінде прагматикалық тәсілді ұстануды ұсынды. ҚР Президентінің пікірінше, Ынтымақтастықтың барлық мүшелерінің мүдделеріне қатысты, «бір жыл – бір тақырып» принципі жөнінде мәселелер бойынша ғана жұмыс жүргізу қажет. Сондықтан ТМД қазіргі кездегі қызметінің бірінші жоспарына - көші-қон, транзиттік-көлік инфрақұрылым мен электр энергетикалық жүйелерін дамыту сияқты мәселелер қойылды [5].

Н.Ә. Назарбаев – халықаралық ауқымдағы саясаткер. Аналитиктер бірауыздан, ол ХХ ғасырдың 90-жылдарында қарапайым мемлекет қайраткерінің шеңберінен шығып кеткенін атап айтты. Олар – ол, ұлттық саясаттың тар шеңберінде тұйықталып қалмас үшін шынайы стратег ретінде ауқымды кеңістіктік және уақыттық категориялармен ойлайды. Олардың пікірінше, Қазақстанның тұңғыш Президенті әуел баста жаһандық саясатқа ұмтылған және Қазақстанды әлемдік саясаттың жоғарғы эшелонына енгізу үшін барлық қажетті күшін салуда. Шынында да, Н.Ә. Назарбаевтың сыртқы саяси бағытының негізгі принциптері Қазақстан тәуелсіздігі таңының жаңа ата бастаған кезінде, жас мемлекет сыртқы саясат саласында күрделі мәселелермен бетпе-бет кездесіп, бірақ осыған орай шетелдерде бір де бір дипломатиялық өкілеттілігі, сыртқы саяси мәселелер бойынша қарапайым атқарылған жұмысы жоқ және біліктілігі бар дипломатиялық кадрлар тапшылығын өткерген кезде тұжырымдалған.

ҚР тұңғыш президенті– экологиялық, энергетикалық, азық-түлік және т.б. ең маңызды жаһандық мәселелерді шешуге айтарлықтай үлес қосты. Сонымен, БҰҰ Бас ассамблеясының 62-сессиясы барысында ол БҰҰ шеңберінде, экологиялық апаттармен күресу механизмін жасап шығару процесін тездетуге арналған әлемдік энергетикалық мәселелер Тізімдігін жасауды тағы да бір рет ұсынды. Сонымен қатар, Н. Назарбаев БҰҰ шеңберінде Жаһандық энергиялық экологиялық стратегияны құрастыруды және оны 2012 жылғы тұрақтылықты дамыту жөніндегі Бүкіл әлемдік саммитте талқылауды ұсынды.

Қазақстан жаһандық энергетикалық баланс пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету жолындағы жауапкершілігін мойындайды. Жеке алғанда, тұтынушыларға энергия тасымалдаушыларды жеткізуді одан әрі диверсиялау, сондай-ақ энергиялық ресурстарды өндірушілер үшін кепілдік беру мақсатында Нұрсұлтан Назарбаев энергия жеткізу тұрақтылығының Еуропалық пактісін қабылдауды ұсынды.

VII Еуропалық медиа-форумда, сондай-ақ СЭФ форумында Таяу Шығыс жөнінде сөйлеген сөзінде біздің мемлекетіміздің Басшысы әлемдік қауымдастықтың назарын, өнімдерді тұтынудың артуы, биоэтанол өндірісінің өсуі мен климаттың өзгеруі сияқты бірнеше факторлардың нәтижесінде асқынған әлемдік азық-түлік қауіпсіздігі мәселесіне аударды. Н.Назарбаевтың айтуынша, тек соңғы үш жыл ішінде тамақ өнімдерінің әлемдік құны 83

пайызға өсті. Әлемнің 40-қа жуық елі азық-түліктің жетіспеушілігін сезінеді және көмекті қажет етеді. Осыған орай тұңғыш Президент, бүгінгі таңда көшбасшы елдерден, тұтас алғанда әлемдік қауымдастықтан кооперацияның жана түрлерін жасап шығару жөнінде батыл әрекеттер талап етеді, олар барлық әлемдік экономиканың дамуын тұрақтандырып, жаһандық диспропорцияны жеңе алады.

Тұңғыш Президент өркениет диалогын дамытуды белсенді қолдаушы болып табылады. Оның энергиясы мен табандылығы арқасында 2003 және 2006 жылдары Қазақстанда, өзара түсіністік табуға және планетамыздың «қайнаған ортасында» дін аралық шиеленісті тарқату механизмдерін қалыптастыруға арналған әлемдік және дәстүрлі діндердің бірінші және екінші Съезі өткізілді.

Тұтас алғанда, Қазақстанның тұңғыш Президенті халықаралық қарым-қатынастың жаңа сәулетін қалыптастыруға, аймақтық және жаһандық қауіпсіздікті нығайту, әрі жаһандық мәселелерді шешу мен өркениет аралық диалогты жақсартуда айтарлықтай үлес қосып келеді. Кейбір шетелдік политологтардың Н.Ә.Назарбаевтың планетарлық миссиясының анағұрлым беделді әлемдік саясаткерлер санына бұрыннан енгені туралы айтуы тегін емес.

Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев – бірегей саясаткер. Шынында да, саяси тәжірибе мен энергияның, теория мен практиканың, интуиция мен парасатты есептіліктің тоғысуы жаңа заманғы әлем тарихында жиі кездесе бермейді. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті, қатаң жағдайларға қарсы жүруге, көпшілікке мәлім емес, бірақ өмірлік қажетті шешімдерді қабылдауға дайын саясаткерлердің тым шағын санына жатады. Ол популизмнің кез келген көрінісін жоққа шығарады, әрі мемлекеттік және қоғамдық өмірдің аса зәру мәселелері туралы ашық айтады. Саяси жобалардың нағыз генераторы бола жүріп Н.Ә. Назарбаев жаңа идеялар мен жаңа тәсілдерге, оны өзінің жақтаушылары ма немесе саяси оппоненттер ме - кім алға қоятынына қарамастан, ерекше зеректік танытады.

Көзқарасының осындай кеңдігі ҚР Тұңғыш Президентіне тек елін тиімді басқаруға ғана емес, уақыттан озып, ұзақ мерзімді болашақты ойластыруға, он жыл бұрын алға жоспарлар құруға мүмкіндік береді. Ол қазіргі саяси және экономикалық конъюнктура туралы ғана емес, сондай-ақ Қазақстан 30-50 жылдан кейін қандай болатыны, ол келешектегі күрестер мен қауіптерге қарсы тұруға қабілетті бола ма – сол туралы ойластырады. Ол бұлыңғыр болашақ тұрғысынан бүгінгінің түбірі туралы талқылайды, ел ішіндегі және халықаралық аренадағы одан арғы стратегияны құрастырады.

Барлық осы қасиеттері Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевты халықаралық ауқымдағы нағыз талап етілген және беделді саясаткер етіп көрсетеді. Оның пікіріне әлемнің жетекші елдерінің көшбасшылары, ықпалды халықаралық ұйымдардың басшылары мен әлемдік бизнес-элита өкілдері ықыласпен құлақ қояды. Осыған байланысты Қазақстанның сыртқы саяси табыстарындағы арыстандай үлесі оның көшбасшысы – Н.Ә.Назарбаевтың жоғарғы беделі мен жеке басының ықпалының арқасында болды деп батыл айтуға болады. Қазақстанның Тұңғыш Президентінің феномені – жеке тұлғаның ұлттық және әлемдік тарихтағы ерекше рөлі туралы тағы бір ойлануға тұрарлық себеп. Біз

Нұрсұлтан Назарбаев сияқты бірегей және ауқымды тұлғаға лайықты бағасын беруіміз керек, оның әлемдік қауымдастықта өз еліне және өз халқына лайықты орын қамтамасыз еткен жарқын саяси қайраткер, табысты реформатор және көреген стратег ретінде тарихқа енетініне еш күмән жоқ.

### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Н.А. Назарбаев. В потоке истории. Алматы, 1999.
2. Н.А. Назарбаев. Эпицентр мира. – Алматы: 2001.
3. Н.А. Назарбаев. Стратегия вхождения Казахстана в число 50 наиболее конкурентоспособных стран мира. Послание Президента РК народу Казахстана. 1 марта 2006 г. Астана: 2006.
4. Н.А. Назарбаев. На пороге XXI века. Алматы: 1996.
5. Токаев К.К. Дипломатия Республики Казахстана. Астана: 2001.

## Мазмұны

Кіріспе .....	3
<b>Рогалев В.</b> Болашаққа сеніммен.....	4
<b>Башмаков А.</b> Шынайы, берік достық моделі.....	6
<b>Марченко К.Ю., Жұмақанова Ұ.С.</b> Жүсіп Баласағұн, Махмұд Қашқари және әл-Фараби – ұлы философтар, ғалымдар, жазушылар.....	9
<b>Нұғман Б.Г.</b> Египеттің билеушісі және ұлы қолбасшы Сұлтан Бейбарыс – біздің отандасымыз.....	19
<b>Нұғман Б.Г.</b> Қожа Ахмет Йассауи – ұлы ортаазиялық ақын сопы және дін уағыздаушы.....	24
<b>Ошанов Н.З.</b> Мұхаммед Хайдар Дулати – белгілі тарихшы, әдебиеттанушы және мемлекет қайраткері.....	30
<b>Мақалақов Т.Ж.</b> Қадырғали Жалайыр – ұлы қазақ ғалымы, мемлекеттік қайраткер.....	34
<b>Даниярова А.Е.</b> Қазақ хандығының дамуындағы Қасым хан, Тәуке хан және Абылай ханның тарихи ролі.....	39
<b>Түсіпбеков Ж.А.</b> Бұқар жырау – философ, кеңесші, ақын.....	51
<b>Сүлейменова М.Ж.</b> Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би – қазақ даласының ұлы билері .....	54
<b>Огольцова Е.Г.</b> Ы.Алтынсарин – педагог, ойшыл.....	63
<b>Тілеуғабылова К.С.</b> Шоқан Уәлиханов – көрнекті қазақ ғалым.....	68
<b>Сәрсенбеков Н.Ж.</b> Абай – философ, ағартушы. «Нақыл сөздері».....	75
<b>Тұяқова А.Е.</b> Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Ш. Құдайбердиев – Қазақстанның ХХ ғасырдағы либерал-демократиялық зиялыларының өкілдері.....	80
<b>Тілеуғабылова К.С.</b> Қ. Аманжолов – жаңашыл ақын, қазақ поэзиясында лириканың негізін салушы.....	89
<b>Сүлейменова М.Ж.</b> Қазақстандықтар – Ұлы Отан соғысының қаһармандары (1941-1945 жж.).....	93
<b>Шаймұханова С.Д., Волкова А.В.</b> Қ.И. Сәтпаев, Д.А. Қонаев – Қазақстанның ұлы ғалымдары.....	101
<b>Тұяқова А.Е.</b> Н.Ә. Назарбаев – Тұңғыш Президент және Қазақстан Республикасының негізін қалаушы.....	113

**ҚР ҰҒА академигі А.М. Ғазалиевтің редакциясымен.**

## **ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНДЫҒЫ ҰЛЫ ТҰЛҒАЛАР**

### **3-кітап**

2-ші басылым, өңдел. және толық.

**Құрастырушы авторлар:** Байжабагинова Г.А., Матвеевкова Л.Г., Волкова А.В., Сламбекова А.К., Марченко К.С., Жұмақанова Ұ.С., Нұғман Б.Ғ., Ошанов Н.З., Мақалақов Т.Ж., Даниярова А.Е., Әбдірахманова А.А., Түсіпбеков Ж.А., Сүлейменова М.Ж., Огольцова Е.Г., Тілеуғабылова Қ.С., Сәрсенбеков Н.Ж., Тұяқова А.Е., Шаймұқанова С.Д., Байпелова Г.С., Нұрлигенова З.Н.

31.03.2004 ж. берілген № 50 мемл.баспа лиц.  
Басуға 15.12.2011 ж. қол қойылды. Тапсырыс 1922  
Пішімі 60x84x16. Есептік баспа табағы 6,3. Таралымы 3 дана.  
Бағасы келісімді.  
ҚарМТУ баспасы. 100027. Қарағанды. Бейбітшілік бульвары, 56